



**TURKOLOGY**

**ТҮЙМЕБАЕВ Ж.  
ЕСКЕЕВА М.  
АБДИНАЗИМОВ Ш.**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ  
ҚАРАҚАЛПАҚ  
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ  
ГРАММАТИКАСЫ**

**ТҮРКІТАНУ  
СЕРИЯСЫ**



**TURKOLOGY**

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ  
Мағрипа ЕСКЕЕВА  
Шамшетдин АБДИНАЗИМОВ**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ  
ҚАРАҚАЛПАҚ  
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ  
ГРАММАТИКАСЫ**

**(кестелі-сипаттамалы)**

**ТҮРКІТАНУ  
СЕРИЯСЫ**



**«Қазығұрт» баспасы  
Алматы, 2018**

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2  
Т 88

*Баспаға Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеттің  
Ғылыми кеңесі және Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік  
университеті (Өзбекстан Республикасы)  
Ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған.*

**РЕЦЕНЗЕНТТЕР:**

ф.ғ.д., профессор Боранбаев С.  
ф.ғ.к., доцент Құдайбергенов М.

**Т 88**

**ТҮЙМЕБАЕВ Ж., ЕСКЕЕВА М., АБДИНАЗИМОВ Ш.**

**Қазақ және қарақалпақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: Оқу құралы / Ж. Түймебаев, М. Ескеева, Ш. Абдиназимов – Алматы: Қазығұрт, 2018.–248 бет.**

ISBN 978-9965-22-532-1

Еңбек қыпшақ тобындағы қазақ және қарақалпақ тілдерінің фонетикалық жүйесі, морфологиялық құрылымы мен синтаксистік құрылысын салыстырмалы тұрғыдан сипаттауға бағытталған. Еңбек қазақ филологиясы, түркітану мамандықтарының студенттері мен магистранттарына және түркі тілдерінің құрылымы қызықтырушы көпшілік қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81  
КБЖ 81.2

ISBN 978-9965-22-532-1

© Түймебаев Ж., Ескеева М., Абдиназимов Ш, 2018  
© «Қазығұрт» баспасы, 2018

## КІРІСПЕ

Түркі халықтары өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты бірі дәуірленіп, бірі құлдырап, бірі жаңадан құралып жатқан мемлекеттік деңгейдегі түркі бірлестіктері мен қағанаттары құрамындағы түркі халықтарының тілдері үнемі даму үстінде болды, қазіргі түркі тілдерінің бәрінің де базалық лексикасы мен фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерінің белгілері сол кездерде-ақ негіз-тіл, одан кейінгі макротоптор құрамындағы диалектілер жүйесінде дамыды. Сондықтан тілдік даму мен түркі халықтары өміріндегі тарихи оқиғаларға байланысты дербес тіл ретінде ажыраған тілдердің бәрінде де негіз-тілдің сілемдері мен макротоптардың белгілері сақталады, сонымен қатар жаңа белгілермен толығуы тіл эволюциясындағы универсалды заңдылық.

Қазіргі қыпшақ тобына жататын тілдерде сөйлейтін халықтардың тілі көне қыпшақ тілінің басты ерекшеліктерін сақтап қалғанымен, олардың этникалық құрылымын, этнос ретінде қалыптасу жолын тек көне қыпшақ тайпасымен байланыстыруға болмайтыны белгілі. Қыпшақ бірлестігі құрамындағы бірнеше түркі тайпаларының тілдері өзара тоғысып ескі қыпшақ тілінің ортақ әдеби жазба тілін қалыптастырса, онымен қатар халықтың ауызекі сөйлеу тілі де қолданыста болғанына қыпшақ ескерткіштері тіліндегі диалектілік ерекшеліктер дәлелдейді. Бұл қыпшақ тобындағы тілдердің негізгі белгілері қыпшақ бірлестігіне дейін-ақ қалыптасу мүмкіндігін көрсетеді.

Қыпшақ тобына кіретін тілде сөйлейтін түркі халықтары тіліндегі ортақ белгілердің біразы о бастағы қыпшақтық кезеңге тән болса, енді біразы алтын орда дәуірінде дамып, о бастағы қыпшақтық сипат тереңдей түсті. Алтын Орда дәуірінде монғолдардың түркілену

процесінің қарқындылығы, олардың қыпшақ тайпаларының құрамына біржолата сіңіп кетуімен сипатталатыны белгілі. Бұл құбылыстың басты факторы ретінде қыпшақтардың мәдени-экономикалық деңгейінің жоғарылығын; тілінің белсенді түрде ресми әрі қарым-қатынас тілі ретінде қолданылуын; жартылай отырықшы өмір салтын; дүниетанымының, этностық санасының беріктігін атауға болады.

Қыпшақ тілдерінің үш бұтаққа бөлінуі XI ғасырдың алғашқы жартысына (1010-1055 жж.) сәйкес қарастырылады. Тілдік топтың іштей дифференциациялану үдерісі сол кездегі миграциялық үдерістердің нәтижесі ретінде, оғыздардың ығысуымен, хазарлар территориясын половецтердің қоныс аударуымен сипатталады. Өзіндік ерекшеліктері айқындала бастаған қыпшақ-половец, қыпшақ-бұлғар, қыпшақ-ноғай тілдік топтарының одан әрі ыдырау үдерісі де XIV-XVI ғасырлар аралығындағы тарихи оқиғаларға байланысты жүріп отырды. Қыпшақ-половец тілдік тобының іштей бөлінуі Ақсақ Темір шапқыншылығымен байланысты болса, қыпшақ-бұлғар тобының іштей ыдырауы Алтын Орданың құлдырауымен, қыпшақ-ноғай тобы тілдерінің іштей ыдырау кезеңі Ноғай ордасының құлауымен сәйкес келеді<sup>1</sup>.

**Қазақ тілі.** Қазақ халқының ана тілі, Қазақстан республикасының мемлекеттік тілі. Қазақтардың жалпы саны – он алты миллион шамасында. Қазақстаннан тыс аймақтардағы қазақтардың ең көп шоғырланған жері – Қытай мен Монғолия, басқа алыс және жақын шетелдерде де шағын диаспоралық топтар мен тілдік анклавтар пашырай таралған. Ортаазиялық түркі жазба әдеби тілінің дәстүрін жалғастыра отырып, XVI-XVIII ғасырларда ескі қазақ тілі, XIX ғасырда жалпыхалықтық тіл негізінде қазіргі қазақ жазба әдеби тілі қалыптасты.

XIX ғасырда қазақ тіліне қатысты алғашқы еңбектер – грамматикалар мен сөздіктер, тілаңарлар, хрестоматиялар жарыққа шығып, түркі тіл білімі аясындағы қазақ тіл білімінің іргетасы қалана бастады.

Қазақ тілі араб-парсы ықпалына аз ұшыраған, түркілік табиғатын терең сақтаған тілдердің бірі, сондай-ақ диалектілік ерекшеліктері бәсең – монолитті тіл. Әдеби нормадан көп ерекшеленбейтін төрт ареалдық топ ажыратылады: батыс, оңтүстік, орталық-солтүстік, шығыс. Қазақ тілі – фонетика-фонологиялық жүйесі мен лексика-грамматикалық

---

<sup>1</sup> Мудрик О.А. Классификация тюркских языков и диалектов: (с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике). – Москва: РГГУ, 2009. – С. 30-36.

құрылымында көне белгілерді де, жаңа белгілерді де мольнан сақтаған тіл.

Түркілер тарихындағы үйсін, қаңлы, қыпшақ т.б. мемлекеттік деңгейдегі ұлы тайпалық одақтардың, дулат, арғын, керей, найман, қоңырат, адай т.б тәрізді ірі тарихи тайпалардың атауын өзінің этникалық құрамын сипаттайтын этнонимдер жүйесінде сақтап қалған; мемлекеттік территориясы ежелгі сақтар мен ғұндар, үйсіндер мен қаңлылар мемлекеттері территорияларының негізгі аумағын, көне дәуірдегі Түрк қағанаты мен орта ғасырдағы Дешті қыпшақ мемлекеті аумағының басым бөлігін, бірнеше этникалық топтар мекендеген ұлы тұран даласының негізгі бөлігін, кейінгі түркілердің төл бөсігі саналатын Түркістан аймағын қамтитын қазақ халқының тарихи-лингвистикалық негізі оның тарихи-этникалық негізімен тығыз байланысты<sup>2</sup>. ХХ ғасырдың алғашқы жылдарына дейінгі зерттеулер мен тарихи құжаттарда қазақ халқы қырғыздар, дала қырғыздары, қырғыз-қайсақтар, қырғыз-қазақтар, қайсақтар деп аталып келді.

Түркі тілдері этнонимдер жүйесіндегі *қазақ* лексемасы тарихи жазбалардағы *коссак, касак, касак, косоғ* атауларымен байланыста қарастырылады.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілі о бастан-ақ қыпшақтық белгісі айқын, көне қыпшақ тілі диалектілерінің бірі болып табылады. Жалпытүркілік тектілден бастау алатын қазақ тілінің б.з. V ғасырынан кейінгі дамуы түрк қағанаты → дешті қыпшақ → алтын орда → ноғай ордасы → қазақ хандығы мемлекеттеріне қатысты этно-тарихи және лингвистикалық үдерістерден тұрады. Қазақ хандығының құрылуы халық тілінің жүйеленуіне, даму бағытының бір арнаға түсуіне ықпал етті.

Қарақалпақ тілі - Өзбекстан құрамындағы егеменді Қарақалпақстан Республикасында жасайтын қарақалпақ халқының тілі. Қарақалпақтардың жалпы саны бір миллион адам шамасында. Қарақалпақ халқының негізгі бөлігі Қарақалпақстан Республикасын

---

<sup>2</sup> *Ескеева М.К.* Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. –Астана: Қапана Пресс, 2011. – 420 б.; Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика. Ұжымдық монография (Авторлық ұжым: Сағындықұлы Б., Досжан Р.Ескеева М., Сабыр М., Сүиерқұл Б.). – Алматы: «Алдоңғар» МДК, 2013. ТОМ I. Бірінші кітап. – 236 б. ТОМ I. Екінші кітап. – 348 б.

мекендейді, кейбір бөлігі Өзбекстанның Андижан, Ферғана, Самарқанд, Ташкент, Науаи облыстары аймағында, сондай-ақ, Түркменстан, Қазақстан, Ауғанстанда тұрады. Россия, Украина, Түркия мемлекеттерінде бытыранқы күйде таралған.

Қарақалпақ халқы көп ғасырлық тарихқа және бай мәдени мұраға ие түркі тілдес халықтардың бірі. Біздің заманымызға дейінгі VII-II ғасырларда Арал теңізі төңірегінде жасаған сақ-массагет тайпалары қарақалпақ халқы этногенезінің негізін құрайды<sup>3</sup>. Массагет тайпалары тұрмысында сақталған матриархат дәуірінің көріністері қарақалпақ фольклорының ең ғажап үлгісі «Қырық қыз» жырында көрініс тапқан. Бұл жыр қазіргі қарақалпақ халқын ежелгі массагет тайпаларымен байланыстыратын дерек.

Біздің заманымыздың IV ғасырларында бұл жерлерге Монғолия, Сібір далаларынан ғұн тайпалары көптеп көшіп келеді. Ғұн тайпалары этникалық құрылысы жағынан түркі, монғол және тунгус-маньчжур, қытай тайпаларынан тұрды.

VI ғасырда Батыс түрк қағанатының пайда болуы және Арал төңірегін бұл қағанатқа кіруімен түркі тайпалары көптеп көшіп келе бастайды. Жергілікті тайпалар мен батыс ғұн тобына кіретін түркі тілдес тайпалардың араласуы олардың тілінің түркіленуіне алып келеді. Осы үдеріс нәтижесінде, VII-IX ғасырларда оғыз тайпалары бірлестігі пайда болды. Бұл тайпалық бірлестіктің құрамында қарақалпақ халқы этногенезінің екінші кезеңін құрайтын печенек тайпалары болды. Академик С.Камаловтың қорсетуінше, IX ғасырдың соңында печенектер бірлестігі Әмударияның құяр жері, Арал теңізінің батыс тарапынан Орал, Волга өзендеріне дейінгі аралықты мекендеген. X ғасырдың басында Хазарлармен келісімге келген оғыз тайпалары печенек бірлестігіне үкімдік жасап, оларды үш топқа бөліп жібереді<sup>4</sup>. Печенектердің бір тобы Киев Русы жағына, екінші тобы Византия жағына қосылып, қолғауға мәжбүр болды. Ал печенектердің шығыс тобы Арал теңізінің төңірегін мекендеп қалды. Арал төңірегінде қалған печенектер қарақалпақ халқының этногенезінде негізгі орынды иеледі. Белгілі араб тарихшысы Абул Фазл Бейхакидің «Тарихы Бейхаки»

---

<sup>3</sup> Толстов С.П. По следам древней хорезмской цивилизации. – Москва – Ленинград, 1948. –С. 97.

<sup>4</sup> Камалов С. К вопросу о формировании каракалпакского народа// Вестник КК ОАИ РУз. 1997. 4. -С. 115.

еңбегінде, XI ғасырдың орта тұсындағы Хорезмшахтың әскер басшыларының бірінің аты «Қалпақ» екендігі айтылады<sup>5</sup>.

Тарихшы П.П. Иванов осы мағлұматқа сүйене отырып, бұл жерде «Қалпақ» атауы тек әскер басшыны емес, оның қол астындағы әскерлерді де білдірген деген пікірді айтады. Демек сол кездерден-ақ, бас киіміне қарап қарақалпақтарды «қалпақ» деп атаған. Олар XI ғасырдың бірінші жартысында Ертіс өзені жағалауынан көшіп келген қыпшақ тайпаларымен араласады. 1060-жылы қыпшақтар Еділ өзеніне дейінгі аралықтағы орыс жерлерін толық жаулап алады. Қыпшақ тайпаларының құрамында шығыс печенектер, яғни қарақалпақтардың ата-бабалары болып табылатын тайпалар да келеді. Бұл аймаққа бұрынырақ келген печенектермен бірлесіп, Днепр өзеніне құяр жеріне дейінгі жазықтарда өмір сүреді. Торческ қаласы печенектер бірлестігінің орталығына айналады. 1140-жылы жазылған орыс жылнамаларында кездесетін «черные клобуки» термині «қарақалпақ» этнониміне сәйкес келеді. 1145-жылғы орыс жылнамаларында көрсетілгендей, Киев Русында жасаған печенек, берендей, торк тайпалары бірігіп «черные клобуки» /қара бөріктілер одағын түзгені айтылады.

Белгілі араб тарихшысы Рашид-ад-диннің көрсетуіне қарағанда, 1239-жылы Шыңғыс ханның әскерлері Батидың басшылығымен Киевке (Мануеркенге) шабуыл жасаған кезде, алдымен «қара бөріктілерді» жеңген, одан кейін орыс әскерлерімен соғысып, Киевті алған<sup>6</sup>. Арал төңірегінде жасап қалған печенектердің шығыс бөлігі де 1218-1221 жылдары бұл жерлерді тастап көшуге мәжбүр болды. Бұдан кейінгі қарақалпақ халқының тарихы Алтын Ордамен байланысты. Шыңғыс хан Шығыс Еуропаға дейінгі аралықты басып алғаннан кейін бұл жерлерді балаларының иелігіне бөліп берді. Астанасы Еділ бойына орналасқан Алтын Орда мемлекеті түзіледі, Хорезм ойпаты да оның құрамына кіреді. Бұл жерлер ханның үлкен баласы Жошының, ол қайтыс болғаннан кейін Бати ханның иелігіне тиесілі болды. Бұл мәлімет қарақалпақ халқының ауыз әдебиетіндегі балаларға арналған «Түлкішек» өлеңінде сақталған:

Түнде қайда барасың,  
Бати ханға барамын,

---

<sup>5</sup> *Абду-Фазл Бейлики. История Масуда (1030-1041).* –Ташкент. 1962. – С.59.

<sup>6</sup> *Рашид-ад-дин. Сборник летописей.* –Т.II. –V-M., 1960. –С. 44-45.



Бати ханның несі бар,  
Үшар-үшар құсы бар,

деген жолдар сол тарихи кезеңдерден ақпарат береді.

Осындай тарихи жағдайларға байланысты қарақалпақ халқы да Еділ, Жайық бойына қарай көшуге мәжбүр болады. 1391-жылы Шығыс Еуропа далаларында Еділ, Жайық бойында Едіге басшылығында Ноғай хандығы қалыптасқаны белгілі. XV ғасырдың екінші жартысынан XVI ғасырдың екінші жартысына дейін қарақалпақтар Ноғай хандығының құрамында болады.

Қарақалпақ халқының ауызекі сөйлеу тілі XIV-XV ғасырларда қалыптасты. Қарақалпақтар XVI ғасырдың екінші жартысынан XVIII ғасырдың орталарына дейін Арал теңізінің шығыс жағалауынан Сырдария бойы, Түркстан қаласына дейінгі аймақтарды мекендеді. Қарақалпақтар 1723-жылы жонғарлар шабуылы нәтижесінде бүліншілікке ұшырап, өздерінің бұрынғы атамекені Хорезм ойпатына, Әмударияның құяр жеріне келіп орналасады. XIX ғасырдың басында Хорезм ойпатына келіп толық орналасқан қарақалпақ халқы экономикалық, саяси және мәдени жағынан дамыды.

Қарақалпақ тілі солтүстік және оңтүстік диалектілерінен тұрады, қарақалпақ жазба әдеби тілі солтүстік диалектісінің негізінде қалыптасқан. Қарақалпақ тілінің солтүстік диалектісіне Шымбай, Кегейлі, Тақтакөпір, Мойнақ, Қоңырат, Қанлыкөл, Шоманай, Хожелі, Нөкіс аудандарының территориялары, оңтүстік диалектісіне Төрткүл, Еллікқала, Беруни, Амудария аудандарының территориялары кіреді. Оңтүстік диалектіде сөйлейтін қарақалпақтардың тілінде көршілес орналасқан өзбек, түркмен, қазақ тілдерінің әсері байқалады.

Түркі халықтарының ортақ жазба дәстүрінен бастау алатын қарақалпақ тілінің жазба әдеби тілі XX ғасырдың басында толық қалыптасты.

# **БІРІНШІ БӨЛІМ**

## **ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ФОНЕТИКАСЫ**

## §1 ГРАФИКА ЖӘНЕ ӘЛІПБИ

Графика – графемалар мен тыныс, екпін белгілерін қамтитын жазу құралдарының жиынтығы; дыбыстық жазу бойынша графема мен фонема арасындағы қатынастар жүйесі және оларды зерттейтін тіл білімінің саласы. Әліпби (алфавит) – жазу-сызуда қолданылатын әріптердің белгіленген тәртіп бойынша орналасқан жиынтығы<sup>7</sup>.

Барша түркі жұртшылығына ортақ көне түркі жазба дәстүрінен, манихей, көне ұйғыр, араб, латын, армян т.б. Әліпбилерімен хатқа түскен түркі жазба мұралары тілінен бастау алатын қазақ және қарақалпақ халықтарының жазба тілі де араб, латын, орыс әліпбилерінің негізінде дамып, қалыптасып, өзіндік дәстүрі бар тілге айналып отыр. Қазақ тілінің де, қарақалпақ тілінің де дыбыстық ерекшеліктерін толық қамтитын алфавиттік жүйесі қалыптасты.

Қазақ халқының жазба тілі халықтық дәуірге дейінгі жазбаша әдеби тіл және халықтық дәуірден басталатын жазбаша әдеби тіл деген екі кезеңге бөлініп қарастырылады<sup>8</sup>. Халықтық дәуірге дейінгі жазба тілге VII-XIV ғасырлардағы көне түркі, көне ұйғыр, араб, латын т.б. Жазуларымен жазылған ескерткіштер тілі жағады. Бұл қарақалпақ халқының жазба тіліне де қатысты. Халықтық дәуірден басталатын жазба тілі қазіргі түркі халықтарының дербес этнос ретінде қалыптасуынан бастап (XV ғ.) Кеңес үкіметіне дейінгі, негізінен араб, орыс, латын жазуларымен жазылған мұралардың тілін қамти отырып, қазіргі таңдағы жазба тілге жалғасады. Жазба тіл - жазу негізінде қалыптасқан, өзіндік дәстүрі бар тіл, ауызша сөйлеу тілінің белгілі бір орфографиялық заңдылықтарға бағына отырып, сол тілдің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктерін сақтай отырып жазбаша көрініс табуы, хатталуы. Бұл жазба тілге синхрондық тұрғыдан, ұзақ уақыт даму жолынан өткен жүйелі тіл мен тапбалар жиынтығынан тұратын, жетілген дыбыстық жазу негізінде берілген анықтама.

Түркі халықтарына ислам дінінің таралуына байланысты қазақ және қарақалпақ халықтары ұзақ жылдар араб әліпбиін қолданды.

<sup>7</sup> Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ІДК-ТІРО, 1998. –Б. 49,87.

<sup>8</sup> Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ІДК-ТІРО, 1998. –Б. 129.

Консонантты араб әліпбиін қолданған қазақ халқы 1912 жылы араб графикасы негізінде қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін толық қамтитын қазақ әліпбиін (А.Байтұрсынұлының әліпбиі) қолданысқа енгізеді. 1928 жылы латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшіп, 1940 жылдан бастап кириллица бойынша жасалған әліпби қолданылады. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекше дыбыстарды таңбалайтын әріптер: *ә, ө, ұ, ү, ь, ң, қ, һ*.

1924-жылы Қарақалпақ автономиялық облысы түзілгеннен кейін реформаланған араб алфавиті негізінде қарақалпақ жазуы қолданысқа енгізілді. Реформаланған араб алфавитінде 29 әріп болды. 1928-жылдың соңында латын графикасы негізіндегі жаңа қарақалпақ әліпбиі бекітілді. Бұл алфавитпен 1928 жылы Төрткүлде, авторлық ұжымның «Қарақалпақ әлипбесі», «Хат таңы» /Т.1929/ оқулықтары басылып шықты.

1936-жылдан бастап бұрынғы Кеңес Одағы республикаларында кирилл графикасына негізделген жазуға өту процесіне сәйкес 1940 жылы 18 шілде күні Қарақалпақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің қарарымен кирилл графикасына негізделген жазуға өту үшін екі жыл мерзім белгіленді. 1957 жылы 28 ақпан күні әліпби және жазу қағидаларының құрамына кейбір өзгерістер кіргізу бойынша Қарақалпақстан АССР Жоғары Кеңесі Президиумының қаулысы қабылданды. Бұл алфавит 41 әріптен тұрады, 9 әріп дауысты дыбыстарды, 26 әріп дауыссыз дыбыстарды, 6 әріп (*ю, я, ё, э, ъ, в*) косарлы дыбыстарды таңбалайды. Кириллицаға негізделген қарақалпақ әліпбиінде орыс алфавитіндегі барлық әріп пайдаланылады, сондай-ақ қарақалпақ тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекше фонемаларды таңбалайтын 8 әріп бар: *ә, ө, ұ, ү, ь, ң, қ, һ*.

1994 жылы 26 ақпанда латын графикасына негізделген жаңа қарақалпақ әліпбиі қабылданды. Латын графикасына негізделген қарақалпақ әліпбиінде 34 әріп бар. Қазіргі уақытта кирилл және латын жазуы қатар қолданылуда.

*Кесте 1*

**Қазақ және қарақалпақ тілдерінің әліпби жүйесі**

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛДЕРІНІҢ АЛФАВИТІ					
ҚАЗАҚ ХӘМ ҚАРАҚАЛПАҚ ТИЛЛЕРІНІҢ АЛФАВИТИ					
Қазақ тілі			Қарақалпақ тілі		
№	Әріп	Транскрип	№	Кирилл	Латын

		ция		элипбеси	элипбеси
1	Аа	Аа	1	А а	А а
2	Әә	Ää	2	Ә ә	Á á
3	Бб	Bb	3	Б б	B b
4	Вв	Vv	4	В в	V v
5	Гг	Gg	5	Г г	G g
6	Ғғ		6	Ғ ғ	Ġ ġ
7	Дд	Dd	7	Д д	D d
-	-	-	-	-	-
8	Ее	Ee	8	Е е	E e
9	Ёё	Jo	9	Ё ё	-
10	Жж	Žž	10	Ж ж	J j
11	Зз	Zz	11	З з	Z z
12	Ии	Ij	12	И и	Í i
13	Йй	J	13	Й й	Y y
14	Кк	Kk	14	К к	K k
15	Ққ	Qq	15	Қ қ	Q q
16	Лл	Ll	16	Л л	L l
17	Мм	Mm	17	М м	M m
18	Нн	Nn	18	Н н	N n
19	Ңң	Ŋ	19	Ң ң	Ŋ ŋ
20	Оо	Oo	20	О о	O o
21	Өө	Öö	21	Ө ө	Ó ó
22	Пп	Pp	22	П п	P p
23	Рр	Rr	23	Р р	R r
24	Сс	Ss	24	С с	S s
25	Тт	Tt	25	Т т	T t
26	Уу	Ww/uw	26	У у	W w
27	Үү	Uu	27	У у	U u
28	Үү	Ü ü	28	У у	Ú ú
29	Фф	Ff	29	Ф ф	F f
30	Хх	Xx	30	Х х	X x
31	Һ	h	31	Х х	H h
32	Цц	Ts	32	Ц ц	C c
33	Чч	Čč	33	Ч ч	Ch ch
34	Шш	Šš	34	Ш ш	Sh sh
35	Щщ	Šš	35	Щ щ	-

36	ь	`	36	ь	-
37	Ыы	ÿÿ	37	Ы ы	І і
38	Іі	Іі		-	-
39	ь	`	38	ь	-
40	Ээ	`e	39	Э э	-
41	Юю	Juw	40	Ю ю	-
42	Яя	Ja	41	Я я	-

*Кесте 2*

**Латын әліпбиіне негізделген жаңа қарақалпақ алфавиті**

Q/t	Baspa	Aytılıwı	Kirill	Q/t	Baspa	Aytılıwı	Kirill
1	A a	A	a	18	N n	ne	н
2	Á á	Á	ә	19	Ñ ñ	ñe	ң
3	B b	Be	б	20	O o	O	о
4	D d	De	д	21	Ó ó	Ó	ө
5	E e	E	e,э	22	P p	pe	п
6	F f	Fe	ф	23	R r	re	р
7	G g	Ge	г	24	S s	se	с
8	Ġ ġ	Ġa	ғ	25	T t	te	т
9	H h	He	х	26	U u	U	у
10	X x	Xa	х	27	Ú ú	Ú	ү
11	Í í	Í	ы	28	V v	ve	в
12	I i	I	и	29	W w	we	ў
13	J j	Je	ж	30	Y y	ye	й
14	K k	ke	к	31	Z z	ze	з
15	Q q	qa	к	32	Sh sh	she	ш, щ
16	L l	la	л	33	C c	ce	ц
17	M m	me	м	34	Ch ch	che	ч

Қазак әліпбиіндегі жіңішкелік белгісі мен айырым белгісі қарақалпақ тілінің кириллицаға негізделген бұрынғы алфавитінде қолданылады. Екі тілде де ь, ы таңбалары орыс немесе басқа бағыс тілдерінен енген сөздерді жазуда ғана қолданылады, қазак және

қарақалпақ тілдерінің төл сөздерін жазуда пайдаланылмайды. Қарақалпақ тілінде ь (жиңишкертиу белгиси) мен ъ (айырыу белгиси) таңбалары киби деп аталады. Қарақалпақ тілінің латинацаға негізделген жана әліпби жүйесінде киби таңбалары колданылмайды.

### Кесте 3

Қазақ және қарақалпақ кирилл әліпбиіндегі ь, ъ таңбалары

Дыбыс білдірмейді - Сес аңлатпайды					
Қазақ тілінде			Қарақалпақ тілінде		
Қызметі	Таңба	Мысал	Қызметі	Таңба	Мысал
Жіңішкелік белгісі	ь	модель циркуль	Жиңишкертиу белгиси	ь	модель, циркуль
Қатаңдық (айырым) белгісі	ъ	сьезд разъезд	Айырыу белгиси	ъ	сьезд, разъезд

## §2 ФОНЕТИКА-ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ

Фонетика – тілдің дыбыстық құрылымын, дыбыстардың артикуляциялық, акустикалық және перцептикалық белгілерін зерттейтін тіл білімінің саласы. Фонеманың мазмұндық негізі мен функционалдық қырлары жайлы көзқарастар фонологияның немесе фонема теориясының қалыптасуына негіз болды. Фонология – фонемалардың сөз құрамындағы қызметін, сөздердің бір-бірінен өзгешелігін қамтамасыз ету қабілетін зерттейтін тіл білімінің саласы.

Түркі тілдері семьясының фонетикалық жүйесіне тән ортақ белгілер негізгі екі бұтақтың сипатына қарай, олардан тарайтын әрбір үлкен топтардың ерекшеліктеріне, олардың құрамындағы кіші топтардың ерекшеліктеріне, одан әрі әрбір жекелеген тілдің төл табиғатына байланысты қалыптасқан өзіндік ерекшеліктеріне сай ажыратылады.

Түркі тілдері фонетикалық жүйесінің ортақ белгілеріне негізделген жалпы сипаттамасы салыстырмалы-тарихи фонетикалық зерттеулер арқылы іске асырылады. Түркі тілдерінің батыс қыпшақ тобындағы қазақ, қарақалпақ тілдерінің фонетикалық жүйесі жалпытүркілік,

жалпықыпшақтық ортақ белгілерді сақтай отырып, өздеріне тән ерекшеліктерімен ажыратылады.

Қазіргі қазақ тілінде 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс бар. Қазақ тіліндегі *в, ф, ч, ц, щ, э* фонемалары қазақ тілінің төл дыбыстары емес. Қазақ тіліне тән сөздер құрамындағы дауыссыз *х, һ* дыбыстары *қ* фонемасының дауысты аралық жуысынқы варианты ретінде қарастырылады. *У (үу), и (ии)* дифтонг дыбыстар болғандықтан қазақ тіліндегі дауыстылар жүйесіне енбейді.

Қазіргі қарақалпақ тілінде 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс бар. Қарақалпақ тілінде де *в, ф, ч, ц, щ, э* фонемалары қарақалпақ тіліне тән дыбыстар емес. Жана қарақалпақ әліпбиінде орыс тілі арқылы енген дауысты *э*, косарлы дауысты *ю, я, ё* дыбыстары жеке әріптермен таңбаланбайды.

Кесте 4

**Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі дыбыстар**  
Қазақ хәм қарақалпақ тиллериндеги сеслер

<b>ДЫБЫСТАР – СЕСЛЕР</b>					
<b>Қазақ тілінде</b>			<b>Қарақалпақ тилинде</b>		
<i>Дауысты дыбыстар – Дауыссыз сеслер</i>					
<i>№</i>	<i>Дыбыстар</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>№</i>	<i>Сеслер</i>	<i>Мысаллар</i>
1	а	ана	1	а	ага, ағаһ
2	ә	әже	2	á	áje
3	ы	ыс	3	ı	ıs
4	і	іні	-	-	-
-	и	(i)ит	4	i	ini
5	е	етік	5	e	etik
-	э	электр		-	elektr
6	ү	үл	6	u	ul
-	у	с(ү)у		-	-
7	ү	үлкен	7	ú	úlken
8	о	ол	8	o	ol
9	ө	өзен	9	ó	kól
<i>Дауыссыз дыбыстар – Дауыссыз сеслер</i>					
<i>№</i>	<i>Дыбыстар</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>№</i>	<i>Сеслер</i>	<i>Мысаллар</i>
1	б	бала	1	b	bala
-	в	вагон		-	-



2	г	гүл	2	g	gúl
3	ғ	ғалым	3	ǵ	ǵalım
4	д	дала	4	d	dala
5	ж	жарык журнал	5	j	Jariq jurnal
6	з	заман	6	z	zaman
7	й	қой қайрақ	7	y	qoy qayraq
8	к	кеме	8	k	keme
9	қ	қала	9	q	qala
10	л	лайық	10	l	lala
11	м	мүйіз	11	m	múyiz
12	н	намыс	12	n	namis
13	ң	мүн (уайым)	13	ń	muń (uwayim)
14	п	перде	14	p	perde
15	р	боран	15	r	boran
16	с	сыр сырға	16	s	siyr sirǵa
17	т	топырақ	17	t	topıraq
18	у(w)	тауық уық	18	w	tawıq uwıq
19	ш	шаттық	19	sh	shadlıq
-	ф	фабрика	-	f	fabrıka
-	х	хабар	-	x	xabar
-	h	гауһар жиһан/жаһан	-	h	gáwhar jáhán
-	ч	чекист	-	ch	chekist
-	ц	цирк	-	c	cirk
-	щ	щетка	-	-	-
Барлығы: 26			Барлығы: 26		

### §3 ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ

Қазіргі түркі тілдеріндегі вокализмдер жүйесінде сегіз немесе тоғыз дауысты дыбыс тембрі ажыратылады, олар артикуляциялық белгілері бойынша анықталады; бірінші және екінші дәрежелі созылыңқы

дауыстылар қолданылады; дауыстылар ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріңдік-езулік фонемаларға жұптасып жіктеледі; кей тілдерде ерін дауыстылары (о,ö,и,й) қосымша морфемалар құрамында мүлдем қолданылмайды.

Қыпшақ тобындағы қазақ және қарақалпақ тілдеріне тоғыз дауысты дыбыс тән, созылынқы дауыстылар қолданылмайды. Қазақ және қарақалпақ тілдерінде грамматикалық категориялардың қосымшалары құрамында ерін дауыстылары қолданылмайды. Сондықтан бірінші буын вокализмі мен екінші, үшінші т.б. буын вокализмдері сандық жағынан бірдей емес, әртүрлі болып келеді.

Кесте 5

**Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі дауысты дыбыстар**  
Қазақ хәм Қарақалпақ тиллериндеги дауыслы сеслер

ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР - ДАҰЫСЛЫ СЕСЛЕР							
Қазақ тілі				Қарақалпақ тили			
№	Дыбыс	Сипаттама	Мысал	№	Сес	Сипаттама	Мысал
1	а	ашық, жуан, езулік, тіл арты, артқы қатар	ата ағаш тау бала	1	а	ашық, жууан, езулик, тил арты, артқы қатар	ата ағаш тау бала
2	ә	ашық, жіңішке, езулік, тіл ортасы, алдыңғы қатар	әке әлем әйнек әлсіз әдем тәте	2	ә	ашық, жиңішке, езулик, тил ортасы, алдыңғы қатар	әке әлем әйнек хәлсіз қәлем 'қалам'
3	е	ашық езулік, жіңішке, тіл ортасы, алдыңғы қатар	екі ене есік етік ертегі/ ертек мектеп	3	е	қысық, езулик, тил алды, алдыңғы қатар	еки ене есик етик ертек мектеп

	и	дифтонг (іі/ый)	ине (ііне) илеу(іі леу) игі (іігі) ирек (іірек)	4	и (каз ак тілі нде п і дыб ыс ына жак ын)	қысық, жиңішке, езіулік, тіл ортасы, алдыңғы қатар	ини `іні` ишек`іше к` киси`кісі` өсімлик `өсімдік`
4	о	ашық, жуан, ерін, тіл арты, артқы қатар	он орак оқушы топан қонақ	5	о	орта көтеринки, жууан, еринлик, тіл арты, артқы қатар	он орак оқыушы топан қонақ
5	ө	ашық, жиңішке, ерін, тіл ортасы, алдыңғы қатар	өсімдік көйлек өгіз өкпе көмір	6	ө	орта көтеринки, жиңішке, еринлик, тіл ортасы, алдыңғы қатар	өсімлик көйлек өгіз өкпе көмір
	у*	дифтонг (үу/үү)	су (сүу) ту(түу)	-			-
6	ұ	қысаң, жуан, ерін, тіл арты, артқы қатар	ұя ұйым ұйқы тұқым	7	у	қысық, жууан еринлик, тіл арты, артқы қатар	уя уйым уйқы тұқым
7	ү	қысаң,	үй	8		қысық,	үй

\* дауысты у қазақ тілінің төл дыбыстарына жатпайды, кірме сөздерде ғана қолданылады.

		жіңішке, ерін, тіл ортасы алдыңғы қатар	үйрек үлкен күміс күбі сүйел		ү	жиңішке, ерінлік, тил ортасы, алдыңғы қатар	үйрек үлкен гүміс гүбі шүйел
8	ы	қысаң, жуан, езу, тіл арты, артқы қатар	ым ыргак ыдыс ыстық қымыз (ы)лак	9	ы	қысық, жууан, езиулік, тил ортасы, алдыңғы қатар	ым ыргак ыдыс ыстық қымыз ылак
9	і	қысаң, жіңіш ке, езу, тіл ортасы, алдыңғы қатар	іні ішек кісі өсімдік		-	-	-
	э*	ашық, тіл ортасы, алдыңғы қатар	электр экспор т эпилог		э*	ашық, тил ортасы, алдыңғы қатар	электр экспорт эпилог

Қарақалпақ тілінде -ый/-ий, -уу/-үү, ыу/-іу жалған дифтонгтарының әр қайсысы екі фонеманың тізбегі саналады және олар екі таңбамен жазылады: *сыи, қый, киіим, суу, қуурақ, сүйре*. Қазақ тілінің орфографиялық емлесі бойынша -ый/-ий, -уу/-үү дифтонгтары бір таңбамен жазылады: *киім, су, қурай* т.б.

### Кесте 6

#### Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелуі

Қазақ тілінде			Қарақалпақ тилинде		
<i>Дауыстылар</i>	<i>Дыбыстар</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Дауыссыздар</i>	<i>Сеслер</i>	<i>Мысаллар</i>

\* э дыбысы қазақ және қарақалпақ тілдерінің төл дыбыстары қатарына енбейді, халықаралық терминдер мен орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады. Латын жазуындағы қарақалпақ әліпбиінде «е» әрпімен таңбалаыады: *ekran, elektr, ekonomika*.

тобы			тобы		
<b>I Жақтың қатысына қарай</b>					
Ашық	а, ә, о, ө, е	ата әке ошақ өзен ешкі	Ашық	а, ә, о, ө, е	ата әке ошақ көл ешки
Қысаң	ы, і, ұ, ү	ыдыс іні ұлы ұйым үлкен үлес үлгілі	Қысық	ы, и, у, ү	ыдыс ини улы ұйым үлкен үлес үлгілі
<b>II Ерін мен езудің қатысына қарай</b>					
Еріндік	о, ө, ұ, ү	орақ өткір ұста үлес	Ерінлік	о, ә, у, ү	орақ өткір уста үлес
Езулік	а, ә, е, ы, і	аға әлем еркін ыдыс іні	Езиулік	ө, ә, е, ы, и	аға әлем еркін ыдыс ини
<b>III Жасалу орнына немесе тілдің қатысына қарай</b>					
Тіл ортасы/ алдыңғы қатар	ә, і, ү, ө, е	әке ілгек іні үй өмір егін ерте	Тіл алды	е	егін ерте
			Тіл ортасы, алдыңғы қатар	ә, и, ү, ө	әке илгек ини үй өмір
Тіл арты/ артқы қатар	а, ы, ұ, о	ақыл ыдыс ұстаз орамал	Тіл арты, артқы қатар	а, ы, у, о	ақыл ыдыс устаз орамал
<b>IV Айтылуына/естілуіне байланысты</b>					
Жуан	а, о, ұ, ы	асхана	Жуған	а, о, у,	асхана

		отын ұлтарак ықлым		ы	отын ултарак ықлым
Жіңішке	ә, ө, ү, і, е	әйнек өнер үй ілгек егін	Жиңішке	ә, о, ү, и, е	әйнек өнер үй илгек егін

#### §4 ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР ЖҮЙЕСІ

Түркі тілдері консонанттар жүйесінде негізінен жиырма немесе жиырма екі дауыссыздар ажыратылады, олар жасалу орнына және (еріндік, тіл алды, тіл ортасы, тіл арты, увуляр, көмей), жасалу жолына қарай (қатаң, ұяң) жіктеледі<sup>9</sup>.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілінде 19 дауыссыз дыбыс бар, қ фонемасының дауысты аралық жуысыңқы варианты ретінде қарастырылатындықтан х, һ дыбыстары, орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерде қолданылатын в, ф, ч, ш, ц фонемалары төл дыбыстар қатарына жатқызылмайды.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қарақалпақ тілінің консонанттар жүйесі 25 дауыссыз фонеманы қамтиды. Қарақалпақ тіліндегі дауыссыздар жүйесінде кірме сөздер құрамында қолданылатын дауыссыздар да енеді, түркі тілдерінің табиғатына тән дыбыс жүйесіндегі дауыссыздар саны 19-ға дейін қысқарады. Қазақ тілінің де, қарақалпақ тілінің де төл лексемаларының абсолют басында дауыссыз дыбыстар тіркесі қолданылмайды, яғни екі консонант дыбыс қатар келмейді.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар акустикалық және перцептикалық белгілеріне қарай үш топқа – қатаң, ұяң, үнді болып бөлінеді. Қарақалпақ тіліндегі дауыссыз фонемалар екі топқа – үнсіз (қатаң) және үнші (үнді, ұяң) дауыссыздарға жіктеледі, сонор дыбыстар үнші дыбыстар тобының ішінде ажыратылады.

<sup>9</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С.403, 421, 439; Толянов М. Тіл тарихы туралы зергілеулер. – Алматы: Ғылым, 2002.– Б.315.

Қазақ - қарақалпақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар  
Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі дауыссыз сеслер

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР - ДАУЫССЫЗ СЕСЛЕР							
Қазақ тілі				Қарақалпақ тили			
№	Дыбыс	Сипаттама	Мысалдар		Сес	Сыпатлама	Мысаллар
1	б	тоғысыңқы, ұяң, еріндік (қос ерін)	бала баба бағана бауыр бажа білек	1	б	жабысыңқы, шауқымлы, қос ерінлик, ауызлык	бала баба бағана бауыр бажа білек
	в*	жуысыңқы, ұяң, еріндік (ерін-тіс)	вагон вахта вокзал викторина	2	в	жууысыңқы, шауқымлы, ерінлик-тилик, ауызлык	вагон вахта вокзал викторина
2	г	тоғысыңқы, ұяң, таңдай ортасы	гүл бүгін үлгілі үлгерім үзеңгі	3	г	жууысыңқы, шауқымлы, тил арты, ауызлык	гүл бүгін үлгили гилем 'кілем' гүриш 'күриш'
3	ғ	жуысыңқы, ұяң, таңдай арты	ғалым ғарыш ғажайып тоғай ағаш	4	ғ	жууысыңқы, шауқымлы, кишкене тилик, ауызлык	ғаз 'каз' ғарбыз 'кар быз' ғайрағ 'кай рат' тоғай ағаш
4	д	тоғысыңқы, ұяң, тіл	дала дауыл	5	д	жабысыңқы, шауқымлы,	дала дауыл

\* в дыбысы қазақ, қарақалпақ тілдерінің төл дыбыстары қатарына енбейді, халықаралық терминдер мен орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады.

		алды (тіл ұшы)	данқты			тил алды, ауызлық	данқлы
5	ж	жуысыңқы, ұяң, тіл алды (таңдай алды)	жасыл жастық жайлау жүген әже ожау әжім	7	ж	жууысынқы, шауқымлы, тил алды, ауызлық	жасыл жаслық жайлау жүуен әже ожау әжім
6	з	жуысыңқы, ұяң, тіл алды (тіл ұшы)	заман азық аз зор атыз зергер	8	з	жууысынқы, жауқымлы, тил алды, ауызлық	заман азық аз зор атыз зергер
7	й	жуысыңқы, үнді, тіл ортасы (тілшік)	йық тайғак ай той қайрақ қаймақ байрақ тай	9	й	жууысынқы, сонор, тил ортасы, ауызлық	йош тайғак ай той қайрақ қаймақ байрақ тай
8	к	тоғысынқы, қатаң, таңдай арты, тілшік (тіл ортасы)	кеме көшпелі күшті жүк екі ерік	10	к	жабысынқы, шауқымлы, үнсіз, тил арты,	кеме көшпели күшли жүк еки ерик
9	к	тоғысынқы, қатаң, таңдай ортасы, тілшік (тіл ортасы)	кабық қала қазық қаймақ қайрақ қалың қатты тақта	11	қ	жабысынқы үнсіз, кишкене тиллік, шауқымлы	кабық қала қазық қаймақ қайрақ қалың қатты тақта



			ақ				ақ
10	л	жанама жуысыңк ы, үнді, тіл ұшы	(ы)лак дала ауыл балдак гүл тіл	1 2	л	жууысынқы, тил алды, ауызлык, сонор	ылак дала ауыл балдак гүл тил
11	м	тоғысынк ы, мұрын жолды, үнді, еріндік (кос ерін)	май мұрын мектеп кеме темір	1 2	м	жабысынқы мурынлык, сонор, кос еринлик	май мурын мектеп кеме кәлем темир
12	н	тоғысынк ы, мұрын жолды, үнді, тіл ұшы	негіз нан тана нашар таныс құлан	1 3	н	жабысынқы мурынлык, сонор, тил алды	нағыс нан тана нашар таныс құлан
13	ң	тоғысынк ы, үнді, мұрын жолды, тілшік, таңдай арты,	аң таң теңге денгене доңыз кеңсе	1 4	ң	жабысынқы, мурынлык, сонор, кишкене тилик	аң таң теңге денгене доңыз кеңсе
14	п	тоғысынк ы, катан, еріндік (кос ерін)	перде шапан балапан кітап пышак	1 5	п	жабысынқы, үнсиз, кос еринлик, шауқымлы	перде шапан палапан кітап пахта 'мақта'
15	р	діріл жуысынқ ы, үнді, тіл алды, таңд ай алды	рет рең рахмет арба тары күрык	1 6	р	жууысынқы, дирилдсунк, тил алды, ауызлык, сонор	рет рең рахмет арба тары күрык

		(тіл ұшы					
16	с	жуысыңкы, қатаң, тіл алды (тіл ұшы)	сабыр сары самал қасық қарыс тас қарындас	1 7	с	жууысыңқы, үнсиз, тил алды, шауқымлы	сабыр сары самал қасық қарыс тас қарындас
17	т	тоғысыңкы, қатаң, тіл алды (тіл ұшы)	тау тас атыз атау ант қант	1 9	т	жабысыңқы, үнсиз, тил алды, шауқымлы	тау тас атыз атау ант қант
18	у	жұмысыңкы, бүйіржолды, үнді, еріндік (қос ерін)	ауа тау су (сұу) оқтау атырау	2 0	ұ	жууысыңқы, орта қос ерінлік, ауызлық, соңор	хауа уатан уақыт гау суу оңлау
-	ф	жуысыңкы, қатаң, еріндік (ерін-тіс)	фермер фабрика шкаф кофе	2 1	ф	жууысыңқы үнсиз, ерінлік- тіслик, жазық саңлақлы, шауқымлы	фермер фабрика шкаф кофе
-	х	жуысыңкы, қатаң, таңдай арғы	халық хат хан хабар асхана	2 2	х	жууысыңқы, үнсиз, қишкене тиллик шауқымлы	халық хожалық 'қожалық' дәнхана асхана
-	Һ	жуысыңкы, қатаң/үян, жүтқынши ак	гауһар жауһар жиһаз жаһан қаһарма н	2 3	х	жууысыңқы, үнсиз, көмекей, шауқымлы жазық саңлақлы	хауа хадал хауан

			қаһарлы һәм				
-	ң	жабысын қы, қатаң, тіл алды (тіл ұшы)	цемент цех цирк концерт доцент	2 4	ң	жабысынқы, бирикпеси, үнсиз, тил алды, шауқымалы	цемент цех цирк концерт доцент
-	ч	жабысын қы, қатаң, тіл алды (тіл ұшы)	чемпион чех почта очерк	2 5	ч	жабысынқы, үнсиз, тил алды, шауқымалы	чемпион чех почта очерк
19	ш	жуысынқ ы, қатаң, таңдай алды, тіл ұшы	шаш шөп шана қошқар құлаш тыныш	2 6	ш	жууысынқы, үнсиз, тил алды, шауқымалы	шаш шөп шана қошқар құлаш тыныш
-	щ	жуысынқ ы, қатаң, таңдай алды, тіл ұшы	щётка ащы (анщы)	-	щ	-	щётка ящик

Кесте 8

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың  
жіктелуі

Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
<b>I Қатаң – Үнсиз</b>			
Дауыссыздар	Мысалдар	Дауыссыздар	Мысаллар
п, к, қ, т, с, ш, х	пышак, пішен, пәрмен, киік, күлкі, кесте, кілем, каймақ, қайрақ, қайрат, қас,	п, к, қ, т, с, ш, ф, ц, ч, х, х	перде, пәрман, кийик, күлки, қатық, каймақ, қуты, сүт, сүүрет,

	темір, тас, түйме, тай, сүт, сурет, сабақ, шана, шаңғы, шанышқы, хабар, хат		сабақ, тас, тай, шертек, шана, шанышқы, хабар, хызмет, хадал, хайуан
<b>II Үяң – Үнли</b>			
<i>Дауыссыздар</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Үнли дауыссызлар</i>	<i>Мысаллар</i>
б, г, ғ, д, з, ж, һ	бас, бесік, боран, гүл, үлгі, көген, гарыш, ағаш, таға, дала, дауыл, дабыл, заң, зепбірек, зер жаз, жайлау, жақсы, гауһар, жиһаз.	б, г, ғ, д, з, ж, в	байрам, бала, гүл, үлгі, газ, ғарбыз, ағаш, дуз, дос, қағаз, жүзим, заман, жаз, жайлау, жамғыр
		<i>Сонор дауыссызлар</i>	<i>Мысаллар</i>
		м, н, ң, ұ, й, л, р	мал, илим, мала, нақыл, мәкан, күн, мың, аң, таң, теңіз, ұаде, саұла, жаулық, ай, май, бийе, түйе, қала, гәлле, арпа, томар, тар
<b>III Үнді – Сонор</b>			
<i>Дауыссыздар</i>	<i>Мысалдар</i>	-	-
р, л, м, н, ң, й, у=[ỵ //w]	раушан, риза, рәсім, лақ, лауазым, лай, мүз, мұң, мың, мен, намыс, нар, нағашы, таң, шаң, теңіз, сеңтой, тай, қой, бой, тау, сау, жау, бау.	-	-

## §5 ДЫБЫС СӘЙКЕСТІКТЕРІ

Тіл дамуын, әрбір тілдің өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуын қамтамасыз ететін басты механизмдердің бірі – дыбыс өзгерістері өте баяу әрі үзіліссіз жүріп отыратын, әр тілде түрліше жүзеге асатын үдеріс. Тілдегі дыбыстық өзгерістердің негізгі факторларының бірі барлық тілдерге тән универсалды құбылыс фонологизация процесі. Фонемалардың дифференциялануы негізінде, олардың аллофондары, тілдің дамуына сәйкес мағына айқындау қасиетіне ие болады. Әр тілдің дара болмысымен қалыптасуына, ішкі жүйеліліктің ретке келуіне интралингвистикалық, экстралингвистикалық ықпалдар қатар қызмет атқарады және бұл ықпалдардың әсері тілдік бірліктердің барлық деңгейінде көрініс беруі мүмкін, фонетика-фонологиялық деңгейдегі өзгерістер өзінен кейінгі морфемалық, лексемалық деңгейлердегі өзгерістердің негізін қалайтын басты тетік болып табылады.

Түркі тілдерінде сингармониялық заңдылықтың, ассимиляциялық, диссимиляциялық ықпалдардың әсірінсіз-ақ қалыптасқан альтернативалық құбылыстар кездеседі. Түркілік тектілдің (протоязык), бабатиілдің (праязык) даму бағытына, жалпытүркілік негіз тілдің тілдік топтарға, жекелеген тілдерге ыдырау үдерісіне сәйкес орныққан мұндай тарихи дыбыс өзгерістері дербес түркі тілдерін бір-біріне ажырататын негізгі критерийлер қатарынан орын ала отырып, белгілі бір дәрежеде гомогенді сөздердің семантикалық дифференциациясымен, яғни сөзжасамдық құбылыстармен ұласып жатады. Дыбыс сәйкестіктері түркі тілдері арасында да, бір тіл ішінде де кездеседі, олардың бір бөлігі мағыналары бірдей фонетикалық варианттар қалыптастырса, енді бір бөлігі түбірлес сөздердің семантикалық деривациясы қатарындағы ортақ семаға негізделген әртүрлі ұғымдарды білдіретін параллельдерді құрайды. Сондықтан дыбыс сәйкестіктерін таза фонетикалық немесе таза морфологиялық құбылыс ретінде қарастыруға келмейді. Мұндай құбылыстарды фонетика және морфологияның ара-жігіндегі сабақтастыққа негізделген, морфемалар табиғатын фонологиялық ерекшеліктер арқылы зерттеуге бағытталған фонеморфология немесе морфофонология (морфофонология, морфофонемика) ілімі негізінде қарастыру қалыптасты. Тарихи дыбыс сәйкестіктері сөздің барлық шенінде – аңлаут, иңлаут, ауслаут позицияда кездесе береді.

Қыпшақ тобындағы қазақ және қарақалпақ тілдері арасында да бірнеше дыбыс сәйкестіктері кездеседі. Әрбір тілге тән фонетикалық ерекшеліктер кейбір кірме сөздердің тұлғасынан да көрініс береді. Кірме сөздерді қазақ және қарақалпақ тілдерінің әртүрлі тұлғада қабылдауы

әрбір тілдің өзіндік даму бағытын сипаттайды. Сондықтан қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерін көрсетуде таза түркілік лексикамен қатар араб-парсы элементтері де қамтылды.

Кесте 9

Сөздің бірінші буынындағы дауыстылар сәйкестігі

Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	Қарақалпақ тілінде	Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	Қарақалпақ тілінде
а~ә	арман ғауһар ғажайып дастан жамағат жанжал жарияла у жаһан қазір қалам қарекет қасиет қасирет қауіп қаһар маусым насихат табиғат тағдыр таразы хакім хауыз шарт	әрман гәуһар әжайып дәстан жәмәәт жәнжел жәриялау жәхән хәзир кәлем хәрекет қәсийет хәсирет кәуіп кәхәр мәүсим нәсият тәбият тағдир тәрези хәким хәуиз шәрт	е~и	бейәдеп беймезгил емтихан есім мейман мейірбан	бийәдеп биймезгил имтихан исим мийман мийирман
е~ә	едәуір кемел керуен мекен	әдеуір камал кәруан мәкан	ә~а	бәйтерек мәлімет мәнгі нәпақа	байтерек мағлыұмат манты напақа

	мекпен мемлекет	мәкиіен мәмлекет		сәлемет	саламат
<b>и~ы</b>	зиян қиянат қияр	зиян қыянет қыяр	<b>ы~и</b>	ғылым/лі м ынсап ықтимал ынта	илим инсап итимал инта
<b>а~у</b>	жауап махаббат	жууап мухаббат	<b>о~у</b>	осы осылай	усы усылай
<b>а~ы</b>	саясат	сыясат	<b>ө~е</b>	өрік	ерик
<b>і~е</b>	кірпіш	гербіш	<b>ә~е</b>	бәден	беден

Кесте 10

Сөздің екінші буынындағы дауыстылар сәйкестігі

Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	Қарақал- пақтілін де	Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	Қарақал- пақтілін де
<b>ы~и</b>	анжыр маусым тағдыр хауыз	әнжир мәусим тағдир хәуиз	<b>и~ы</b>	ақиқат бақтияр құпия тақия яғни	хақыйқат бахтыяр құпия тақия яғний
<b>а~е</b>	жанжал күжат мақсат капас қалам таразы	жәнжел хүжжет мақсет кәпес кәлем тәрези	<b>е~а</b>	дәремет дәурен есеп кемел керуен қошемет пәрмен сәлемет	дәрамат дәуран есап камал кәруан хошамет пәрман саламат
<b>а~ө</b>	жаһан	жәхән	<b>і~ы</b>	жүгіру	жууырыу

	қаһар	кәхәр		мәлімет мәңгі	мағлым ат манты
а~у	дастарқан	дастурхан	е~и	бәйге	бәйгі
е~ө	әткеншек	әткөншек			

Кесте 11

Сөздің бірінші буынындағы дауыссыздар сәйкестігі

Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	Қарақал- пақтілін де	Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	Қарақал- пақ тілінде
б~п	балапан бал бәкене бұқара бұтақ бүкіл бүтін бытыран қы бітім	палапан пал пәкене пуқара путак пүткил пүтін пытыран қы питім	к~г	кебіс- (мәсі) кездесу кезек кейбіреу куә күз күзету күлше күнә күнжіт күрес кілем кірпіш кіріптар	геуиш- (мәси) гезлесіу гезек гейбіреу гүуә гүз гүзетиу гүлше гүнә гүнжи гүрес пілем гербиш гириптар
қ~х	қазір қарекет қасірет құжат құқық құрмет	хәзир хәрекет хәсірет хұжжет хұқық хұрмет	қ~х	бақтияр бақыт кошемет қошгасу қызмет ракмет	бахтыяр бахыт хошамет хошласы у хызмет рахмет
т~д	тізбек тізе	дизбек дизе	д~т	дайын даяр	тайын таяр



	тілмаш	дилмаш			
п≈б	пенде пірәлар	бенде бирәлар	м≈б	мейрам мұндай	байрам бұндай
қ≈ғ	қайрат қарбыз қарға құнан	ғайрат ғарбыз ғарға ғунан	х≈қ	хакім хауыз	хәким хәуиз
м≈п	мұрсат мысық	пурсат пышық	с≈ш	сенбі	шемби

Кесте 12

Сөздің екінші буынындағы дауыссыздар сәйкестігі

Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	Қарақалпақ тілінде	Дыбыс сәйкестігі	Қазақ тілінде	Қарақалпақ тілінде
п≈б	кірпіш	гербиш	б≈п	жайбарак ат	жайпара хат
д≈н	міндет	миншет	қ≈ғ	нақыс	нағыс
с≈ш	дүйсенбі мысық	дүйшемб и пышық	ғ≈ұ	жүген жүгіру жүгері	жүуен жууырыу жүүери
б≈ұ	кебіс-мәсі	геуиш- мәси	х≈қ	махаббат	мухаббат
д≈л	аздық дәмді емдеу жәндік кездесу маңдай	азлық дәмли емлеу жәнлик гезлесіу маңлай	т≈л	бастама бастауыш достық зерттеу қоптасу мықты	баслама баслауы ш дослық изертлеу хошласы

	өздік сөздік	өзлик сөзлик			ұ мықлы
<b>Ө≈х</b>	адал айт айуанат акжол ақиқат ауа әзіл азір әйел әк әрекет еш ешкім ұждан үкімет	хадал хайт хайуанат хақжол хақыйқат хауа хәзил хәзир хаял хәк хәрекет хеш хешкім хүжлан хүкімет	<b>Ғ≈о</b>	ғажайып ғазиз ғашық ғибрат ғылым қанағат	әжайып әзиз ашық ибрат илим қанаат
<b>Ө≈ы</b>	лай лайық	ылай ылайық	<b>Ө≈и</b>	зергтеу лаж сенгіш сенім	изертлеу илаж исенгіш исеним

## §6 СИНГАРМОНИЗМ ЗАҢДЫЛЫҒЫ

Сөз құрамындағы дыбыстардың белгілі бір жүйе бойынша орналасуын қамтамасыз ететін сингармонизм заңдылығы түркі тілдеріне тән ерекше белгі болып табылады.

Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың гармониялық үндесім заңдылығы екі түрлі позицияда көрінеді: палатальдык гармония немесе дауыстылардың жуан-жіңішкелігіне қатысты үндесімі (дауыстылардың алдыңғы және артқы қатар бойынша үндесімі); лабиалдык гармония немесе дауысты дыбыстардың ерінге қатысты үндесімі (ерін үндестігі).

Түркі тілдеріндегі лабиалдык үндесім палатальды үндесімге қарағанда жүйесіздеу. Қазіргі түркі тілдерінде ерін үндестігі бірыңғай сипатта емес, кей тілдерде жақсы сақталса, кей тілдерде жартылай сақталған, енді бір бөлігінде лабиал гармониясы байқалмауы да мүмкін.

Лабиалдык гармониясын жартылай сақтаган тiлдерде тубiр сздің ерiндiк сипаты негiзiнен екiншi буында сақталып, одан кейiнгi буында үндесiм сапасын өзгертедi. Дауыссыз дыбыстардың тiлдiн қатысына (тiл алды дауыссыздары, тiл арты дауыссыздары) қарай жуан, жiнiшке айтылуына байланысты жүйелiлiктi сақтауы дауыстыларды палатальдык үйлесiмдiлiгiне қатысты жүзеге асады. Кейбiр түркi тiлдерiндегi әлсiз лабиалдык үндесiмдi қалыптасқан орфографиялық норма тiптен көмескiлендiрiп жiбергенiн байқауға болады.

Қазақ тiлiне дауысты дыбыстардың артикуляциялық жақындасуынан болатын жуан-жiнiшкелiк буын үндесiгi тән (qızdarım 'қыздарым', inilerim 'iнiлерiм'), лабиалды үндесiк әлсiз және бiрiншi буындан кейiнгi ерiн үндесiгi белгiлерi орфографиялық нормада ескерiлмейдi.

Қарақалпақ тiлiне де жуан-жiнiшкелiк үндесiгi тән, ерiн үндесiгi қазақ тiлiне қарағанда бiршама жақсы сақталған. Қазақ және қарақалпақ тiлдерiндегi жуан-жiнiшкелiк үндесiгiне кейбiр күрделi сөздер, бiр нұсқалы қосымшалар жалғанған сөздер және басқа тiлден енген сөздер бағынбайды. Бұл күбылыс түркi тiлдерiнiн көпшiлiгiне тән.

Қазақ тiлiнде де, қарақалпақ тiлiнде де үндесiк заңына сәйкес кейбiр қатан дауыссыздарға аяқталатын сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанса, негiзгi сөз (тубiр, туынды тубiр) соңындағы қатан фонема ұянданады.

*Кесте 13*

### Қазақ және қарақалпақ тiлдерiндегi үндесiк заңы

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ				
№	Қазақ тiлiнде		Қарақалпақ тiлiнде	
	Ереже/қағида	Мысал	Ереже/қағида	Мысал
1	Тубiрдiң, негiздiң соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар да жуан болады.	ойыншық сыбырлақалалар балалар тастар	Тубiрдiң, негiздiң соңғы буыны жуан болса, оған жалғанатын қосымшалар да жуан болады.	ойыншық сыбырлақалалар балалар тастар
2	Тубiрдiң, негiздiң соңғы буыны жiнiшке болса, оған жалғанатын	бөлме күштi көшпелi жүрекке	Тубiрдiң, негiздiң соңғы буыны жiнiшке болса, оған жалғанатын	бөлме күшли көшпели жүрекке

	қосымшалар да жінішке болады.		қосымшалар да жінішке болады.	
3	Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы дауысты болса, оған жалғанатын қосымшалар ұяң не үндіден басталады.	балаға болмеге үлгіге	Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы дауысты болса, оған жалғанатын қосымшалар ұяң не үндіден басталады.	балаға болмеге үлгіге
4	Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы ұяң болса, оған жалғанатын қосымшалар да ұяңнан басталады	тойға базарға қызға	Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы ұяң болса, оған жалғанатын қосымшалар да ұяңнан басталады	тойға базарға қызға
5	Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшалар да қатаннан басталады	сандыққа тұрмысқа а күрекке	Түбірдің, негіздің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшалар да қатаннан басталады	сандыққа тұрмысқа гүрекке
6	Түбір, негіз құрамында еріндік дауысты болса, оған жалғанатын қосымшаның құрамында еріндік дауысты орфографияда сақталмайды	бүтін өтініш ұйым үлгіні күнде	Түбір, негіз құрамында еріндік дауысты болса, оған жалғанатын қосымшаның құрамында еріндік дауысты орфографияда сақталмайды	нүтін өтініш ұйым үлгіні күнде

Кесте 14

Қазақ - қарақалпақ тілдеріндегі қатаң дыбыстардың ұяңдануы

Қазақ тілі	Қарақалпақ тілі
------------	-----------------

Қатан қ,к,п дауыссыз дары	Дауыстыдан басталатын қосымша алдында ұяңданады	Мысал	Үнсіз қ,к,п дауыссы з лары	Дауыстыдан басталатын қосымша алдында ұяңданады	Мысал
қ	ғ	қасық – қасығым	қ	ғ	қасық– қасығым
к	г	күрек – күрегім	к	г	күрек – күрегім
п	б	кітап – кітабың	п	б	кітап– кітабың

## §7 БУЫН

Буынды анықтап, оның шегарасын тану түркі тіл біліміндегі күрделі мәселенің бірі. Дауыссыздардың тіл алды, тіл арты жұптарының, дауыстылардың үндесім қатысына байланысты жұптарының қарсы қойылуы, дауыстылардың тіл алды үндесімі мен ерін үндестігінің қатарласуы тәрізді фонемалардың дистрибутивті қатынасы түркі тілдерінің буын жүйесінің ерекше типологиялық сипатын анықтайды. Бірінші буын кейінгі буындардың өзімен сингармониялық заңдылыққа сәйкес үндесім табатын фонетикалық варианттарын қабылдайды. Үндестік заңына бағынатын агглюнативті тілдерге жататын түркі тілдерінің тарихи даму жолын анықтауда буын құрылымы мен буын түрлері, олардың өзара тіркесу үйлесімділігі ерекше маңызды.

Барлық тілдерге тән сөйлеу барысындағы ауа ағымының (демнің) жіктелісіне негізделетін буын өзара іргелес бір немесе бірнеше фонеманың сөйлеу актісінде үзіліссіз айтылатын біртұтас бөлшегі болып табылады. Буын сөздің өзегі (ядросы) іспеттес мағына айырғыштық сипаты бар буын құраушы фонемалардан және буын тасымалдаушы фонемалардан тұруы мүмкін. Буынның универсалды табиғаты қазіргі тілдерге диахрониялық-реконструкциялық талдаулар жүргізілген кезде ғана айқын аңғарылуы мүмкін, кез-келген тірі тілдің статикалық күйі архебуындарды бірден ажыратуға кепіл бола алмайды.

Түркі тілдеріндегі буын жүйесінің жалпы сипаты: буынның саны дауыстыларға байланысты анықталады; буын жасаушы дауысты

дыбыстар өзімен бір үйірлесе жүретін дауыссыздардың акустикалық көрсеткіші қызметін атқарады; буын бір немесе бірнеше дыбыстар тіркесінен тұрады; сөздер бір буынды да көп буынды да болып келеді; сөздегі дыбыс санына қарай буын құрылысы бір дыбысты, екі дыбысты, үш дыбысты, төрт дыбысты болады; буынның түркі тілдеріне тән құрылымдық типтері v, cv, vc, cvc, vcc, cvcc модельдерінен тұрады; буынданы дауысты жінішке болса, үйіріндегі дауыссыздар да жінішке болады, жуан болса, дауыссыздар да жуан болады; буын соңындағы дауыссыздан гөрі буын басындағы дауыссыз күштірек айтылады; дауыссыздар бітеу буында әр түрлі экспирация басқыштарымен айтылады; буын құрауда, буынның тұтастығын сақтауда екпін мен үндестік заңының, дауыссыздар ассимиляциясының қызметі маңызды.

Қышпак тобындағы қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі буын дыбыстық құрылымына қарай екі топқа бөлінеді: ашық буын/ ашық буын және тұйық буын/ тұйық буын, бітеу буын/қамау буын Бірінші буыннан басқа буындар дауыстыдан басталмайды. Қазақ тілінің академиялық грамматикасында тұйық буын мен бітеу буын бір топта қарастырылып, буын түрінің екі тобы көрсетіледі: ашық буын және тұйық буын.<sup>10</sup>

Кесте 15

### Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі буын түрлері

БУЫН - БУҰЫН				
№	Буын түрлері	Ереже	Қазақ тілінде	Қарақалпақ тілінде
1	Ашық буын/ Ашық буын	Жеке дауыстыдан тұратын немесе дауыссыздан басталып дауыстыға бітетін буын түрі.	а+ла қа+ла ба+ла ке+ме кі+ші кі+сі кү+бі	а+та қа+ла ба+ла ке+ме ки+си гү+би
2	Тұйық	Дауыстыдан	ат	ат

<sup>10</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – Б.99-110.

	буын/ Тұйық бууын	басталып дауыссызға аяқталатын буын түрі.	ел аң ақ іс	ел ан ак ис
3	Бітеу буын/ Қамау бууын	Дауыссыздан басталып дауыссызға аяқталатын буын	тау жер сен жұрт бел көл	коз тас кар жұрт бел көл

### §8 ЕКПІН

Екпін – сөз ішіндегі бір буынның өзге буындардан дауыстың созылымдылығы, әуезділігі арқылы оқшауланып айтылуы<sup>11</sup>

Сөз құрамындағы белгілі бір буынның қарқынды, көтеріңкі айтылуымен байланысты екпін сөйлеу үдерісінің толыққандылығын сипаттайды. Сөздің лексикалық мағынасы мен морфологиялық тұлғасын айқындау, сөздің тұтастығын қамтамасыз ету, тілдің орфоэпиялық нормаларын қалыптастыру екпіннің тілдегі мәнін сипаттайды. Түркі тілдеріне тән екпін мен әуезділік олардың тол табиғатына сәйкес қалыптасқан құбылыс<sup>12</sup>.

Фонетикалық табиғатына байланысты екпін негізгі екі түрге бөлінеді: лебізді-динамикалық екпін және үнді-әуезді (музыкалық) екпін. Э.Тенишев ежелгі алтайлық тектіде екпіннің екі түрінің болу мүмкіндігін көрсетеді: бірінші буында әуезді және динамикалық екпін; бірінші буында динамикалық, екінші-үшінші буындарда әуезді екпін<sup>13</sup>. Түркі тілдері лексикасының бірінші буынына динамикалық шұғыл екпін, дисиллабтар мен полисиллабтардың соңғы буынына әуезді музыкалық екпін тән.

Түркі тілдеріндегі екпіннің кей жағдайда жылжымалы болып келуіне, бастапқы түркі түбірлерінің моносиллабтық құрылымға

<sup>11</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – Б.99.

<sup>12</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Фонетика. – Москва: Наука, 1984. – С. 403-410.

<sup>13</sup> Тенишев Э. В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – Москва, 1996. – С. 9.

негізделуіне, кейбір қосымшалардың екпін қабылдау қабілетінің төмендігіне байланысты екпіннің соңғы буынға түсуі агглютинациялық құрылымның калыптасуымен, сөздің күрделенуімен қатар орныққан кейінгі құбылыс ретінде қарастырылады. «Тілдің полисинтетикалық немесе аморфты құрылымы агглютинацияға ауысуымен бірге екпін бір буынды бірнеше түбірді бір грамматикалық топқа ұйыстырудың тәсіліне айналды. Ондай топтың құрамындағы түбірлердің біреуі (бірінші орындағы) ғана лексикалық мағына иесі болады да, қалғандары грамматикалық көрсеткіштер қызметін атқарады. Алғашқы түбір құрамына түскен екпін біртұтастықты белгілеу үшін кейінгі буынға жылжиды<sup>14</sup>. Түркі тілдеріндегі логикалық екпін барлық үш акустикалық элементтерден тұрады, бірақ олардың біреуі басым болып келеді, негізгі қызметі – фраза деңгейіндегі делимитативтік және кульминативтік, сол сияқты интонация құрамындағы модальдықты көрсету.

Қыпшақ тобындағы қазақ және қарақалпақ тілдерінде де негізгі екпін сөз соғына түседі, сөзге қосымшалар жалғану барысында екпін келесі буынға жылжып отырады. Кейбір қосымшалар мен шылаулар екпін қабылдамайды, сондықтан екпін олардың алдындағы буынға түседі. Қазақ тілінде сөздің айтылу мақсатына, экспрессиялық-эмоциялық ренкіне байланысты екпіннің сөз шеніндегі орны құбылып, эмфазалық сипат алуы жиі кездеседі.

#### Кесте 16

#### Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі екпін

ЕКПІН - ПӘТ					
Қазақ тілі			Қарақалпақ тили		
Екпін теориясы бойынша		Мысалдар	Пәт теориясы бойынша		Мысаллар
1	Екпін соңғы буынға түседі.	кітап ақылды қайта	1		киҕап мектеп
2	Сөзге	бала	2		бала

<sup>14</sup> Тоғанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 100.



	қосымша жалғанғанда екпін келесі буынға жылжиды	балалар балаларды қызыл қызылырақ			балалар балаларға кала калалар калаларға	
3	Екпін әрдайым бірінші буынға түседі.	а) сұрау есімдіктері  б) бұйрық райдың II жағы, сыпайы түрі	қайда? неше? қайсысы?  жеңіз түсініз тұрыңыз	3	а) сорау-катнас алмасықлары  б) бұйрық мейилдің 2 бет формалары	қайда? қашан? қайсысы?  алыңыз түсініңіз келіңіз
4	Кейбір қосымшамен шылаулар екпін қабылдамайды, сондықтан екпін олардың алдындағы буынға түседі.	а) етістіктің болымсыз мәнінің жалғауы: -ма/-ме -ба/-бе -па/-пе  б) жіктік жалғаулары: -мын/-мін, -сын/-сің, -быз/-бізт.б.  в) үстеу тұдыратын жұрнақтар: -тай/-тей,	ұйықта – ұйықтама  Мен оқушымын Біз қонақпыз.  сендей болғым келеді. менше істе.	4	Фейилдің болымсыздық жалғаулары: -ма// -ме, -ба// -бе, -па// -бе  б) бестік қосымталары: -ман// -мен -сан// -сен -быз// -биз	тур-турма бер-берме сора-сорама бар-барма  Мен оқыушымын, Біз қонақпыз

		-дай/-дей, -ша/-ше					
		г) сұраулық шылаулар: ма/ме ба/бе па/пе	бардың ба? бар ма? келдің бе?			в) сорау жанапайла ры: -ма//-ме, -ба//-бе, -па//-пе	бардың ба? келдің бе? жоқ па? керек пе?
		д) болжалдық мән берегін -ды/-ді,- дүр қосымшас ы ескі қазақ тіліне тән өнімсіз жұрнақ	Бәлкі келгенді. Жылқы кісінейд үр.			г) ески түркіи тиліндегі -дурур// турур көмекши фейилинің қысқарған -дур//-дүр, -ды//-ди предикатив лери	Қарақалп ақтады. Жоқты. Билгенду р.
5	Әрқаш ан да екпінді айтыла ды.	күшейтпел і мәнді шылаулар: ең, тым т.б. күшейтпел і шырай тудыратын буындар.	өте сұлу ең ұзын аппак	5		келбеглік арттырыу дәрежесін жасаушы ең, күтә, дын, ап, интенсиф формалары	ең күшлі, күтә жаксы, дым кара ат, аппак,
6	Қазақ тілінің екпін ережесі сақтал майды.	Орыс тілі арқылы енген халықарал ық терминдер	химия, алгебра, концерт , фонетик а, филарм ония	6	Қарақа лпак тілінің екпін ережесі сақтал майды.	Орыс тілі арқылы енген халықарал ық терминдер	химия, алгебра, концерт, фонетика, филармон ия

**ЕКІНШІ БӨЛІМ**

**ҚАЗАҚ - ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛДЕРІНІҢ**

**САЛЫСТЫРМАЛЫ**

**МОРФОЛОГИЯСЫ**

## §1 МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Морфология – тіл білімінде екі мағынада қолданылады: сөздер мен сөз тұлғалардың құрылымын, калыптасу заңдылықтарын зерттейтін тіл білімінің дербес саласы; сөз құрылымына байланысты грамматиканың бір бөлімі. Морфологияның ішкі морфемдік құрылым мен сыртқы құрылымды сабақтастыра қарастыруы түбір мен тұтас сөздердің мағынасын зерттейтін лексикологиядан айырмашылығын сипаттайды. Сөздің мән-мағынасы, грамматикалық, стильдік, функционалдық қызметі сөйлем ішінде анықталатындықтан, морфология сөзді синтаксиспен байланыста қарастырып, оның лексика-грамматикалық сипатын айқындайды. Морфологияда сөз формаларының зерттелуі нәтижесінде сөздердің қандай грамматикалық категорияларға жататыны, оларға тән тұлғалық модельдер анықталады. Бұл сөздерді сөз таптарына қарай жіктеу мәселесімен ұштасып, морфологияның негізгі міндеттерінің бірі – сөз таптарының тұлғалық-мазмұндық және грамматикалық-категориялық ерекшеліктерін зерттеуді қамтиды. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы грамматикалық-семантикалық белгілері бойынша сәйкес, жекелеген грамматикалық белгілері бойынша өзара ерекшеленетін сөздер тобынан<sup>15</sup> сөз құрылымын анықтау оларды жалпы және жекелеген белгілері бойынша жүйелеудің негізгі тетіктерінің бірі қызметін атқарады.

Морфологияның негізгі ұғымы – морфема. Морфема – ары қарай жіктелмейтін, ең кішкентай белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірлігі. Морфема нақты морфтардың инвариантты түрінде көріне отырып, мағыналық дербестік деңгейіне, формасына, қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: түбір морфема, лексикалық морфема, аффикстік морфема, нөлдік морфема, бірінші деңгейлі морфема, екінші, үшінші деңгейлі морфема, сегментті морфема, жалғастырушы морфема т.б.

Сөз тұтас алғанда морфемалардың жүйелі қарым-қатынасынан тұрады. Тілдің морфологиялық құрылымы мен сөз құрамында жіктелетін морфемалардың жиынтығын; тілдегі морфемалардың түрлері мен құрылысын, олардың бір-біріне және тұтас сөзге қатынасын қарастыратын морфемиканың негізгі зерттеу нысанын морфемалар, морфемалардың формальды өзгерген түрлері – морфтар (алломорфтар,

---

<sup>15</sup>Султук О.П. Общая теория частей речи. – Москва-Ленинград, 1966. – С. 26-27.

морфема вариаттары) және олардың өзара қатарласып тіркесу ерекшеліктері құрайды. Грамматикалық морфемалар немесе қосымша морфемалар грамматиканың объектісі болғандықтан, морфемика грамматиканың морфология, сөзжасам салаларына қатысты бөлігі болып табылады. Морфемика өз ішінде морфемалардың сөздегі орны мен қызметіне, білдіретін мағыналарының түрлеріне, морфемалық деңгейдегі синтагматикалық, парадигматикалық тіл бірліктеріне, морфемалар құрамында болатын морфологиялық өзгерістерге байланысты бірнеше шағын салаларға ажыратылады.

Түркі тілдері морфологиялық құрылымының негізгі ерекшеліктері: сөз құрылымындағы морфемааралық жіктің айқындығы; негіз сөздің тұрпаттық-мазмұндық жағынан біршама тұрақтылығы; зат есім мен сын есімдердің негізгі тұлғасын ажырататын арнайы морфологиялық көрсеткіштің болмауы; тек категориясының ажыратылмауы. Түркі тілдеріндегі сөздің морфологиялық құрылымы түбір морфемадан және қосымша морфемалардан тұрады. Түркі тіл білімінде түбір морфемалар мен қосымша морфемаларды «толық мағыналы» және «көмекші (служебные) морфемалар деп атау дәстүрі де қалыптасқан<sup>16</sup>. Бұл жіктеу бойынша морфемалардың дердестік/дербессіздік қасиеттері негізге алына отырып, дербес қолданылмайтын көмекші морфемаларға қосымшалармен бірге барлық көмекші сөздер, шылаулар мен одағайлар да шартты түрде енгізіледі.

Жалғамалы тілдік жүйенің заңдылықтары бойынша жұрнақтар мен жалғаулардан тұратын қосымшалар түбір сөзге бірінен кейін бірі қосарланып жалғана береді. Сондықтан сөздер де морфологиялық құрылымына қарай негізгі үш типке бөлінеді: түбір сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Соңғы тип ішкіге екіге бөлінеді: түбір және бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Сондай-ақ, түркі тілдерінде негізгі үш типтің құрама элементтерінің кейбірінің орын ауыстыруы арқылы және қосымшалардың аралас түрлерінің қатысуымен жасалатын аралас типті сөздер де қолданылады.

---

<sup>16</sup> Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – С. 5.

## §2 ТҮБІР МОРФЕМА

Синхрониялық тұрғыдан қарастырғанда сөздің негізгі лексикалық мағынасын беретін, әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші бөлшегі саналатын түбір морфема императив етістік пен есім сөздердің дербес мағыналы бір, екі буынды тұлғаларына сай келеді. Ал диахрониялық тұрғыдан қарастырғанда түбір морфемалардың дербес лексемалық сапада қолданылуы міндетті емес. Агглютинативті түркі тілдерінде морфемалық жігі айқын ажыратылмайтын сөздер құрамында ғана сақталған, дербес лексемалық қабілеті жоқ өлі түбірлер көп.

Түркі тілдеріндегі түбір морфемалар жүйесінің құрылымдық типтері V, VC, CV, CVC, VCC, CVCC модельдерінен тұрады. Бір ғана дауысты дыбыстан жасалған v моделі көне түркі жазба ескерткіштері тілінде бес-алты сөзді ғана қамтиды. Түркі тілдері дамуының бастапқы кезеңінің көрінісі болып табылатын бір құрамды түбір морфемалар қазіргі түркі тілдерінде дербес лексикалық қабілетінен ажыраған, өте сирек кездеседі. Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі III жак жіктеу есімдігінің септік категориясымен түрлену барысындағы түбір тұлғасы дауысты дыбыстан тұратын бір құрамды типке сәйкес келеді: *o+ның – y+ның, o+ған – y+ға, o+ны – y+ны* т.б. Қазақ-қарақалпақ тілдерінде: *e → edim/едим → ем, e → edің/едің → ең; e → ediledi → ет және e → кен* көмекші етістігі қолданылады.

Қыпшақ тобына жататын қазіргі қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі түбір морфемалар (дербес мағыналы түркілік түбірлер) негізінен VC, CV, CVC, VCC, CVCC модельдерінен тұрады, V моделі кейбір одағайларға сәйкес келеді. Қазіргі түркі тілдері лексикалық жүйесінде синхронды тұрғыдан бөлшектеуге келмейтін CVCVC, CVCV, VCV, VCVC, VCCV модельді сөздер де жиі қолданылады: *сұл(ұ)у – сулыу, қара – қара, бала – бала, ара – ара, өгіз – өгіз, окше – окше* т.б. Тілдің қазіргі қалып-күйі бойынша түбір ретінде танылатын мұндай сөздер тілдік даму үдерісінде қалыптасқан тарихи негіздер болып табылады.

Кесте 1

### Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі түбір морфемалар құрылымы

ТҮБІР МОРФЕМА – ТҮБІР МОРФЕМА

N	Түбір мофемалардың құрылымдық модельдері	Қазақ тілі	Қарақалпақ тили
1	CV моделі (дауыссыз, дауысты)	не?  *ма(ған) же- де-	не? ма (ған) же- де-
2	VC моделі (дауысты, дауыссыз)	ак ал ел үй іл-	ак ал ел үй ил-
3	CVC моделі (дауыссыз, дауысты, дауыссыз)	бат- біл- күш кол тас	бер көр кел кол тас
4	VCC моделі (дауысты, дауыссыз, дауыссыз)	анг арт- өрт ерт	ант арт ерт айт
5	CVCC моделі (дауыссыз, дауысты, дауыссыз, дауыссыз)	жұрт қайт- тарт- төрт шерт-	журт қайт- тарт- төрт шерт-
6	VCV моделі (дауысты, дауыссыз, дауысты)	ала ара ора-	ала ара ора-
7	VCCV моделі (дауысты, дауыссыз, дауыссыз, дауысты)	өкше өксі-	өкше өксі-
8	VCVC моделі (дауысты, дауыссыз, дауысты, дауыссыз)	асық өгіз	асық өгіз
9	CVCV моделі (дауыссыз, дауысты, дауыссыз, дауысты)	бала жара жыла-	бала жара жыла-

		кара	кара
1	CVCVC моделі	сұл(ұ)у	сулыұ
0	(дауыссыз, дауысты, дауыссыз, дауысты, дауыссыз)	табан	табан

### §3 ҚОСЫМША МОРФЕМА

Жалғамалы тілдердің морфологиялық құрылымының негізі ерекшеліктері аффиксация үдерісінің реттілігі арқылы айқындалады. Мәні мен қызметі әр түрлі аффикстер рет-ретімен бір-біріне қабағтасып, қосарланып жалғана береді. Қосымша морфемалардың эволюциялық түрленулері олардың семантикалық және грамматикалық жағынан өзгерістерге ұшырауымен, жаңаруымен, вариациялануымен тығыз байланысты. Сөз тұлғалары шеңберінің кеңеюі негізінде пайда болатын қосымшалардың құбылуы олардың көпфункционалдық және көпваленттілік сипатымен түсіндіріледі. Өздері жалғанатын сөздердің семантикалық ауқымы кеңіп, мағыналық топтар санының өсуіне сәйкес қосымшалардың дерексіз /ғиянақсыз/ грамматикалық мағыналары да ұлғая береді. “бұл грамматикалық көрсеткіштердің бір ғана түрінің әртүрлі семантикалық топқа жататын сөздерге ғана емес, әртүрлі сөз таптарына жататын сөздерге де жалғануына мүмкіндік береді»<sup>17</sup>. Сөз немесе сөз тұлғасы құрамындағы қосымша морфемалардың семантикалық және грамматикалық жағынан жаңаруы олардың тұлғалық-құрылымдық тұрғыдан өзгерістерге ұшырап, фонетикалық варианттылық түзуімен қатар жүретін құбылыс. Қосымшалардың вариациялануы, корреляциялануы өздері жалғанатын түбірлер мен түбір-негіздердің фоно-морфологиялық, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне, қалыптасқан жаңа сөздің немесе түрленім, өзгерім категорияларының уәжік негіздеріне сәйкес те өзгерістерге ұшырап отырады.

Қосымшалардың тұлғалық-құрылымдық варианттарын үндестік заңының ықпалымен орныққан фонетикалық нұсқалар, өзгерген морфемалардың арасына қыстырма дыбыстардың қолданылуы арқылы

<sup>17</sup> Тектігүл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 4.



қалыптасқан фонетикалық варианттар, құранды-күрделі қосымшалар компоненттерінің кірігуінен пайда болған жана формалардың басқа формалармен тұлғалық сәйкестік түзуінен тұратын кездейсоқ варианттар құрайды. Түркі тілдерінің агглютинативті сапасына сай бірнеше вариациялы жалаң қосымшалар күрделі қосымшалар құрамында түрлі өзгерістерге ұшырай отырып қолданылады, үндестік заңына және өзі жалғанатын түбірдің, түбір-негіздің қасиеттеріне байланысты жана форманың да бірнеше тұлғалық варианттары қалыптасады.

Грамматикада негізінен сөздің морфологиялық ерекшеліктерін қамтитын сөзжасам, тұлғажасам және сөзтүрленім(сөзөзгерім) ұғымдары қолданылады. Қазақ тілінің академиялық грамматикасында қосымша морфемалар сөз тудырушы қосымшалар және форма тудырушы қосымшалар деп екі үлкен топқа бөлініп қарастырылады<sup>18</sup>. Қарақалпақ тілінде де қосымша морфемалар 'қосымша морфемалар' сөз жасаушы қосымшалар 'сөз тудырушы қосымшалар' және форма жасаушы қосымшалар 'форма тудырушы қосымшалар' болып ажыратылады.

Сөзжасам мәселесі дербес ұғымның лексикализациялануына тікелей қатысты болғандықтан ономонологиялық, семасиологиялық үдерістерге сай жүрегің құбылыс. Сондықтан сөзжасам мәселесі фонология мен морфологияға, лексикологияға мен семантикаға бірдей қатысты дербес сала ретінде қарастырылуда. Сөзжасам үдерісі дербес лексема мәртебесіндегі жаңа атауларды тудыру, олардың құрылымын модельдеу, лексемалық бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін (сөздердің әр түрлілігін) қамтамасыз ету үшін қызмет етсе; тұлғажасам үдерісі тілдегі барлық сөздерді, оның ішінде сөйлеуде, сөйлемде, мәтінде нақты тілдік грамматикалық категорияларға сәйкес келетін туынды сөздердің ретімен қолданылуын қамтамасыз етеді<sup>19</sup>.

Түркітанушы-лингвистер түркі тілдеріндегі тұлғажасам аффикстерінің басты ерекшеліктерін мынадай белгілері бойынша сипаттайды: тұлғажасам аффикстері негізінен сөзтүрленім(сөзөзгерім) аффикстерінің алдында қолданылады; тұлғажасам аффикстерімен

---

<sup>18</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – Б.183.

<sup>19</sup> Күбрякова Е.С. О формообразовании, словоизменении, словообразовании и их соотношении // ИАН, Серия литература и язык. Т. 35. - Москва: Известия АН СССР, 1976. – №6. – С. 518.

келген есімдер өзіне сөзтүрленім аффикстерін қабылдайды; тұлғажасам аффикстерінің мағынасы сөзтүрленім аффикстерінің мағынасына қарағанда кеңірек; есімдердің тұлғажасам аффикстері тек есімдер мен субстантивтенген сөздерге ғана жалғанады; тұлғажасам аффикстеріне аяқталған сөздер сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш қызметін атқарады; кейбір тұлғажасам аффикстері үндестік заңына бағынбайды; кей жағдайда тұлғажасам аффикстері негізгі сөздің (түбір, түбір-негіз, туынды сөз) құрамына кіреді; тұлғажасам аффикстері бірінен кейін бірі қабатталып қолданыла береді; тұлғажасам аффикстерінен кейін сөздің грамматикалық мағынасы әрі қарай дамиды<sup>20</sup>. Негізінен сөз бен сөзді байланыстыру қызметін атқаратын жалғаулардың нөлдік формада қолданылуы да жиі кездеседі.

Қышпак тобындағы қазақ және қарақалпак тілдеріндегі қосымша морфемалар/қосымта морфемалар жүйесі негізінен ортақ болып келеді, бірен-саран фонетикалық ерекшеліктер ғана кездеседі. Қарақалпак тіліне қарағанда қазақ тіліндегі қосымшалардың вариациялық нұсқалары ауқымды.

Кесте 2

### Қазақ және қарақалпак тілдеріндегі қосымша морфемалардың түрлері

Қазақ тілінде			Қарақалпак тилинде		
№	Қосымша морфема түрлері		№	Қосымта морфема түрлері	
I	Сөзжасам қосымшалары	Мысал	I	Сөз жасаушы қосымталары	Мысал
	Зат есімнің	балықшы		Атлықтың сөз	балықшы

<sup>20</sup>Қараңыз: Серебрянников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. –Баку, 1979; Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века. –Ленинград: Наука, 1986; Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. –Алматы: Ғылым. 1976; Хабичев М. Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. –Черкесск, 1977. –С.71-72; Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Ленинград, 1977. –С.33; Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – Москва, 1986. – №2. – С. 7-8; Саурықов Е.Б. Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. –Тараз, 2009. – Б.72, 73. т.б.

	сөзжасам жұрнақтары	жұмысшы байланыс егіншілік қарындас құрдас аптық бөлме		жасаушы қосымталары	жұмысшы байланыс егіншилик қарындас құрдас аптық бөлме
	Сын есімнің сөзжасам жұрнақтары	ақылды атақты білімді сауатты тұзды мұрты жылауық мазасыз әлсіз ғылыми айнадай ашушаң аталас		Келбетліктің сөз жасаушы қосымталары	ақыллы атақлы білімлі сауатты дұзлы мұртлы жылауық мазасыз хәлсіз илимий айнадай ашыушақ аталас
	Етістіктің сөзжасам жұрнақтары	баста балтала тұзда үнде достас зырылда түзе сана байы		Фейилдің сөз жасаушы қосымталары	басла балтала дұзла үнде достас зырылда дүзе сана байы
II	Тұлғажасам қосымшала ры (модификац иялық және категориялы к қосымшалар )	Мысал	II	Форма жасаушы қосымталар	Мысал

Зат есімнің ренктік мәнді жұрнақтары (күрметтеу, еркелету мәнді)	апай, апатай ағай, ағатай інішек келіншек ботақан жеңгежан балақай	Атлықтың киширейтуу хәм еркелетуу мәнидеги қосымталар	апай ағай инишек келіншек боталақ жеңгежан палапан
Сын есім шырайларының жұрнақтары	жақсырақ күштірек толықтау қызғылт/қызғыш сарғылт/сарғыш	Келбетліктің салыстыруу дәреже қосымталары	жақсырақ күштірек толықлау қызғыш сарғылт
Реттік сан есімнің жұрнақтары	бірінші екінші үшінші төртінші бесінші алтыншы жетінші сегізінші	Қатарлық санлықтардың қосымталары	бірінши екінши үшінши төртінши бесінши алтыншы жетінши сегізінши
Етіс категориясының жалғаулары	жуын жамыл көрін бұрыл сөйлес көріс ойлас алдыр сөндір	Фейил категориясының қосымталары	жууын жамыл көрін бурыл сөйлес көріс ойлас алдыр сөндір
Болымсыз етістік жалғаулары	айтпады оқымады жазбады билемеймін	Фейилдің болымсыз формалары	айтпады оқымады жазбады билмеймен
Есімшенің қосымшалары	білген оқыған жазған	Келбетлік Feyил формалары	билген оқыған жазған

		акқан (су) ұмтылар келер кетер айтатын			акқан (суу) умтылар келер кетер
	Косемшенің қосымшалары	жазып барып бермей көрмей сөйлей- сөйлей бара алмай айтқалы кеткелі барғалы шаршағанша үйреткенше		Хал фейил формасы	жазып барып бермей көрмей сөйлей- сөйлей бара алмай айтқалы кеткели барғалы
	Рай категориясының жалғаулары	алса берсе келсе келмек барғым келеді бармақ болды		Мейил категориясының қосымталары	алса берсе келсе келмек бармақ
	Шак категориясының жалғаулары	отырамын отырасың отырады отырамыз отырасыз отырады		Мәхәл категориясының қосымталары	отыраман отырасаң отырады отырамыз отырасыз отырады
	Көптік жалғауы	балалар теректер қыздар таулар гүлдер көздер ормандар		Көплик қосымталары	балалар тереклер қызлар таулар гүлдер көзлер орманлар

		көлдер тастар			көллер тастар
	Жіктік жалғауы	жыршымын жыршысың жыршысыз жыршымыз жыршысыңд ар жыршысызда р		Бетлик қосымталары	шайырман шайырсаң шайырмыз шайырсыз шайырсызла р
	Тәуелдік жалғауы	балам балаң баласы баламыз балаларың балаларыңыз қолым қолың қолы қолымыз		Тартым қосымталар	балам балаң баласы баламыз балаңыз баласы қолым қолың қолы қолымыз
	Септік жалғауы	кітап кітаптың кітапқа кітапты кітапта кітаптан кітаппен		Сеплик қосымталары	кітап кітаптың кітапқа кітапты кітапта кітаптан

Кесте 3

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі тұлғажасам қосымшалары

ҚАЗАҚ-ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ АФФИКСТЕР ЖИЫНТЫҒЫ					
Қазақ тілінде			Қарақалпақ тилинде		
<i>Аффикстер</i>	<i>Аффиксте</i> <i>р</i> <i>мағынасы</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Аффиксла</i> <i>р</i>	<i>Аффикслар</i> <i>мәніси</i>	<i>Мысаллар</i>

-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер	Көптік жалғауы	кітаптар	-лар -лер	Көплік қосымтасы	кітаптар
-м, -ым/-ім	Тәуелдік жалғауы: I жақ, жекеше	атам көзім	-м, -ым, -ім	Тартым қосымтасы 1 бет, бірлік	атам көзім
-ң, -ың/-ің -ңыз/-ңіз, -ыңыз/-іңіз	Тәуелдік жалғауы: II жақ, жекеше	атаң/атаныз көзің/көзіңіз	-ң, -ың, -ің -ңыз, -ңіз	Тартым қосымтасы 2 бет, бірлік	атаң көзің
-ы/-і, -сы/-сі	Тәуелдік жалғауы: III жақ, жекеше	атасы көзіі	-сы, -си -ы, -и	Тартым қосымтасы 3 бет, бірлік	атасы көзіі
-мыз/-міз, -ымыз/-іміз	Тәуелдік жалғауы: I жақ, көпше	атамыз көзіміз	-мыз, -міз	Тартым қосымтасы 1бет, көплік	атамыз көзіміз
(-лар/лер, -дар/-дер, -тар/ тер) + -ың/-ің -ңыз/-ңіз, -ыңыз/-іңіз	Тәуелдік жалғауы: II жақ, көпше	аталарың/ аталарыңыз үстелдерің үстелдеріңіз	-ңыз,- ңыз, (-лар, - лер)+ -ңыз,-ңыз	Тартым қосымтасы 2 бет, көплік	атаңыз/ аталарың ыз көзіңіз/ көзілерің із
-мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін	Жіктік жалғауы: I жақ, жекеше	оқушымын етікшімін студентпін	-ман, - мен, - пан, -пен	Бетлік қосымтасы 1 бет, бірлік	оқыушы ман етікшім ен студентп ен
-сың/-сің -сыз/-сіз	Жіктік жалғауы: II жақ, жекеше	оқушысың етікшісің студентсің	-саң, -сең,	Бетлік қосымтасы 2 бет, бірлік	оқыушыс аң етікшіс ең студентсе ң
-мыз/-міз,	Жіктік	оқушымыз	-мыз, -	Бетлік	оқыушы

-быз/-біз, -пыз/-піз	жалғауы: I жәк, көпше	етікшіміз студентіміз	міз	қосымтасы 1 бег, көплік	мыз етікшіміз из студенті из
-сындар/ сіндер, -сыздар/ -сіздер	Жіктік жалғауы: II жәк, көпше	оқушысынд ар етікшісіндер студентсінде р	-сыз, -сіз	Беглік қосымтасы 2 бег, көплік	оқышыс ыз, етікшіс из, студентс из
-ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің	Ілік септігі жалғаула ры	адамның көршінің/ қонсының	-ның,- нің, -дың, - дің, -тың, - тің	Ийелік сеплігінің қосымтала ры	адамның қонсыны ң
-ға/-ге, - қа/-ке	Барыс септігі жалғаула ры	аңға ауылға	-ға, -ге, - қа,-ке	Барыс сеплігінің қосымтала ры	аңға ауылға
-ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті	Табыс септігі жалғаула ры	Отанды адамды кітапты	-ды, -ді, -ты, -ті, -ны, -ні	Табыс сеплігінің қосымтала ры	Отанды адамды кітапты
-да/-де, -та/-те	Жатыс септігі жалғаула ры	қайықта қалада/ шаһарда бізде	-да, -де, -та, -те	Орын сеплігінің қосымтала ры	қайықта шәһәрде/ қалада бізде
-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен	Шығыс септігі жалғаула ры	алтыннан елінен кітаптан бізден	-дан,-ден, -нан, нен, -тан, -тен	Шығыс сеплігінің қосымтала ры	алтынна н елінен кітаптан бізден
-мен/-бен/ -пен	Көмектес септігі жалғаула ры	ұшақпен баламен көзімен	ө	ө	ө



-мыс (-міс), -мыш (- міш) -ау	Болжалд ык демеулікт ер	айтты-ау кетті-ау айтыпты- мыс	-мыш, -миш, -ау	Ишки сезимлик мәни беріуши жанапайла р	Айдос еле ханлық алармы ш. Биймәли м дәрексіз кетті-ау.
-шы/-ші	Өтініш мәнді демеулікт ер жеке қарастыр ымайды	айтшы берші қойшы айтсаңшы берсенші қойсаңшы	-шы, -ши, -саңа, -сено, -са,-се, -сеш	Модаль бұйрық жанапайла р	Қәне, Бекбота балғаңды берші! Қойсаңа!
-а/-е, -й+ (жіктік жалғауы)	Етістік: ауыспалы осы шак, ауыспалы келер шак	біледі кетеді жазады сөйлейді	-а, -е, -й (бстлик жалғауы)	Хәзіргі келер мәхәл	біледі кетеді жазады, сөйлейд и
-ды/-ді, -ты/-ті	Етістік: жедел өткен шак	жазды оқыды көрді алдык	-ды, -ди, -ты, -ти	Анык өткен мәхәл	жазды оқыды көрді алдык
-ған/-ген, -қан/-кен	Етістік: бұрынғы өткен шак	көрген бөлінген тіккен егілген	-ған, -ген, -қан, -кен	Нәтийжелі өткен мәхәл	көрген бөлінген тіккен егілген
-р, -ар/-ер	Етістік: болжалды келер шак	келер барар көрер алар	-ар, -ер, - р	Болжау келер мәхәл	келер барар көрер алар
-сын/-сін	Бұйрық рай: III жак, жекеше/к өпіше	жазсын айтсын оқысын келсін	-сын, - сін	Бұйрық мейил 3 бет, бирлик, көплик	жазсын айтсын оқысын келсін

-са/-се	Шартты рай жалғаулары	оқысы барса алса келсе	-са, -се	Шарт мейил қосымтасы	оқыса барса келсе алса
-ғы/-гі,- қы/-кі,- ғай/-гей, -қай/-кей +жіктік жалғаулары+көмекші етістіктер	Қалау рай жалғаулары	айтқым келеді барғым келеді алғың келеді жегісі келді барғайсын жегейсін	-ғы, -гі, -қы, -кі, -ғой, - гей, -қай, - кей +бетлік жалғаулары+көмекші фейилдер	Тилек мейил қосымталары	айтқым келеді, барғым келеді, алғың келеді
-р, -ар/-ер+ көмекші етістік	Тілек мәнді рай	күтер едім іздер едім барар едім көрген болар еді	-ар, -ер, - р Көмекші и фейилдер	Тилек мейил	күтер едім іздер едім барар едім
-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе	Болымсыз етістік жалғаулары	көрінбе ұйықтама жазба қарама сөйлеме	-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе	Болымсыз фейил	көрінбе уйқылама жазба қарама сөйлеме
-н, -ын/-ін	Өздік етіс жалғаулары	киін көрін жуын таран	-н, -ын, - ин	Фейилдің өзлік дәреже қосымтасы	кийін көрін жууын таран
-л, -ыл/-іл	Ырықсыз етіс жалғаулары	айтылды жазылды көрсетілді	-л, -ыл, - ил	Белгисіз дәреже қосымталары	айтылды жазылды көрилді
-с, -ыс/-іс	Ортақ етіс жалғаула	теріс сөйлес	-с, -ыс, - ис	Шериклік дәреже	теріс сөйлес

	ры	ойлас		қосымтала ры	ойлас
-дыр/-дір -тыр/-тір -қыз/-кіз, -ғыз/-гіз -т	Өзгелік етіс жалғаула ры	алдыр қондір жаңдыр жаздыр/ жазғыз жегіз қызарт	-дыр, -дір, -тыр, -тір, -қыз, -кіз, -ғыз, -гіз	Өзгелік дәреже қосымтасы	алдыр қондір жаңдыр жазғыз жегіз
-у→(- үү/үү, ыу/-іу)	Қимыл есімі/ Ортақ етістік	жымыю шығу	-ў, -ыў, -иў	Харекет аты формасы	барыў керек кетіў керек
-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек		бармақ келмек	-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек	Харекет аты формасы	қонбақ таламақ қозғалма қ
-рға/-рге, -арға/-ерге		барарға (керек) қарарға (керек)	-рға, -рге, -арға, -ерге		ишерге жатарға тартарға
-п, -ып/-іп	Көсемше жалғаула ры	оқып барып тарап	-п, -ып, -іп	Хал фейил қосымтала ры	оқып барып тарап
-а/-е, -й		бара көре сөйлей- сөйлей	-а, -с, -й		бара көре сөйлей- сөйлей
-ғанша/ генше, -қанша/ кенше, -ғалы/-гелі, -қалы/ келі,		келгенше болғанша басталғалы шыққалы келгелі кеткелі	-ғанша, -генше, -қанша, -кенше, -ғалы, -гелі, -қалы,		келгенше болғанш а басланға лы шыққал ы

-майынша/ -мейінше			-кели		келгели кеткели
-ған/-ген, -қан/-кен,	Есімше жалғаула ры	жанған тігілген оқыған жазған білген	-ған, -ген, -қан, -кен	Келбетлік фейіла қосымтала ры	жанған тигілген оқыған жазған білген
-р, -ар/-ер		айтар көрер оқыр	-р, -ар, -ер		айтар көрер оқыр
-атын/ етін, -ітын/ йтін		оқитын баратын	-туғын		оқыйтуғ ын баратуғы н
-ушы/-уші		барушы келуші	-ушы, -уші		барыуш ы келіуші

#### §4 СӨЗ ТАПТАРЫ

Сөз таптары – сөзді жалпы грамматикалық мағыналарының, лексика-семантикалық сипатының, түрлену жүйесінің, синтаксистік қызметінің ортақтығына қарай жүйелеп, жіктейтін лингвистикалық категория. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы лексика-семантикалық, грамматикалық-функционалдық түр (тип) жағынан басқа жүйедегі тілдердің сондай типтеріне негізінен сәйкес келгенімен, морфологиялық тұрғыдан сөз элементтерінің (бірліктердің) тіркесімділігі, қолданылуына жағынан ажыратылады.

Сөздерді сөз таптарына бөліп топтастыру әр сөзге байланысты әртүрлі белгілер арқылы ғана айқындалмайды, сөз таптарына тікелей қатысты және оның мәнін айқындай алатын тұрақты белгілерінің негізінде жан-жақты жіктеу үшін жүйелі принциптер негізге алынады. Осы принциптер сөздердің ортақ грамматикалық сипаттарына негізделуі тиіс. Тілдік жүйедегі әрбір сөз сөйлеу үдерісінде өзіндік лексикалық мағынасын сақтай отырып, жалпыланып, абстракцияланып жалпы грамматикалық мағынаға ие болады. Жалпы грамматикалық

мағыналар негізінде лексикалық мағынасы әр түрлі сөздер ортақ сипатқа ие болады. Сөздердің сөз таптарына топтастырылуы грамматикалық сипаттағы осы ортақ белгілерге негізделеді. Сөздерді сөз таптарына жіктеудің негізгі ұстанымдары: семантикалық принцип (сөздің лексикалық мағыналарының жалпылануы арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағына); морфологиялық принцип (белгілі грамматикалық топқа тән түрлену жүйесі, парадигмалық тұлғалану арқылы берілетін категориялық-грамматикалық мағына); синтаксистік принцип (сөйлемдегі сөздердің белгілі сөйлем мүшесі қызметін атқара алуы мен сөздің байланысқа түсіп тіркесуі арқылы пайда болатын қатыстық грамматикалық мағына)<sup>21</sup>. Түркі тілдеріндегі әрбір сөз табының өзіне тән сөз тудыру жұрнақтары мен түрленім жүйесін қамтамасыз ететін жалғаулары бар.

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде 10 сөз табы/сөз шақалары бар: зат есім/атлық, сын есім/келбетлік, сан есім/санлық, есімдік/алмасық, үстеу/ рәуиш, етістік/фейил, еліктеуіш сөздер/ еліктеуіш, шылаулар/көмекші сөздер, одағай/ғанлақ, модаль сөздер/модаль сөздер. Сөз табы қолданылу ерекшеліктеріне қарай дербес және көмекші сөз таптары деп екі топқа бөлінеді. Дербес сөз таптары: зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, үстеу. Көмекші сөз таптары: жалғаулық, септеулік, демеулік, модаль сөздер, одағай.

Кесте 4

#### Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі сөз таптары

СӨЗ ТАПТАРЫ – СӨЗ ШАҚАҒЛАРЫ							
Қазақ тілі				Қарақалпақ тили			
Сөз таптары	Мәні	Сұрақтары	Мысалдар	Сөз шақалары	Мәниси	Сораулары	Мысаллар
Зат есім	Заттық ұғымды білдіреді.	кім? кімдер? не? нелер?	ана бала қыздар кітап гүл	Атлық	Заттың атын билдіреді.	ким? не?	ана бала қызлар кітап гүл

<sup>21</sup>Исаев С. Сөз таптары// Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б. 363.

<b>Сын есім</b>	Заттың белгілерін білдіреді.	қандай?	ақ аңы сұлу жақсы күшті	<b>Келбеттік</b>	Заттың түр-түсіні, белгілерін білдіреді.	қандай?	ақ аңшы сұлу жақсы күшті
<b>Сан есім</b>	Заттың саны, ретін білдіреді.	қанша? неше? қаншасыншы? нешінші? қаншадан? нешеден?	бес алты жетеу бірінші екінші үшінші бесінші	<b>Санлық</b>	Заттың санын білдіреді.	қанша? неше? қаншадан? нешеден? нешінші?	бес алты жетеу бірінші екінші үшінші бесінші
<b>Үстеу</b>	Іс-әрекеттің белгілерін білдіреді	қашан? қай уақытта? қашаннан? қанша? қаншалық? қаншама? қалай? қалайша? қайтпін? не үшін? неліктен?	тез жай ерте тосыннан едәуір жорта әсте кеше ерген	<b>Рәуиш</b>	Іс-әрекеттің белгісін білдіреді	қанша? қалай? қайтпін? қалайынша? неден? неліктен?	тез жайша ерте тосатқан әдеуір жортаға әсте кеше ерген
<b>Есімдік</b>	Есім сөздер	Қандай сөз табы орнына	мен сен/сіз ол	<b>Алмасық</b>	Алмасық гәпте басқа	Қайсы сөз шақабы	мен сен/сіз ол

	орны на жұмсалып, жалпылама мән береді	жұмсалса, сол сөз табының сұрақтарына жауап береді.	біз осы бұл анау мынау бәрі		сөз шақаптары орнына алмастырып қолланылады.	орнына жұмсалса, сол сөз шақабы сорауына жауап береді.	біз ұсы бұл анау мынау бәрі
<b>Етістік</b>	Қимыл іс-әрекетті білдіреді	Не істейді? Не істеген?	келді тұздады жедім іштің оқыдык тегісте домала	<b>Фейил</b>	Ис-хәрекетті билдіріп келеді	Не кылды? Не ісследі? Не кылып атыр?	келди дуздады жедим иштиң оқыдық тегісле думала
<b>Еліктеуіш</b>	Дыбыстар мен қимыл-қозғалыстарды бейнелейді	Қалай?	жалт-жұлт-тык-тык бұлк-бұлк тарс-түрс күлк-күлк	<b>Еліктеуіш</b>	Еліктеуіштер сеске хәм көрніске еліктеуін аңыратылады.	Қалай?	жалт-жұлт так-тук бұлк-бұлк тарс-түрс гулық-гулық
<b>Одағай</b>	Адамның көңілі - күйі, сезімі	алақай! пай-пай! пах-пах! охо! қап! тәйт! тек, әуп, жә, моһ-моһ, көс-көс, шөре-шөре, әукім-әукәм, кә-кә, міш-міш,		<b>Таңлақ</b>	Адамның сөйлеу уақтындағы хәр қиылы	хау, пай, па, әттеген-ай, төгетөте, бай-буу, япырмай, әй, тоба, бәрекелла, уай, өйбей-ау, ширкин-ай, ой-бой, яшасын	

	білді ру, малд ы, үй хайуа н дары н шақы ру, айлау макса тынд а жұмс алад ы.	айтақ-айтақ, әлди-әлди, күп т.б.		сезимл ик, таңлан ыу, өкиніу, қууаны у ямаса шадлан ыу, буйыры у сыяқлы сезимле рди билдир еди.	т.б.
<b>Мода ль сөзде р</b>	Сөйл еуші нің алын ған ақпа ратқа хабар ға жеке каты насы н білді реді.	ия, жоқ, мүмкін, әлбетте, бәлки, бәлкім, шынында, лазым, тиіс, (-са) керек т.б.	<b>Модал ь сөзлер</b>	Сөйлеу шинің пикири не, оның мазмун ына хәр түрлі қатнасы қларын пикир анықлы ғы, исеним я гүман оны тастый ықлау я бийкар лау түсіни	әлбетте, дұрыс, бәлкім, шынында, тийіс, лазым т.б.



				клерин билдиреди.	
Шылау үш топқа болінеді:	Дербес мағынасы жоқ		Көмекші сөзлер үшке бөлінеді:	Өз алдына мән билдирмейді	
Жалғаулық	Бірынғай сөйлем мүшелері мен сөйлемдерді байланыстыру үшін жұмсалады.	мен/бен/пен, және, әрі, да/де, та/те; әлде, бірле, біресе, я, не, немесе, не болмаса, мейлі; бірақ, әйтсе де, әйткенмен, дегенмен, сөйтсе де, алайда; себебі, өйткені, неге десен, сондықтан, сол себепті; егер, егер де, аллажалда; ал, ендеше, демек, яғни.	Дәникер	Сөз бенен сөздің, сөз топарларының, сондай-ақ гәптің біргелікшіліктері менен қоспа гәптің құрамындағы жай гәптердің араларын байланыстыру үшін қолдан	хәм, және, тағы, да, те, та, менен, бірақ, сонда да, сөйтсе де, солай да т.б.

Септеуліктер	Нысан ардынан арасынан ағынемес объектімен қимыл-қозғалыстар арасындағы қатынасты білдіреді.	үшін, сайын, сияқты, тәрізді, сынды, секілді, сықылды, туралы, жайында, жайлы, жөнінде, арқылы, бойы, бойынша, шамалы, шақты, каралы, гүрлы, гүрлым; шейін, дейін, қарай, таман, салым, тарта, жуық, таяу; гөрі, соң, кейін, басқа, бөлек, өзге, бері, әрі, бұрын; қатар, бірге, қабат, қоса.	Тиркеуішлер	ылымды. Дізбек лесип келген сөзлер менен бірге уақытлық, орындық, себептік, мақсеттік, сынлық, теңеулік, салыстырыу, қарсылас мәнилік қатынасты білдіреді.	сайын, жақын, хаккында, жөнінде, туралы, ушып, киби, яғлы, тәрізлі, себеплі, ретінде т.б.
Демеліктер	Сөздер мен сөйлемдерге қосымша мән жүкт	ма/ме, ба/бе, па/пе, ше; -ау, -ақ, да/де, та/те; ғой/қой, -ды/-ді, -ты/-ті; ғана, -ақ, тек; -мыс/-міс, -екеш, -ау;	Жанайлар	Сөз дизбегіне, ал гейде пүткіл гәпке хәр түрлі қосым	ба, бе, ғой, ай, тек, қандай, не деген, ау, күтә, дәл, өте, аса, түк, хасла т.б.

	еу үшін қолданылады.	тұрсын, тұрмақ, түгіл.		ша мәні бекрнұ ушын қолланылады.	
--	----------------------	------------------------	--	----------------------------------	--

## §5 ЗАТ ЕСІМ

Түркі тілдеріндегі лексика-семастикалық өрісі аса кең сөз таптарының бірі - зат есімдер. «Айналамызды қоршаған дүниедегі зат пен жануар атаулыға, барлық құбылыс пен оқиға, болмыс атаулыға есім, атауыш болып келетін сөздердің бәрі – зат есімдер. Лексикалық тұрғыдан алғанда зат есімдер өз алдына мағыналық дербестігі бар, заттық ұғымды білдіретін сөздер»<sup>22</sup>. Зат есімдер морфологиялық тұрғыдан алғанда өзіне тән құрылымдық жүйесі бар, түбір морфема мен қосымша морфемадан тұратын, заттар мен құбылыстардың номинациялық ерекше белгісін танытатын тілдік бірлік.

Зат есімдер мағынасына қарай екіге бөлінеді: 1) жалқы есім/меншикли атлық – бір тектес заттардың, құбылыстардың, қимыл-әрекеттердің, адамдардың атауларын жеке-дара бөліп айту үшін қызмет атқаратын зат есімнің түрі: *Қазақстан – Қазақстан, Қарақалпақстан – Қарақалпақстан, Астана – Астана, Нокис– Нокис, “Абай жолы” – “Абай жолы”, Ерназар -Ерназар, Айгүл – Айгүл* т.б. 2) жалпы есім/ғалабалық атлық – бір тектес заттардың, құбылыстардың, қимыл-әрекеттердің, қалыптың жалпы атауы; *қала– қала, қыз – қыз, ауыл – ауыл, есім – исім* т.б.

Түркі тілдерінің табиғатына сәйкес қазақ, қарақалпақ тілдерінде адамнан басқа жанды зат атауларына не?/ни? сұрақтары қойылады, сондай-ақ тек категориясының арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ, лексикалық негізде ажыратылады: *шал – шал (ғарры), кемпір (кеңіуана) – кемпір, ата – ата, әже– әже, бала – бала, қыз –қыз* т.б.

<sup>22</sup> Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. –Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 442.

Зат есімдер құрылымына, жасалуына қарай – түбір/түбір: *ас-ас, бел – бел, іс – іс*; туынды/дореңди: *білім – билім, жұмысшы – иши, байланыс – байланыс, құрдас – құрдас, бөлме – бөлме* т.б.; күрделі/қоспа: *аққу – аққуу, дос-жаран – дос-яран, бас маман – бас қәниге, Қазақстан Республикасы (ҚР) – Қазақстан Республикасы, Қарақалпақстан Республикасы – Қарақалпақстан Республикасы (ҚР)* т.б. болып үш топқа бөлінеді. Қазақ тілі грамматикасы бойынша күрделі зат есімдер іштей бірнеше топқа жіктеледі: біріккен(кіріккен) күрделі зат есімдер, қосарлы күрделі зат есімдер, тіркесті күрделі зат есімдер, қысқарған күрделі зат есімдер. Туынды зат есімдер ретінде негізінен сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалған сөздер қарастырылады. Қарақалпақ тілінде қоспа атлықтар 'күрделі зат есімдер' бес топқа бөлінеді: составлы сөздер, жұп сөздер, тәкірар сөздер, біріккен сөздер, қысқарған сөздер.

Зат есімдердің құрамындағы сөз санына байланысты дара және күрделі деп бөлу дәстүрі де бар. Зат есімдер көптік, жіктік, тәуелдік, септік жалғауларымен түрленеді.

Зат есімдерге көптік жалғауларының жалғануы олардың жекеше, көпше топтарға ажырауына негіз болады, сондай-ақ көптік формасындағы зат есімдер көптік мәнімен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да иеленеді. Қазақ және қарақалпақ тілдерінде көптік мән лексикалық негізде де айқындалады, мысалы: *бала-шаға – бала-шаға* 'балалар'.

Жіктік жалғауын зат есімдердің бәрі бірдей қабылдай бермейді, лексикалық мәніне байланысты – адамның кәсібі, қабілеті, тегі, туыстығы, жынысы, жас шамасы тәрізді жеке басына тән белгілері мен қасиеттерін білдіретін сөздер тобы ғана жіктеледі. Зат есімдерге жіктік жалғауының жалғануы бастауыш пен баяндауыштың сөйлем ішінде бір-бірімен синтаксистік қарым-қатынасқа түсінің негізгі амалы болып табылады<sup>23</sup>. Белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншіктілігін білдіру тәуелдік категориясы арқылы көрсетіледі<sup>24</sup>.

Септік категориясы зат есімдердің сөйлем ішінде өзге сөздермен дәнекерлесуін, сөйлем мүшесі ретіндегі грамматикалық қызметін қамтамасыз етеді. Зат есімдердің сөйлемдегі қызметі, сөйлем мүшелерімен грамматикалық қарым-қатынасын қамтамасыз ететін сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік т.б.

<sup>23</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б.458.

<sup>24</sup> Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996. – Б. 150.

Грамматикалық мағыналары көптік, жіктік, тәуелдік және септік категориялары арқылы жүзеге асады.

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі зат есімдердің сөйлем құрамындағы қолданысы – бастауыш қызметінде жұмсалады: ана ас пісіріп жатыр – әсейі аш бешерә; баяндауыш қызметін атқарады: кітап – білім бұлағы – кітап – билім бұлағы; толықтауыш болады: мен бұл аңгімені өте жақсы көремін – мен бұл гүрриңди жүдә жақсы көремен; анықтауыш қызметін атқарады: баланың кітабы ашық түр – баланың кітабы ашық; пысықтауыш қызметінде қолданылады: үйде ешкім жоқ – үйде дөш ким жоқ.

Кесте 5

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі зат есімдер

ЗАТ ЕСІМ – АТЛЫҚ			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
Жалқы есім	Жалпы есім	Меншикли атлық	Ғалабалық атлық
Астана, Нүкіс, Арал, Қаратау, Ерназар, Айхан	тау, кітап, гүл, өзен, көл, қала, кісі/адам, ат/есім	Астана, Нөкіс, Арал, Қаратау, Ерназар, Айхан	тау, кітап, гүл, дәрья/өзек, көл, қала, кіси/адам, ат/исим
Зат есімдердің құрылымы - Атлықтың дүзиліси (жасалуы)			
Түбір	ақ, бас, іс, тау, көл, мұз, қол, жең, жел, жыл, жол, қыс,	Түбир	ақ, бас, ис, тау, көл, муз, қол, жең, жел, жыл, жол, қыс,
Туынды	-шы/-ші: балықшы, етікші; -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/тік: орындық; -тас/-тес, -дас/-дес: жолдас, қарындас, күрдас, сыныптас; -ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе: бөлме, сүзбе; -қыш/-кіш, -ғыш/-	Дөрэнди	-шы, -ши: балықшы, етикши; -лық, -лик: далалық, камыслық, шөплик; -лас, лес, -дас, -дес: жолдас,

	<p>пінш:  үшкыш, сүзгінш,  үшкыш,  алжанкыш; -с,-ыс/-  іс: байланыс, жеңіс,  табыс т.б.</p>		<p>карындас,  күрдас,  ауыллас;  -ма, -ме, -ба, -  бе,  -па, -пе: бөлме,  сүзбе, туурама;  -ғыш, -гінш:  ушкыш,  сүзгінш,  алжапкыш;  -с,-ыс/-ис:  байланыс,  жеңіс, табыс  т.б.</p>
<p><b>Күрделі:</b>  1.Біріккен(кірікк  ен) күрделі зат  есімдер;  2.Қосарлы  күрделі зат  есімдер;  3.Тіркесті  күрделі зат  есімдер;  4.Қысқарған  күрделі зат  есімдер.</p>	<p>білезік, биыл, аяқ  киім, көзәйнек, ата-  ана, аға ғылыми  қызметкер,  Л.Н.Гумилев  атындағы Еуразия  ұлттық  университеті, ЕҰУ  т.б.</p>	<p><b>Қоспа сөзлер:</b>  1.Составлы  сөзлер  2.Жуп сөзлер;  3.Тәкирар  сөзлер;  4.Біріккен  сөзлер;  5.Қысқарған  сөзлер;</p>	<p>билезік,  биыл,  аяқ киімім, көз  әйнек, ата-ана,  аға илимий  хызметкер,  Бердак  атындағы  Қаракалпақ  мәмлкетлік  университеті,  ҚМУ т.б.</p>
<p><b>Зат есімдердің сандық сапасына қатысты ажыратылуы-  Атлықтардың сан мәнісіне қатнасын ажыратуы</b></p>			
<i>Жекеше</i>	<i>Көпше</i>	<i>Бірлік</i>	<i>Көплік</i>
кала	қалалар	кала	қалалар
ауыл	ауылдар	ауыл	ауылдар
бөлме	бөлмелер	бөлме	бөлмелер
топ	топтар	топ	топтар
қыз	қыздар	қыз	қыздар
<p><b>Зат есімнің септік формасы - Атлықтың септік формасы</b></p>			

Атау Атау	Ілік Ийелик	Барыс Барыс	Табыс Табыс	Жатыс Орын	Шығыс Шығыс	Көмект ес (карақал пақ тілінде жоқ)
<u>Бала</u> ұйықтап жатыр – <u>Бала</u> уйқылап атыр	<u>Баланың</u> кітабы– <u>Баланың</u> кітабы	<u>Балаға</u> кара – <u>Балаға</u> кара	<u>Баланы</u> жақсы көремі н– <u>Баланы</u> жақсы көреме н	<u>Балада</u> ойынш ық бар – <u>Балада</u> ойынш ық бар	<u>Баладан</u> алдым – <u>Баладан</u> алдым	<u>Баламен</u> келдім ө

**Тәуелдік тұлғалы зат есімдер - Атлықтың тартымланыу формасы**

<i>Жақ - Бет</i>	<i>Жекеше–Бірлік</i>	<i>Жақ- Бет</i>	<i>Көптік – Көплік</i>
I жақ/бет менін менің	балам – балам үстелім–столым	I жақ/бет біздің біздің	баламыз– баламыз үстеліміз– столымыз
II жақ/бет сенің/сізд ің сеннің/сиз нің	балаң – балаң балаңыз – балаң үстелің – столың үстеліңіз – столыңыз	II жақ/бет сендердің/ сіздердің– сиздің сизлердің	балаң – балаң балаңыз – балаңыз үстелдерің/үстелдерің із –столларыңыз
III жақ оның оның	баласы –баласы үстелі – столы	III жақ олардың олардың	баласы–баласы үстелі – столлары

**Жіктік тұлғалы зат есімдер– Атлықтың бетлік формасы**

жақ/бет	Жекеше – Бірлік	Көпше – Көплік
---------	-----------------	----------------

I жақ/бет	Мен оқушымын– Мен оқыушыман	Біз оқушымыз– Бизлер оқыушымыз
II жақ/бет	Сен оқушысың/сіз оқушысыз – Сен оқыушысаң	Сендер оқушысындар/ сіздер оқушысыздар – Сізлер оқыушысыз
III жақ/бет	Ол оқушы – Ол оқыушы	Олар оқушы – Олар оқыушы

### Нақтылық және белгісіздік-

Табыс септігі мен ілік септігінің аффикстері жалғанып, біршама нақтылықты сипаттайды. Табыс септігі мен ілік септігі кейде нөлдік формада қолданылады, бұл жағдай біршама белгісіздікті аңғартады.

### Анықлық хәм белгисизлик

Табыс сеплиги менен ийелік сеплигинің аффикслери жалғанып, беллиги бир анықлықты билдирсе, гейде сепликлердин аффикслери жасырын формада келип белгисизликте аңлатады.

Табыс септігі – Табыс сеплиги		Ілік септігі – Ийелік сеплиги	
Нақтылық мәні/ Анықлық мәні	Белгісіздік мәні/ Белгисизлик мәні	Нақтылық мәні/ Анықлық мәні	Белгісіздік мәні/ Белгисизлик мәні
Мен кітапты оқимын – Мен кітапты оқимын Мен қаланы көрдім – Мен қаланы көрдім	Мен кітап оқимын – Мен кітап оқимын; Мен қала көрдім – Мен қаланы көрдім	Үйдің сыртында адамдар бар. Таудың басында – Әжинияздың көшесі.	Үй сыртында адамдар бар. Тау басында – Әжинияз көшесі.
Қолданысы – Қолланылуы			
Бастауыш – Баслауыш		Бала ұйықтап жатыр – Бала ұйқылап атыр	
Баяндауыш – Баянлауыш		Біз - студент – Биз - студент	
Толықтауыш – Толықлауыш		Анам сорпа пісіріп жатыр – Анам сорпа писиріп атыр	
Анықтауыш– Анықлауыш		Кітаптың беті ашық – Китаптың бети ашық	
Пысықтауыш – Пысықлауыш		Оны көшеде жолықтырдык/ұшыраттық – Оны көшеде ушыраттық	



## Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі зат есімнің сөзжасам жұрнақтары

ЗАТ ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҰРНАҚТАРЫ			
Атлықтың сөз жасаушы қосымталары			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
Қосымшалар	Мысалдар	Қосымталар	Мысаллар
-шы/-ші	балықшы етікші оқушы тігінші аңшы	-шы, -ши; -ғыш, -гиш	балықшы етікші оқышы тигінші аңшы
-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/тік	жастық егіндік орындық балалық мұздық	-лық, -лик	жаслық егінлик орынлық балалық
-с,-ыс/-іс	жеңіс жарыс қоныс ұрыс табыс	-с, -ыс, -ис	жеңіс жарыс қоныс урыс табыс
-лас/-лес -тас/-тес, -дас/-дес	жолдас күрдас ауылдас жерлес жактас	-лас, лес, -дас, -дес	жолдас қурдас ауыллас жерлес
-ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе	бөлме сүзбе ықтырма бастырма тартпа	-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе	бөлме сүзбе ықтырма бастырма
-мақ/-мек -бақ/-бек -пақ/-пек	қармақ оймақ қаймақ құймақ	-мақ,-мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек	қармақ оймақ қаймақ құймақ
-у/-ау, -еу	бояу	-ыу, -иу, -у	бояу

т.б.	көсеу тұсау сайлау		көсеу тұсау сайлау
-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш	жүзгіш қысқыш тұтқыш сыпырғыш сүзгіш	-қыш, -кеш, - ғыш, -гиш	жүзгіш қысқыш тұтқыш, сыпырғыш сүзгіш
-шын/-шін -сын/-сін	кұлақшын бұрқасын	-шын, -шин, -сын, -син	

## §6 ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ КӨПТІК КАТЕГОРИЯСЫ

Зат есімдер сандық сапасына байланысты екі түрлі тұлғада қолданылады: жекеше (берлек) және көпше (күплек). Зат есімнің жекеше түрі негізгі атау тұлғаға сәйкес келеді, арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ: *ағаш – ағаш, бала – бала, қала – қала*. Зат есімнің көпше түрі көптік жалғаулары жалғану арқылы жасалады: *ағаштар – ағашлар, балалар – балалар, қалалар – қалалар*.

Түркі тілдерінде көптік жалғауларын жалғамай-ақ көптік мағына білдіретін зат есімдер кездеседі, мысалы қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі қосарлы зат есімдердің көптікі мән бар: *дос-жаран – дос-яр, тамыр-таныс – тамыр-таныс, ата-ана – ата-ана, бала-шаға – бала-шаға, ыдыс-аяқ – қазан-табақ, қатын-қалаш/қыз-қырқын – қаял-қызлар, жеміс-жидек – жеміс-жиідек, азық-түлік – азық-түлік* т.б. Сондай-ақ қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі басқа да дара зат есімдердің лексикалық мағынасы көптік, жинақтық мән береді: *мал – мал, сүт – сүт, тұз – тұз, қаймақ – қаймақ, махаббат – мұхаббат, достық – дослық* т.б. Сондықтан лексикалық мағынасында көптік, жинақтық мән бар зат есімдер көптік жалғауын қабылдамайды.

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде сан есімдерден кейінгі зат есімдер тек жекеше түрде қолданылады, көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы: (алма/алмалар) *бір жасыл алма – бір көк алма; он жасыл алма – он көк алма; (кітап/кітаптар–кітап/ кітаптар) екі кітап – екі кітап; сегіз кітап – сегіз кітап*.

Көпшілдік ұғымының мән-маңызының адам санасында қорытылуына байланысты қалыптасқан көптік жалғаулары объектінің

сандық белгілерін және олардың субъектілерге қатысының ортақтық немесе жекелік сипатын танытып, көптік, топтық, жинақтық, ортақтық белгілерінің көрсеткіші қызметтерін атқарады. Түркі тілдері бойынша көптік категориясының негізгі грамматикалық көрсеткішінің *-лар/-лер/-лер* форманты және оның фонетикалық варианттары кұрайды.

Қазақ тілінде көптік жалғауларының *-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тер* көрсеткіштері, қарақалпақ тилинде *-лар/-лер* аффикстері қолданылады.

Кесте 7

### Зат есімдердің көптік жалғауларымен түрленуі

КӨПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ – КӨПЛИК ЖАЛҒАУЛАРЫ									
Қазақ тілі					Қарақалпақ тили				
Егер түбір (негіз) сөз төмендегі дыбыстарға аяқталса:	Көптік жалғауының варианттары		Мысал	Хәмме сеслерге тамамланған сөзлерден кейин	Көплік қосымталарының варианттары		Мысал		
	Жуан лауысты	Жіңішке дауысты			Жуан лауысты	Жіңішке дауысты			
1	а, ә, ы, і, е, й, у, р	-лар	-лер	балалар кафелер* кісілер қойлар таулар қасқырлар	1	а, ә, ы, е, о, ө, и, й, ұ, я, ю, л, м, н, ң, з, ж, р, б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ	-лар	-лер	балалар кафелер* кісілер ешкілер тоғайлар гаражлар қызылар қызылар

									ргаллар жигит ер цехлар
2	л, м, н, ң, з, ж	-дар	-дер	колдер кыздар гаражда р			ө	ө	
3	б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ	-тар	-тер	кітапта р тастар жидект ер жігіттер цехтар			ө	ө	

\*Кірме сөздердің соңғы буынының жуан-жіңішкелігі негізге алынады.

## §7 ЗАТ ЕСІМДЕРДІҢ ТӘУЕЛДІК КАТЕГОРИЯСЫ

Тәуелдік жалғауы - заттың үш жақтың біріне меншікті, тәуелді екенін білдіретін грамматикалық категория. Түркі тілдеріндегі (жалпы алтай тілдерінде) жіктік және тәуелдік жалғауларының шығу тегі, әр форманттың жалпытүркілік (жалпыалтайлық) архетипі жіктеу есімдіктерінің жақтық тұрғыдан жіктелісімен сабақтастықта қарастырылады.

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі заттар арасындағы иелік, меншіктік қатынастар, белгілі бір заттың үш жақтың біріне меншік екені тәуелділік жалғаулары арқылы беріледі. Тәуелдік жалғауының үш жағы ілік септігі тұлғасындағы жіктеу есімдіктеріне (менің – менің, сенің/сіздің – сениң, оның – оның; біздің – бизің, сендердің/сіздердің – сизлердің, олардың – олардың) сәйкес жасалады: *менің анам – менің анам, сенің анаң–сениң анаң, оның анасы –оның анасы.*

Қазақ және қарақалпақ тілдерінде тәуелдік тұлғасындағы сөздердің алдында жіктеу есімдіктерінің тұруы міндетті емес: *қаламым жоқ – қалемим жоқ, үйлерің кең – жайың кең.* Қазақ хәм қарақалпақ тілінде тәуелдік жалғауының болымсыз формасы емес сөзі арқылы жасалады.

Қазақ-қарақалпақ тілдерінде тәуелдік мағына *-ныңкі/-нікі,-тыңкі/-тікі, -дікі/-дыкі* (қазақ тілінде), *-ники//-ниқи, -дықи//-диқи* (қарақалпақ тилинде)- аффикстері арқылы да жасалады: *кітап менікі – кітап мениқи, кітап ағамдікі – кітап ағамдықи, кітап анамдікі–кітап анамдиқи.*

Тәуелдік категориясымен субстантивтенген сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, қимыл есімі, есімшелер, кейбір модаль сөздер де түрленеді: *бұл менің кітабым емес – бұл менің кітабым емес; бұл кітап менікі емес – бұл кітап мениқи емес.*

Түркі тілдерінде бірінші көптік жалғауы, одан кейін тәуелдік категориясының көрсеткіші жалғанады, мысалы: *менің достар+ым – менің дос+лар+ым.* Иеленуші екі не одан көп, иеленетін зат біреу болған жағдайда тәуелдік категориясының көпше түрі қосымшасы бірден жалғанады: *біздің дос+ымыз – биіңің достымыз.* Иеленуші де, иеленетін зат та екі не одан көп болған жағдайда бірінші көптік жалғауы, содан кейін тәуелдік категориясының көрсеткіші жалғанады, мысалы: *біздің қонақтарымыз – биіңің қонақларымыз.*

Кесте8

### Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі тәуелдік жалғаулары

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЛАРЫ - ТАРТЫМ ЖАЛҒАУЛАРЫ				
Жақ/ Бег	Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
	Жекеше	Көпше	Бирлік	Көплік
Дауысты дыбыстарға аяқталатын сөздерден кейін				
I	-м	-мыз/-міз	-м	-мыз, -міз
II	-ң -ңыз/-ніз	-ң -ңыз/-ніз	-ң, -ңыз, -ніз	-ң, -ңыз, -ніз
III	-сы/-сі	-сы/-сі	-сы, -си	-сы, -си
Жақ/ Бег	Дауыссыз дыбыстарға аяқталатын сөздерден кейін		Дауыссызлар менен у/ү дауыссызларына тамамланған сөздерден кейін	
I	-ым/-ім	-ымыз/-іміз	-ым, -им	-ымыз, -іміз
II	-ың/-ің -ыңыз/-іңіз	-ың/-ің -ыңыз/-іңіз	-ың, -иң	-ыңыз, -иңіз
III	-ы/-і	-ы/-і	-ы, -и	-ы, -и

--	--	--	--	--

Кесте 9

Тәуелдік жалғаулары және зат есімдердің жақ бойынша түрленуі

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЛАРЫ - ТАРТЫМ ЖАЛҒАУЛАРЫ					
<i>Дауысты дыбысқа аяқталатын сөздерден (түбірлер мен негіздер) кейін</i>					
Жекеше/ Көпше	Жақ	Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
		Тәуелдік жалғауы	Мысал	Тартым жалғаулары (қосымталар)	Мысал
Жекеше/ Бірлік	I	-м	атам балам көршім кесем	-м	атам балам қонсым кесем
	II	-н -ңыз	атаң/атаңыз балаң/баланыз көршің/көршіңіз кесен/кесеніз	-ң	атаң балаң қонсың кесен
	III	-сы -сі	атасы баласы көршісі кесесі	-сы, -си	атасы баласы қонсысы кесеси
Сын есімдер сөйлемде баяндауыш/хабар: *жаңа келген оқытушы өте жақсы – жазадан келген оқытушы жүде жақсы; біздің үй – жаңа – бизің жай – таза; бастауыш/баслауыш: білімділер келді – билимділер келди; толықтауыш/толықлауыш: ол білімдіні жақсы көреді – ол билимдіни жақсы көреди; пысықтауыш/пысықлауыш: мен жақсы білемін – мен жақсы билемен*.

Кесте 28

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі сын есімдер

СЫН ЕСІМ – КЕЛБЕТЛИК			
Сын есімдердің құрылымы – Келбетліктердің құрамы			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
Сын есімдердің құрылымдық түрлері	Мысалдар	Келбетліктердің жасалуы	Мысаллар
Түбір (түбір-негіз)	ак сұлу зор сары қатты	Түбир	ак кара сұлу сары қатты
Туынды	ақыл+ды білім+ді тұз+ды балық+ғы(көл) жылау+ық	Дөренди	билім+ли ақыл+лы дуз+лы маза+лы `дәмді` балық+лы (көл)

	ақы+лы ғылым+и		илим+ий
<b>Күрделі</b>		<b>Қоспа келбетліктер</b>	
Тіркесті күрделі сын есімдер	қою сары күрен қызыл қою қара қою жасыл	Бириккен келбетліктер	ақ боз көк ала бадам қабак қатықулақ шаймий
Біріккен күрделі сын есімдер	біртоға қонақжай балажан етжеңді		
Қос сөзді күрделі сын есім	ақты-қаралы дәмді-тәтті келген-кеткен ата-аналы әдемі-әдемі күшті-күшті	Жуп келбетліктер	жақсы-жаман ұзын-шұбай майда-шүйде күшлі-күшлі
<b>Сынесімдердің мағыналық топтары – Келбетліктердің мәнісі бойынша түрлері</b>			
<b>Қазақ тілінде</b>		<b>Қарақалпақ тилинде</b>	
<i>Сын есім түрлері</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Келбетліктің түрлері</i>	<i>Мысаллар</i>
<b>Сапалық сын есімдер</b>	ак гүл қызыл жаулық сұлу қыз ыстық су көк көйлек күшті жігіт	<b>Сапалық келбетлік</b>	ак гүл қызыл жаулық сұлу қыз ыссы суу көк көйлек х.т.б
<b>Қатыстық сын есімдер</b>	жазғы киім қысқы күн үйдегі кісілер	<b>Қатнастық келбетлік</b>	шыдамлы адам ериншек бала қонақшыл үй
<b>Сын есімнің шырайлары – Келбетліктің дәрежелері</b>			
<b>Қазақ тілінде</b>		<b>Қарақалпақ тилинде</b>	
<i>Шырай түрлері</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Дәреже түрлері</i>	<i>Мысаллар</i>

<b>Жай шырай</b>	ақ жаулық сұлу қыз жаңа ай ашық күн	<b>Жай дәреже</b>	үлкен жай жақсы адам ақ көйлек сұлыу қыз
<b>Салыстырмалы шырай</b>	менен күштірек алма дәмдірек күн жылырақ қызғылт сарғыш қоңырқай	<b>Салыстырыу дәреже</b>	семизірек ұзынырақ күшлірек кеңірек мазалырақ жыллырақ
<b>Күшейтпелі шырай</b>	аппақ мата жеп-жеңіл жұмыс өте таныс кісі ең ұзын өзен тым қысқа көйлек тап-таза үй шым қара етік дөп-дөңгелек ай	<b>Арттырыу дәреже</b>	жап-жас бала сұп-сұлыу қыз қып-қызыл көйлек тас түнек оғыры үлкен тап-таза жай шым қара етік дөп-дөңгелек ай
ø	ø	<b>Пәсейтиу дәреже</b>	Сарғыш, қызғыш, көпидір, жақсылау, көгіслеу, қаралтымлау

**Қолданысы – Қолланылыуы**

<b>Қазақ тілінде</b>		<b>Қарақалпақ тилинде</b>	
<i>Сөйлем мүшесі</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Ғап ағзалары</i>	<i>Мысаллар</i>
<b>Анықтауыш</b>	Жақсы адамдар көп.	<b>Анықлауыш</b>	Жақсы адамлар көп.
<b>Баяндауыш</b>	Балалар бәрінен жақсы.	<b>Баянлауыш</b>	Балалар бәрінен жақсы.
<b>Хәл</b>	Мен жақсы білемін.	<b>Пысықлауыш</b>	Мен жақсы билемен.
<b>Бастауыш</b>	Білімділер келді.	<b>Баслауыш</b>	Билимдиле

			р келди.
<b>Толықтауыш</b>	Ол білімдіні жақсы көреді.	<b>Толықлауыш</b>	Ол билимлин и жақсы көреді.

Кесте 29

**Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі сын есімнің шырай формаларының жасалуы**

<b>СЫН ЕСІМНІҢ ШЫРАЙЛАРЫ- КЕЛБЕТЛИК ДӘРЕЖЕЛЕРИ</b>					
<b>Қазақ тілінде</b>			<b>Қарақалпақ тилинде</b>		
<i>Жасалуы</i>	<i>Мағынасы</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Жасалуы</i>	<i>Мәніси</i>	<i>Мысаллар</i>
<b>Ж а й ш ы р а й - Ж а й д ә р е ж е</b>					
Сапалық сын есімнің негізгі тұлғасы	Заттың әр алуан сын-сипатын, сапалық белгілерін, түр-түсін білдіреді	ак гүл қара жіп жасыл жапырақ	Жай дәреже предметтің белгісін хеш қандай дәреже билдириуш и қосымтасыз дара, түбір сөз халында билдириле ди	Хәр бир предметт ин конкрет белгісін көрсетел и.	жақсы адам ала ат үлкен жай ак көйлек
<b>С а л ы с т ы р м а л ы ш ы р а й - С а л ы с т ы р ы ў д ә р е ж е</b>					
-рақ/-рек, -ырық/-ірек; -лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу; -ғыл/-гіл, -ғылт/-	Біртектес заттардың түрлі белгілерін, сынын, сипатын салыстырып, бір-	қысқарак ұзынырақ жылырақ күштірек дәмдірек жалпақтау жіңішке	-рақ, -рек, -ырақ, -ірек, -лы,-ли, -сыз,-сиз	Белгиниң екінши бир заттағы белгиге салыстырмалы	күшлірек ұзынырақ таулырақ түйнеклирск кеңірек күшлірек арсызырақ



қылт, -ғылым/ -қылым; -шыл/-шіл, -шылтым/ -шілтім; -ғып, - ілдір; -аң,-қай; -ша/-ше	бірінен артық- кемін білдіреді.	у бозғылт көкшілтім ақшыл көгілдір сарғыш қоңырқай дөңгелекш е сопақша		көрсетил іуи ямаса заттың сапасын, көлемін, түр-түс белгілер ін билдири п келеді.	семизирек узынырақ күшлірек көпирек мазалырақ жыллырақ
--	--	---	--	---	---

**Күшейтпелі шырай - Арттырыу дәреже**

Негізгі сын есімнің бірінші буынына п дыбысы қосылу арқылы жасалған күшейтпелі буынның сол сын есімнің алдынан қосарлануы арқылы жасалады;	Заттың бастапк ы сынын, белгісін күшейтгі п, асыра көрсете ді.	күп- күрғақ қап-қара жап- жасыл тап-тақыр аппақ жеп-жеңіл сап-сары қып- қызыл қоп- қоңыр жап- жақсы жап- жаман кіп- кішкене	Арттырыу дәрежесін ін бул формасы сөздің бірінші буынына п сепі қосылып, ал екінші компонент сол сөздің толық формасы болып жумсалад ы	белгінің екінші бір затта сондай белгіден артық екенлігі н көрсетеді .	қып-қызыл тап-таза жап- жасыл қоп-қоңыр кіп- кішкене дөп- дөңгелек тас түнек
--	--	---	--	---	---

Күшейтпелі үстеулер: өте, аса, тым, ең, тіпті арқылы жасалады.		өте әдемі аса үлкен ең ұзын тым алыс өте қараңғы тіпті жат(жер) өте ыстық ең күшті	Арттырыу дәрежесінің алдына күшейтіуші сөзлер беріледі: күтә, жүдә, дым, ең, оғада		жүдә ақылы, күтә хәзилкеш, оғада қараңғы, күтә үлкен
Ø (казак тілінде дербес шырай түрінде қарастырылмайды)			Пәсейтіу дәреже		
ø	ø	ø	-лау, -леу, -ғылт, -шыл, -шил, -ғыш, -ис, -лым	Пәсейтіу дәреже заттың сапасын, колемін, түр-түсінің белгилерін пәсейтип көрсетеді	жиңишкел еутомпақлау, арықлау, қызғыш, сарғыш, көгилдир, көгис, ашқылтым

Кесте 30

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі сын есімнің сөзжасам жұрнақтары

СЫН ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҰРНАҚТАРЫ КЕЛБЕТЛИКТИҢ СӨЗ ЖАСАУШЫ ҚОСЫМТАЛАРЫ			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
Жұрнақтар	Мысалдар	Қосымталары	Мысаллар
-к/-қ, -ық/-ік, -ақ/-ек	үркек ат үзік жіп ашық есік жылауық бала	-к/-қ, -ық/-ик, -ақ/-ек	үркек ат кесик жіп ашық есік жылауық бала
-лы/-лі, -ды/-ді -ты/-ті	сауатлы жігіт тәртіпті бала балықты көл	-лы/-ли,	сауатлы жигит тәртіпті бала

	келбетті қыз		балықлы көл келбетлі қыз
-сыз/-сіз	дәмсіз ас сусыз жер қоңілсіз кісі	-сыз/-сиз	мазасыз ас суусыз жер кеуілесіз киісі
-ғыр/-гір, -қыр/-кір	тапқыр бала өткір пышак үшкір тас үтқыр ой	-ғыр/-гир, -қыр/-кир	алғыр оқушы өткір пышак кескір тас
-шыл/-шіл	күншіл әйел кекшіл кісі ойшыл адам	-шыл/-шил	кіршіл қойлек қайғышыл кісі уікышыл бала
-қы/-кі -ғы/-гі	қысқы киім күзгі күн үйдегі кісілер	-қы/-ки -ғы/-ги	баяғы заман түски ас хәзірғи мезғил
-ғыш/-гіш -қыш/-кіш -геш	айтқыш адам білгіш бала көргіш кісі сойлегіш қыз күлеген қыз	-ғыш/-гиш -қыш/-киш -геш	сезгіш адам билгіш бала алғыш шапқыш ат
-шаң/-шең	сөзшен адам байшаң қыз	-шаң/-шең	талапшан инсан исшен адам
-лық/-лік -дық/-дік -тық/-тік	ауылдық жер айлық отын	-лық/-лик	ауыллық жер жиіделик
-дай/-дей -тай/-тей	алтындай бала таудай талап бармақтай бақ темірдей тәртіп	-дай/-дей -тай/-тей	айнадай көл хінжидей усындай
-ма/-ме -ба/-бе -па/-пе	қайырма жаға қызба жігіт аспа шам	-ма/-ме -ба/-бе -па/-пе	ойма жазба жарма жасалма
-м/-ым/-ем	айырым жол		

## §12 САН ЕСІМ

Заттың немесе заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, мөлшерін, бөлшегін, ретін білдіретін сан есімдер өзіндік лексика-семантикалық ерекшеліктері, морфологиялық белгілері, синтаксистік қызметі бар дербес сөз табын құрайды. Сан есімнің басқа сөз табынан айырмашылығы – зат есіммен тіркесіп, заттық ұғымның сандық сипатын анықтайды; зат есімсіз қолданылып сандық атауды білдіреді; етістіктермен тіркесіп, іс-әрекет пен қимылдың сандық сапасын сипаттайды; сан есімдер басқа сөз таптарынан жасалмайды; күрделі сан есімдер жасайтын дара сан есімдердің көлемі (саны) айқын болады. Сандық мағынаны білдіретін сөздер кай тілдің болмасын тұрақты қоры болып табылады, біртұтас құбылыс ретінде танылатын бір белгі – есептік сан есімдер. Бұл жүйенің басқа тілдерден ауысу жолымен қалыптасуы – тілдер тарихында аса сирек ұшырайтын құбылыс, сондықтан есептік сандарды білдіретін сөздердің төркіндес болып келуі тілдердің өзара жақындығының, генетикалық туыстығының дәлелі болып табылады.

Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан, мыңдаған жылдық тарихы бар ауыз әдебиеті үлгілерінде – мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде, ертегілер мен аңыз-аңсаналарда, тұрмыстық жырлар мен дастандарда сандық ұғымды білдіретін лексемалардың жиі қолданылуы, олардың әрқайсысына тән сакралды мән жүктелуі түркі халықтарының сандық жүйені терең меңгергенін, соған сәйкес сан, санак жайлы ұғымдарды білдіретін тілдік бірліктердің де тым ерте кезден қалыптасқанын көрсетеді. Мұның басты дәлелі ретінде мың, түмен сынды көп санды білдіретін лексемалар түркілердің төл сөздерінің құрамында болуын айтуға болады. Әдетте әлем халықтары тіліндегі бірлік, ондық, жүздіктерден кейінгі дөнгелек сандардың көпшілігі кірме элементтер негізінде қалыптасады. Түркі тілдері сандық жүйесі тарихында күрделі сан есімдерге байланысты екі түрлі санау дәстүрі бар: санак жеткен ондыққа бірлікті қосып қолдану (qırq eki `42`) және санак бара жатқан алдағы ондыққа бірлікті тіркеп қолдану (eki elik `42`). Қазақ және қарақалпақ тілдерінде бірінші жүйе қолданылады.

Сан есімдер құрылымына қарай дара және күрделі болып келеді, семантикалық ерекшеліктеріне байланысты бірнеше мағыналық топтардан тұрады. Сын есімдердің біразы жіктік, тәуелдік, септік категориясының көрсеткіштерімен түрленеді. Қыпшақ тобындағы қазақ және қарақалпақ тілдерінде сан есімдер алты мағыналық топқа жіктеледі: 1) Есептік сан есімдер/Санақ сан: 1 – *бір/бир*, 2 – *екі/еки*, 3 – *үш/үш*, 1 000 – *мың/мың*, 1 000 000 – *миллион/ миллион*; 2) Реттік сан есімдер/қатарлық сан: 1-ші – *бірінші/ 1 – биринши*, 2-ші – *екінші/ 2 – екннши*, 100-ші – *жүзінші/100 – жүзинши*. Қарақалпақ тіліндегі сан есімдер реттік формасының ерекше түрімен де түрленеді: *биринши/бирлемши*, *екннши/ екилемши*, *үшінши/үшлемши*, *төртннши/төртлемши*, *бесннши/ беслемши*, *алтыншы/алтыламшы*, *жетннши/жетилемши*, *сегизннши/сегизлемши*, *тоғызнншы/тоғызламши* ; 3) Жинақтық сан есімдері/жыйнақлау сан: *біреу/биреу*, *екеу/екеу*, *үшеу/үшеу*, *төртеу/төртеу*, *бесеу/бесеу*, *алтау/алтау*, *жетеу/жетеу*. Қазақ, қарақалпақ тілдерінде жинақтық сан есімдері бір мен жеті аралығындағы сандарды қамтиды. Жинақтық сан есімдер негізінен егістіктермен, сын есімдермен тіркеседі: *бесеуміз бардық/ бесеуиміз бардық*, *бесеуі жақсы/бесеуі жақсы*; 4) Топтық сан есімдері/топтау сан: *бірден/бирден*, *екіден/екиден*, *бестен/бестен*, *алтыдан/алтыдан*, *оннан/оннан*, *қырқтан/қырқтан*, *елуден/елуден*, *жүзден/жүзден*, *мыңнан/мыңнан*. Топтық сан есімдерінің қайталануы арқылы да күрделі топтық сандар жасалады: *екіден-екіден (екі-екіден)/еки-екиден*; *үш-үштен (үштен-үштен)/үш-үштен*, *он-оннан (оннан-оннан)/он-оннан*; 5) Болжалдық сан есімдері/ шамалық сан: *ондаған/онлаған*, *онға жуық/онға жақын*, *он шамасы/он шамасы*, *он бестен/он бестен*; 6) Бөлшектік сан есімдері/ бөлшек сан: *екіден бір/екиден бир*, *оннан бес/оннан бес*, *екі бүтін жетіден екі/еки пүтнн жетиден еки*, *он бүтін бестен бір/он пүтнн бестен бир* т.б. Бөлшектік сан есімдер *жарты/жарты*, *жартысы/жартысы*, *жарым/ярым*, *ширек/шерек* сөздері арқылы да жасалады: *жарты жыл/ярым жыл*, *жарты метір/ярым метір*, *нанның жартысын ал/нанның ярымын ал*, *екі метір жарым/еки ярым метір*, *бір жарым/бир ярым*, *ширек ет/шерек ет*.

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі дара/дара сандарға бір сөзден тұратын 1-ден 10-ға дейінгі бірлік сандар: *бір/бир*, *екі/еки*, *үш/үш*, *төрт/төрт*, *бес/бес*, *алты/алты*, *жеті/жеті*, *сегіз/сегіз*, *тоғыз/тоғыз*, *он/он*; ондық сандар - 10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90, 100, 1000: *он/он*, *жиырма/жигирма*, *отыз/отыз*, *қырқ/қырқ*, *елу/елу*, *алпыс/алпыс*, *жетпіс/жетпіс*, *сексен/сексен*, *тоқсан/тоқсан*; *жүз/жүз*, *мың/мың* жатады.

Қазақ-қарақалпақ тілдерінде мынадан жоғары дара сандарды атауда халықаралық математикалық терминдер қолданылады: миллион, миллиард т.б. Сондай-ақ ауыз әдебиеті үлгілерінде көнетүркілік түмен/түмен лексемасы (10000) сақталған.

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі күрделі/қоспа сандар екі не одан да көп дара сан есімдерден жасалады: он бір/он бір, он екі/ он екі, жиырма бір/жиырма бір, жетпіс бір/жетпіс бір, төрт жүз он/ төрт жүз он, бір мың тоғыз жүз қырк алты/бір мың тоғыз жүзқырк алты, үш мың бір жүз жиырма бес./үш мың бір жүз жиырма бес, қырк бес мың алты жүз отыз жеті/қырк бес мың алты жүз отыз жеті т.б.

Сан есімдер заттың құбылыстың сандық белгілерін білдіретіндіктен сөйлемде анықтауыш/анықлауыш қызметінде жиі қолданылады, сан есімдермен тіркескен зат есімдер көптік категориясының көрсеткіштерін қабылдамайды: бес кісі/ бес киісі, жиырма екі оқушы/жиырма екі оқыушы, он төртінші трамвай/он төртінші трамвай. Бүгін аптаның бірінші күні/ Бүгін хәптениң бесінші күні. Сан есімдер сөйлемде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш қызметінде де қолданылады. Бастауыш/Баслауыш: Кітаптарды орнына қой/Кітаптарды орнына қой. Екеуі (кітаптардың) еденде жатыр/Екеуі жолда жатыр. Ең бірінші болып бізді екеуі құттықтады/Ең бірінші болып бизді екеуі құттықтады. Ең біріншісі – менің әкем/Ең біріншісі-менің ағам. Баяндауыш/Баяндауыш: Екі жердегі екі – төрт/Екі қосық екі-төрт. Толықтауыш/Толықтауыш: Оңды екіге бөл/ оңды екіге бөл.

Қазақ-қарақалпақ тілдерінде уақытты көрсету барысында (сағат тіліне қатысты) қолданылатын сөйлемдер де ортақ болып келеді: сағат бірден он бес минут кетті (бір он бес болды) – сағат бірден он бес минут өтті, сағат бір жарым - саат бір ярым, сағат бес минутсыз екі болды - саат екіге бес минут бар.

Кесте 31

### Қазақ-башқұрт тілдеріндегі сан есімдер

САН ЕСІМДЕР – САНЛЫҚ	
Сан есімдердің құрылымы Санлықтардың құрамы	
Дара сан есімдер – Дара санлық	Күрделі сан есімдер –қоспа санлық

Сан /Са н	Қазақ тілінде	Қарақалпақ тилинде	Сан/С ан	Қазақ тілінде	Қарақалпақ тилинде
1	бір	бир	11	он бір	он бир
2	екі	еки	12	он екі	он еки
3	үш	үш	13	он үш	он үш
4	төрт	төрт	14	он төрт	он төрт
5	бес	бес	15	он бес	он бес
6	алты	алты	16	он алты	он алты
7	жеті	жети	17	он жеті	он жети
8	сегіз	сегиз	18	он сегіз	он сегиз
9	тоғыз	тоғыз	19	он тоғыз	он тоғыз
10	он	он	21	жиырма бір	жигирма бир
20	жиырма	жигирма	22	жиырма екі	жигирма еки
30	отыз	отыз	23	жиырма үш	жигирма үш
40	қырқ	қырық	24	жиырма төрт	жигирма төрт
50	елу	елиу	25	жиырма бес	жигирма бес
60	алпыс	алпыс	26	жиырма алты	жигирма алты
70	жетпіс	жетпис	27	жиырма жеті	жигирма жети
80	сексен	сексен	28	жиырма сегіз	жигирма сегиз
90	токсан	токсан	29	жиырма тоғыз	жигирма тоғыз
100	жүз	жүз	112	жүз он екі	бір жүз он еки
1000	мың	мың	2017	екі мың он жеті	еки мың он жети
1000 0	түмен	он мың	3125	үш мың бір жүз жиырма бес	үш мың бір жүз жигирма бес

**Сан есімнің мағыналық топтары – Санлықтың мәнилік түрлері**

**Қазақ тілінде**

**Қарақалпақ тилинде**

**I Есептік сандар - Санак санлықлар**

1	бір	1	бир
2	екі	2	еки
18	он сегіз	18	он сегиз
19	он тоғыз	19	он тоғыз
25	жиырма бес	25	жигирма бес
26	жиырма алты	26	жигирма алты
30	отыз	30	отыз

31	отыз бір	31	отыз бір
3725	үш мың жеті жүз жиырма бес	3725	үш мың жеті жүз жигирма бес

**II Реттік сандар – Қатарлық санлықлар**

Қазақ тілінде	Қарақалпақ тилинде	Қазақ тілінде	Қарақалпақ тилинде
бірінші	биринши/бирлемши	жиыртасыншы	жигирмаланшы
екінші	екинши/екилемши	ы	ы
үшінші	үшинши/үшлемши	отызыншы	отызыншы
төртінші	төртинши/төртлемши	қыркыншы	қыркыншы
бесінші	и	елуінші	елиуінши
алтыншы	бесинши/беслемши	алпысыншы	алпысыншы
жетінші	алтыншы/алтыламшы	жетпісінші	жетпісінши
сегізінші	ы	сексенінші	сексенінши
тоғызыншы	жетинши/жетилемши	токсаныншы	токсаныншы
оныншы	и	жүзінші	жүзинши
	сегизинши/сегизлемши	мыңыншы	мыңыншы
	тоғызыншы/тоғызламши		
	оныншы		

**III Топтық сандар - Топлау санлықлар**

Қазақ тілінде	Қарақалпақ тилинде	Қазақ тілінде	Қарақалпақ тилинде
бірден	бирден	төрттен	төрттен, бестен
екіден	екиден	бестен	алтыдан,
үштен	үштен	алтыдан	онлап,
			жүзлеп

**IV Жинақтық сандар –Жыйнақтау санлықлар**

Қазақ тілінде	Қарақалпақ тілінде	Қазақ тілінде	Қарақалпақ тілінде
біреу	биреу	бесеу	бесеу
екеу	екеу	алтау	алтау
үшеу	үшеу	жетеу	жетеу
төртеу	төртеу	-	-

**V Болжалдық сандар - Шамалық санлықлар**

Қазақ тілінде	Қарақалпақ тілінде	Қазақ тілінде	Қарақалпақ тілінде



Ондаған ондап онға жуық он бестей он бес шақты он бес шамасында	онлаған он бестей он беслеген он беске жақын	алпыстаған алпыстай алпыстан аса алпысқа жуық алпыс шамалы алпыс шақты	алпыслаған алпыстай алпысқа жақын
<b>ҮІ Бөлшектік сандар – Бөлшек санлықлар</b>			
<b>Қазақ тілінде</b>		<b>Қарақалпақ тілінде</b>	
оннан бес екі бүтін жетіден екі		оннан бес Екі пүтін жүзден еки	
<b>Қолданысы - Қолланылыуы</b>			
<b>Қазақ тілінде</b>		<b>Қарақалпақ тілінде</b>	
Сөйлем мүшесі	Мысал		Мысал
Бастауыш	Он бес екіге теңдей бөлінбейді.	Баслауыш	Он бес екіге теңдей бөлінбейди
Баяндауыш	Екі жердегі екі – төрт.	Баянлауыш	Еки жердеги еки- төрт
Толықтауыш	Онды екіге бөл.	Толыклауыш	Онды екиге бөл.
Анықтауыш	Бүгінпапташың бірінші күні.	Анықлауыш	Бүгін хәптешини биринши күни.

Кесте 32

**Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі сан есімнің мағыналық топтарының жасалуы**

<b>САН ЕСІМНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ТОПТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАСАЛУЫ САҢЛЫҚТЫҢ МӘНИЛИ ТҮРЛЕРИ ХӘМ ОЛАРДЫҢ ЖАСАЛУЫ</b>							
<b>Қазақ тілінде</b>				<b>Қарақалпақ тилинде</b>			
Сан есім түрлері және сұрақт	Мағынасы	Жасалуы	Мысал	Саңлық түрлері хәм сораулары	Мәниси	Жасалуы (қосымталары)	Мысал

<i>ары</i>							
Есепті қ Қанша ? Неше?	Зат пен құбыл ыстың нақты санын білдіре ді	Дара және күрделі сан есімдер дін негізгі тұлғасы	бір екі үш төрт отыз он бес жүз бір екі жүз	Санақ Қанша? Неше?	Предме ттің анық санын билдире ді	Дара хәм қоспа санлыкт ардың негізгі формас ы	бір екі үш төрт отыз он бес жүз бір екі жүз
Реттік Қанша сыншы ? Нешесі нші? Нешін ші?	Зат пен құбыл ыс, әрекетт ің ретін білдіре ді	-ншы/ -нші -ыншы/ -інші	екінші үшінш і бесінш і жетін ші жиыр масын шы жүзін ші	Қатарл ық Нешін ши?	Предме ттің хәм хәркыйл ы құбылыс лардың қатар тәртіби н билдире ді.	-ншы/ -нші, -ыншы/ -інші, -ланшы/ -ленші, -ламшы/ -лемші	екінші үшінш и бесінші и жетінші и жигирм аланшы жүзін ші
Жина қтық Қанша ? Неше? Нешеу ?	Заттың жинакт алған сандық мөлше рін білдіре ді	-ау/-еу (1-7 сандары н қамтид ы)	екеу үшеу бесеу алтау етеу ө	Жыйна қлау Қанша? Неше? Нешеу?	Предме т яки құбылыс ты жыйнақ лап көрсетед и	-ау/-еу (1-7 санлары н қамтыйд ы)	екеу үшеу бесеу алтау жетеу ө
Топты қ Қанша дан? Нешед ен?	Бірдей заттард ың санын топтап көрсете ді	-нан/ -нен -дан/ -ден -тан/-тен	бірден бестен алтыда н жүзде н оннан	Топлау Қаншада н? Нешед ен?	Предме тлерди сан жағынан бірдей топлап көрсетед	-дан/ -ден -лап/- леп	бірден екіден төрттен бестен алтыдан онлап, мыңлап

			үштен- төртге н		и		
Болжа лдық	Зат пен кұбыл ыстың	Сиптети калық тәсіл:	ондап/ ондага н	Шамал ық	Предме ттің	Сиптети калық	он бестей
Қанша ?	санын	-лаған/ -леген,	н мыңда п/ мыңда	Қанша? Неше?	сапын, мұғдары н шама	тәсіл: -дай/- дей, лаған/ -леген	он беслеге н
Неше? Қай шамал ы?	дәл емес, шамам ен	-даған/ -деген, -таған/ -теген;	ған жүзде п/ жүзде		менен анықлау ушын қолланы лады.		алпысл аған алпыста й
Қанша дай? Қанша шамас ында?	болжап түспал дап білдіре ді	-дай/- дей, -тай/- тей; -лап/- леп, -дап/- деп, -тап/- теп; -ер.	й/ жүздег ен жетпіс тей бірер				жүздей мыңлағ ан
		Аналит икалық тәсіл: сан есімдер дің қосарла нуы арқылы; шақты, шамалы , жуық, қаралы, астам, тарта,	онға жуық/ он шамас ы жетпіс шақты / жетпіс шамас ында елуге жуық/ елуден астам			Аналити калық тәсіл: санлықт ардың қосарла нуы арқалы; шамалас , шамасы нда, жақын, аслам, созлери	онға шамала с жетпіс ке жақын жүзден аслам токсан шамасы н да қырықт ан аслам

		таяу сөздері арқылы	жүз каралы / жүзге тарта			арқалы	
Бөлшектік Қанша? Неше?	Зат пен құбылыстың бөлшектік санын, үлесін білдіреді.	Бөлімі шығыс септігі, алымы атау септігі; <i>жарым, жарты, ширек</i> сөздері арқылы жасалады.	екіден бір, он бүтін бестен бір, оннан бес, екі бүтін жетіден екі, тоғыз бүтін бестен үш	Бөлшек Қанша? Неше?	Пүтіннің бөлегін, үлесін билдиріп келеді.	Бөлім шығыс сеплігі, алымы атау сеплігі; бөлім ийелік сеплігі алымы III-бетте тартымланып қолланылады; <i>жарым, жарты, жары</i>	жүзден он жеті, бестен бір, төрттен бірінше, жарым жыл, жартынан

### §13 ЕТІСТІК

Етістік белгілі бір тілдің өзіндік ерекшеліктерін барынша айқын көрсететін аса маңызды грамматикалық категориялардың – бірі. Түркі тілдеріндегі етістіктердің күрделі табиғаты ұғымды берудегі абстрақтылы сипатымен, сөйлем құрамындағы (сөйлеудегі) икемділігімен, іс-әрекет пен күйдің өзгерістерін көрсету мүмкіндігімен, есім негізді түбірлерге карағанда саны аз болса да, түбір морфема қызметіндегі (сөз тудырудағы) белсенділігімен сипатталады. «Етістік түбірінің дербес сөз ретінде сөз түрлендіру тұлғаларынан тыс қолданылмағандығы оның өзіндік ерекшелігі болып табылады, алайда етістік түбірлерді диахрондық зерттеу барысында керісінше жағдайды

аңғаруға болады»<sup>30</sup>. Жалпы табиғаты бойынша түркі тілдеріндегі етістіктер ғасырларға созылған тілдік даму үдерісінде өзінің бастапқы тұлғасы мен мазмұнын мейлінше сақтаған, көп өзгерістерге түспеген әрі морфологиялық тұрғыдан дамыған сөздер жүйесі ретінде қарастырылады<sup>31</sup>. Сондықтан түркі тілдеріндегі етістік негізді түбір морфемаларды ажыратып, құрылымдық модельдерін жүйелеу, мазмұндық аясы мен түрлену ерекшеліктерін саралау түркі тілдерінің тарихи даму жолын анықтаудағы маңызды мәселе қатарынан орын алады.

Лексика-семантикалық табиғаты мен грамматикалық түрленімі, сөйлем құраудағы, жалпы сөйлеу үдерісіндегі функционалдық әлеуеті тұрғысынан күрделі сөз табы саналатын етістіктердің лингвистикалық сипатын құрамдық-құрылымдық ерекшеліктері, жасалу тәсілдері, мән-мағыналық жіктелісі, қимыл-әрекеттің субъектіге қатысы, қимыл-әрекеттің орындалу амалы сияқты сапалық белгілердің жиынтығынан тұрады.

Етістіктің лексикалық негізі болып табылатын түбір тұлғасы етістіктің грамматикалық категориялары саналатын императивтермен, кейбір етіс тұлғаларымен сәйкес келуі түркітануда біраз пікір қайшылығын тудырды. Етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың екінші жағының жекекеше тұлғасы жайлы түркі тіл білімінде негізінен екі түрлі көзқарас қалыптасты: 1. Етістіктердің түбір тұлғасында (негізінде) бұйрық мән әрдайым сақталады (Б.Юнусалиев, Н.Оралбаева т.б.); 2. Етістіктердің императив тұлғасы олардың түбір тұлғасының бірден-бір баламасы болып табылмайды (А.М.Щербак, С.Исаев т.б.). Шын мәнінде етістіктің түбір (негізгі) тұлғасын бұйрық райдың екінші жағы тұлғасымен теңестіруге болмайтынын, олардың шекарасы принципті түрде ажыратылатынын зерттеу нәтижелері көрсетуде: «біріншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жас тұлғасы бір емес, олар сыртқы түрі жағынан ғана сәйкес келеді. Екіншіден, етістік түбірлері тікелей жіктелмейді, түбір тұлғасында белгілі бір мағынаны (қимыл) білдіргенімен, түбір күйінде тікелей сөйлем ішінде қолданылмайды, тек етістіктің белгілі грамматикалық тұлғаларын

---

<sup>30</sup>Манкеева Ж.Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – Б. 19-20.

<sup>31</sup>Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. – Фрунзе, 1959. – С. 83-84.

(есімше, косемше т.б.) жамылып, оның үстіне жіктеліп барып жұмсалады»<sup>32</sup>.

Етістіктердің түбір (негізі) тұлғасы мен императив тұлғалардың ара-жігі диахрониялық зерттеу нәтижелерінен айқын аңғарылады. Синхрониялық тұрғыдан етістіктің түбір-негіздері мен бұйрық формасының статикалық күйі сәйкес келгенімен, морфемдік талдау әдістері негізінде синхрониялық түбірлердің құрамынан тарихи түбір морфема мен қосымша морфемаларды бөліп алуға болатыны; осы қосымша форманттар кезінде бұйрық мәнін бергені; тілдің даму үдерістеріне сәйкес түбір мен қосымшалар кірігіп, тұлғалық өзгерістерге түсіп, түбір мағынасы күнтірткеніп екінші дәрежелі түбір-негізге айналғаны дәйектелуде.

Қыпшақ-ноғай тобындағы қазақ тілі мен қарақалпақ тіліндегі етістіктердің де жалпы сипаты, құрылымы, түрлену жолдары, сөйлемдегі қолданысы түркі тілдерінің табиғатына сәйкес өзара ұқсас болып келеді.

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі етістіктер морфологиялық құрылымына байланысты үш топқа бөлінеді: 1) түбір етістік /түбір фейил: *кел-/ кел-, кет-/ кет-, бар/ бар-, қайт-/қайт-* т.б.; 2) туынды /дөренді фейил сөзжасам жұрнақтары арқылы жасалады: *баста-/баста-, істе-/істе-, орналас-/орналас, сана-/сана-, өте-/өте-, көбеу-/көбеу, өткер-/өткер-, ағар-/ағар-, дірілде-/дірілде* т.б.; 3) күрделі/қоспа фейил: *сатып алу/сатып алуға, барып келу/барып келуіңге, алып кету/алып кетуіңге* т.б. Етістік тұлғасының құрамындағы сөз санына байланысты жалаң және күрделі етістіктер деп бөлінеді. Бір сөзден тұратын дара (жалаң) етістіктерге түбір (түбір-негіз) және аффикстер арқылы жасалған туынды етістіктер жатады. Құрамы күрделі, қос сөздерден, сөз тіркестерінен жасалған етістіктер күрделі етістіктер ретінде қарастырылады.

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі етістіктер лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне қарай негізгі етістіктер және көмекші етістіктер деп жіктеледі. Негізгі етістіктер нақты қимыл-қозғалысты білдіреді және толық мағыналы сөз ретінде дербес сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалады, сондай-ақ өзі қатысқан тіркесті күрделі етістіктердің мағынасын айқындайды. Ал көмекші етістіктер өзі қатысқан тіркесті күрделі етістіктердің мағынасын айқындай алмайды.

---

<sup>32</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б.497.

Қазақ тілінде етістік формалары белгілі бір грамматикалық категорияға қатыстылығы немесе қатыссыздығына қарай екі топқа бөлінеді: функциялық етістіктер және категориялық тұлғалар. Етістіктің функциялық тобына қимыл есімі (тұйық етістік/инфинитив), есімше, көсемше жатады, категориялары қатарына болымды/болымсыз формалар, етіс, рай, шак, жақ-сан формалары енеді. Объектіге қатыстылығына қарай ажыратылатын салт және сабақты етістіктер лексика-грамматикалық категория ретінде де қарастырылады.

Қарақалпақ тілінде етістік формалары екі топқа бөлініп қарастырылады: бетлік формалары және бетлік емес формалары. Бетлік формаларына: мейил 'рай', мәхәл 'шак', дәреже 'етіс'; бет-сан бетлік емес формаларына: хәрекет аты фейил 'қимыл есімі', келбетлік фейил /инфинитив, сифат қылым 'есімше', хал фейил 'көсемше' тұлғалары жатады. Қарақалпақ тілінде қимыл есімі мен инфинитив тұлға ажыратылып қарастырылады. Қазақ тілінде жақ категориясымен түрленбеген етістіктер дербес атаумен ажыратылмайды.

Қарақалпақ тіліндегі жақсыз етістік формалары: хәрекет аты фейил 'қимыл есім': күлуу 'күлу'; инфинитив 'ортақ етістік': қарарға 'қарау/қарамақ'; хал фейил 'көсемше': асығып жазуу 'асығып жазу', жырлаи-жырлаи отти 'жырлай-жырлай барды', айтпаи кетти 'айтпай кетті'; келбетлік фейил 'есімше': билетуғын адамлар 'білген (білетін) кісілер, беретуғын ақша 'беретін ақша', келер күн 'келер күн'. Ортақ етістіктен басқа жақсыз етістік формалары екі сөз табының белгілерін білдіреді: қимыл есімі – етістік пен зат есімді, есімше – етістік пен сын есімді, көсемше – етістік пен үстеуді. Қазақ тілінде қимыл есімі мен ортақ етістік бір форма ретінде қарастырылады. Қазақ тілінде де қимыл есімі, есімше, көсемше формалары екі сөз табының белгілерін сипаттайды.

Қазақ тіліндегі есімшелер келер шак (-р,-ар/ер) мәнін және өткен шак (-ған/-ген, -қан/-кен) мәнін білдіреді: келер қонақ, келген қонақ.

Қарақалпақ тіліндегі есімшелер /келбетлік фейил үш шактың да мағынасын бере алады. Осы шак/қарапайым түрі: Мени билетуғын адамлар көп, 'Мені білетін кісілер көп'; Мениң жақтырған адамым бар 'Менің ұнатқан кісім бар'; осы шак/ күрделі түрі: тоқытуғын иине-тоқитын иие'. Өткен шак: оқыған қитан 'оқыған кітап', откен юл 'өткен жол'. Келер шак/қарапайым түрі: отетеуғын жол / 'өтер жол'; келер шак/күрделі түрі: айтар сөз 'айтар сөз'.

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі есімшелер сөйлемде сын есім орнына жұмсалып, анықтауыш қызметін атқарады: *Өтер жол әлі көп – Жүрер жол еле мол.*

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі қимыл есімдері/хәрекет аты феиил зат есім орнына жұмсала алады, зат есімдер тәрізді көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғауларымен түрленеді. Қимыл есімдері сөйлемде бастауыш: *Оқу - ең ауыр іс – Оқыу ең ауыр не; баяндауыш: Ең маңыздысы - дұрысын айту – Ең тийкаргысы-дұрысын айтыу; толықтауыш: Сөйлеуді тоқтатыңыз! – Сөйлеуді тоқтатыңыз!; анықтауыш: Үйірді (табынды) суғару уақыты болды – Үйірді суғаратуғын уақыт болды* қызметін атқарады.

Қарақалпақ тіліндегі ортақ етістіктер/инфинитивтер қимыл атауын білдіреді, көптік, жіктік, септік жалғауларымен түрленеді: *барарға 'бару', келерге 'келу'*. Қарақалпақ тіліндегі ортақ етістіктер сөйлемде бастауыш: *Еле ишерге де, кишерге де жетеді 'Әлі жеуге де, киуге де жетеді (бар)'; баяндауыш: Қысқы сессияны жақсы тапсыру! 'Қысқы сессияны жақсы тапсыру!'; толықтауыш: Сұлыу жазыуды анам үйретті 'Әдемі жазуды анам үйретті'; анықтауыш: Қайтыу деген хабар тарқалды 'Қайту туралы хабар таралды'; пысықтауыш: Жыиналыста адам көп болды 'Жиылыста/жиналыста кісі көп болды'; Оқыуға келдің бе? 'Оқуға келдің бе?' қызметінде жұмсалады.*

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі көсемшелер/хал феиил тұлғалық жағынан да, мағыналық жағынан да тиянақсыз болғандықтан өзінен кейін тиянақтауыш, ойды аяқтауыш етістікті қажет етіп тұрады. Көсемшелер үстеулерге ұқсас болғанымен, үстеулерге қарағанда мағынасы да, қызметі де әлдеқайда кең: *жырлай –жырлай барды - жырлай-жырлай барды, үйреткенше істе – үйреткенше исле.* Көсемшелер болымсыз мәнді қосымшаларды қабылдайды, кейбір түрлері жіктеледі. Көсемшелер сөйлемде пысықтауыш: *Мені шаттанып қарсы алды – Мені қуанып қарсы алды; баяндауыш: Түсте әкем қайтып келді –Түсте ағам қайтып келді* қызметін атқарады.

Кесте 33

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі етістік формалары

ЕТІСТІК – ФЕИИЛ	
Қазақ тілінде	Қарақалпақ тилинде
Құрылымына қарай:	



<i>Етістіктер</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Фейилдер</i>	<i>Мысаллар</i>
<b>Түбір етістік</b> (түбір-негіз)	жүр- түр- бар- кел-	<b>Түбір</b> <b>фейил</b>	жүр- тур- бар- кел -
<b>Туынды етістік</b>	істе- (іс+ге) көбей- (көп+ей) қапта- (қап+та) байла- (*бай+ла)	<b>Дөренди</b> <b>фейил</b>	исле- (ис+ле) көбей-(көп+ей) қапта-(қап+ла) байла-(*бай+ла)
<b>Күрделі етістік</b>	барып кел алып кет	<b>Қоспа</b> <b>фейиллер</b>	барып кел алып кет
<b>Лексика – грамматикалық ерекшеліктеріне қарай:</b>			
<b>Негізгі етістік</b>	Мен хат жаздым. Кереуетте бала жатыр. Ертең ерте тұр.	<b>Тийкаргы</b> <b>фейил</b>	Мен хат жаздым. Кроватта бала жатыр. Ертең ерте тұр.
<b>Көмекші етістік</b>	Біреулер келе жатыр. Сен оқи тұр. Мен құлай жаздадым.	<b>Көмекші</b> <b>фейил</b>	Біреулер кирип киятыр. Сен оқый тұр.
<b>Нысанға қатысына қарай:</b>			
<b>Салт етістік</b>	Орындыкка отыр.	-	-
<b>Сабақты етістік</b>	Ұлым, тәртібінді түзеуге тырыс.	-	-
<b>Функциялық етістіктер</b>			
<b>Тұйық етістік</b> (Қимыл есімі/ <b>Инфинитив</b> )	бару калу оқыу сөйлеу күлу казу конбақ таламақ қалмақ келмек	<b>Инфинитив</b>	барарға `бару` келерге `келу`
		<b>Хәрекет аты</b> <b>фейл</b>	оқыу сөйлеу күлиу казыу конбақ таламақ қалмақ келмек

	өзгеріс		өзгеріс
<b>Есімше</b>	қайнаған су сүрілген жер келген адам орылмаған атыз баратын қолік келер/келетін қонақ баратын жер айтатын хабар	<b>Келбетлік Фейил</b>	қайнаған суу сүрилген жер келген адам орылмаған атыз баратуғын қолік келетуғын қонақ баратуғын жер айтатуғын хабар
<b>Көсемше</b>	жазып беру оқын беру үйреткенше істе барғалы отыр айтпай кетті  Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен болу.	<b>Хал Фейил</b>	жазып беруу оқын беруу үйреткенше ісле барғалы отыр айтпай кетті  Көре-көре көсем, сөйлей-сөйлей шешен болуу.
<b>Етістіктің грамматкалық категориялары</b>			
<b>Болымды етістік</b>	жаз+а+мын бар+а+мын қара+й+мын атта+й+мын біл+е+мін істе+й+мін	<b>Фейилдің болымлы формасы</b>	жаз+а+ман бар+а+ман қара+й+ман атла+й+ман біл+е+мен ісле+й+мен
<b>Болымсыз етістік</b>	жазбаймын аттамаймын билемеймін істемеймін	<b>Фейилдің болымсыз формасы</b>	жазбайман бармайман билмеймен іслемеймен
<b>Етіс - Дәреже</b>			
<b>Негізгі етіс</b>	хат жазды кітап оқы мақта тер	<b>Түп дәреже</b>	хат жазды кітап оқы пахта тер
<b>Өздік етіс</b>	жуын киінді ауқаттан	<b>Өзлік дәреже</b>	жууын кийінді ауқатлан
<b>Ырықсыз етіс</b>	орылды	<b>Белгисіз</b>	орылды

	шабылды ашылды жіберілді	дәреже	шабылды ашылды жіберілді
Ортақ етіс	теріс ойлас көріс салыс	Шериклик дәреже	теріс ойлас көріс салыс
Өзгелік етіс	алдырды жаздырды жатқыз кызарт	Өзгелик дәреже	алдырды жаздырды жатқызды кызарт
<b>Р а й - М е й и л</b>			
Ашық рай	білемін барамын бітті алды	Анықлық мейил	білемен бараман бітті алды
Бұйрық рай	жаз оқы айтсын жүрсін	Бұйрық мейил	жаз оқы айтсын жүрсін
Шартты рай	келсе барса алса білсе	Шәрт мейил	келсе барса алса білсе
Қалау рай	барайын алайын айтқым келеді барғысы келеді бармақ болды	Тилек мейил	барайын алайын айтқым келеді барғысы келеді
ө	ө	Мақсет мейил	жүрмекши татпақшы
<b>Ш а қ - М ә х ә л</b>			
<b>Қазақ тілінде</b>		<b>Қарақалпақ тилинде</b>	
<i>Шақ түрлері</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Мақал түрлері</i>	<i>Мысаллар</i>
<b>Осы шақ – Ғазирги мәхәл</b>			
Ауыспалы осы шақ	Жауабын білемін. Мен                      оны	Дауамлы ғазирги мәхәл	Бул өнерге жүдә қызығаман. Ер жигит ели

	ұнатамын. Жауабын біледі. Сен оны ұнатасың.		ушын тууылады.
<b>Нақ осы шақ</b>	Жауабын біліп тұрмын. Мен оны ұнатып отырмын. Кітап оқып жүрмін.	<b>Анық хәзирги мәхәл</b>	Қалаға барып атырман. Мен келип жүрмен. Ол бармай атыр. Кітап оқып жүриппен.
<b>Келер шақ - Келер мәхәл</b>			
<b>Ауыспалы келер шақ</b>	Концерке барамыз. Сыйлықты мен өзім тапсырайын.	<b>Анық келер мәхәл</b>	Концертке барамыз.
<b>Болжалды келер шақ</b>	Концертке барармыз. Сыйлықты мен өзім тапсырармын.	<b>Болжаулы келер мәхәл</b>	Концертке барармыз.
<b>Мақсатты келер шақ</b>	Концертке барармақпыз. Сыйлықты мен өзім тапсырмақпын.	<b>Нийетли келер мәхәл</b>	Концертке бармақшымыз.
<b>Откен шақ - Откен мәхәл</b>			
<b>Жедел өткен шақ</b>	Мен оны бүгін көрдім. Әсия да көрді.	<b>Анық өткен мәхәл</b>	Мен оны бүгін көрдім. Әсия да көрді.
<b>Бұрынғы өткен шақ</b>	Мен оны бүгін көргенмін. Әсия да көрген.	<b>Нәтийжели өткен мәхәл</b>	Мен оны бүгін көргенмен. Әсия да көрген.

## Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі етістіктің сөзжасам жұрнақтары

ЕТІСТІКТІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҰРНАҚТАРЫ ФЕЙИЛДИҢ СӨЗ ЖАСАУШЫ ҚОСЫМТАЛАРЫ			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тілінде	
Жұрнақтар	Мысалдар	Қосымталар	Мысаллар
-а/-е	түзе- сана- құра- жұта-	-а/-е	дүзе- сана- құра- жұта-
-ы/-і	байы- кемі-	-ы/-и	байы- кеми-
-лас/-лес -дас/-дес -тас/-тес	коштас- достас- беллес-	-лас/-лес -дас/-дес	хошлаш- дослас- беллес-
-ла/-ле -да/-де -та/-те	тұзда- сөйле- ойла- дауыста- қапта-	-ла/-ле	дузла- сөйле- ойла- дауысла- қапла-
-й, -ай/-ей	катай- көбей- зорай-	-й, -ай/-ей	катай- көбей-
-сын/-сін	батырсын- қызықсын- азсын- жерсін- көпсін-	-сын/-син	батырсын- қызықсын- азсын- жерсін- көпсін-
-с, -ыс/іс-	көріс- таныс- табыс-	-с, -ыс/ис-	көріс- таныс- табыс-
-р, -ар/-ер	жаңар- ескір-	-р, -ар/-ер	жаңар- ескір-
-қа/-ке -ға/-ге	қозға- есірке- ніске- тірке-	-қа/-ке -ға/-ге	қозға- есірке- тірке-

-н, -лан/-лен	үйлен- қашалан- қамдан- жайлан-	-н, -лан/-лен	үйлен- қашлан- ғамлан-
-т,-ыт/-іт -айт/-ійт	бекіт- нығайт- домалат- құрғат- кеміт-	-т,-ыт/-ит	бекит- домалат- құрғат- кеміт-

Кесте 35

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі күрделі етістіктердің жасалуы

КҮРДЕЛІ ЕТІСТІК - ҚОСПА ФЕЙИЛЛЕР			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
Жасалуы	Мысалдар	Жасалуы	Мысаллар
Құранды етістіктер есім мен көмекші етістіктер арқылы жасалады.	Ол келіп кеткен болар.	Қоспа фейиллер алмасық хәм көмекши фейиллер арқалы жасалады.	Ол келип кетти.
<i>ет-, қыл-, жаса, бол-, сал-, бер-, көр-</i> көмекші етістіктері атау тұлғалағы не ілік, барыс, шығыс септіктері тұлғасындағы есім сөздерге тіркесіп, тұрақты тіркес түрінде қолданылады.	қызмет ет/жаса-хабар бер жәрдем ет/бер-сәлем бер-қайтыс болды ғайып бол-құлақ сал-жақсы көр-дүниеге кел-өмірден кетті көңілден шық-	<i>ет-, қыл-, бол-, сал-, бер-, көр-</i> көмекши фейиллер арқалы жасалады.	хызмет ет-хабар бер-құлақ сал-ғайып бол-жақсы көр-
Күрделі	күліп жіберді	Дөренди	күлип жиберди

етістіктер көсемше, есімше тұлғасындағы етіліктерге, қимыл есімдеріне көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалады.	келіп кеткен болар оқып шықтым барып келді	фейиллер хал фейил, келбетлік фейилдерге көмекші фейиллердің жалғаныуы арқалы жасалады.	оқып шықты барып келди көріп келди
Қос сөзден жасалған етістіктер етістіктердің қосарлануы арқылы жасалады.	киініп-жасанып күйіп-жану шаршап-шалдығу	Жуп сөзден жасалған фейиллер. Фейиллердің қосарлануы арқалы жасалады.	күйіп-писип жууынып-таранып
Қайталама етістіктер бір етістіктің қайталануы арқылы жасалады.	күле-күле сөйлей-сөйлей айта-айта жүре-жүре	Тәкирар фейиллер бір фейилдің қайталаныуы арқалы жасалады.	ойлай-ойлай сөйлей-сөйлей айта-айта күле-күле

Кесте 36

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі қимыл есімдері

ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРІ - ХӘРЕКЕТ АТЫ					
Қазақ тілінде			Қарақалпақ тилинде		
Етістік	Жасалуы	Мысалдар	Фейил	Жасалуы	Мысаллар
Қимыл есімі (инфинитив) Тұйық етістік	а)-у/-у (-үу/-үу) қосымшасы арқылы жасалады.	толеу сүйеу қазу сөйлеу күлу	Хәрекет атының субстантив формалары	-ў қосымшасы арқалы жаслады.	толеў сүйеў қазыў сөйлеў
	б)-мақ/-мек -бақ/-бек	бармақ келмек жазбақ		-мақ/-мек -бақ/-бек -пақ/-пек	қонбақ билмек таламақ

	-пақ/-пек арқылы жасалады.	жүзбек айтпақ кетпек		косымтала ры арқылы жасалады.	бармақ айтпақ кетпек
	в)-ыс/-іс қосымшас ы арқылы жасалады.	барыс келіс өзгеріс тұрыс		-ыс/-ис/-с қосымтала ры арқылы жасалады.	өзгеріс барыс келіс таныс
ø	ø	ø	Хәрекет атының инфинити в формалар ы	-маға, - меге, - паға/-пеге хәрекет атының - мақ, -мек форма сына барыс сеплигини ң қосылыуы арқалы.	айтпаққа айтпаға келмекке келмеге жүрмекк е жүрмеге
ø	ø	ø		а) -(а/е) рға/-рге қосымтал ары арқылы жасалады	жатарға пшерге татарға күлерге
ø	ø	ø		в) -ўғә/- ўге қосымтас ы арқалы жасалады.	кетіуіге барыуға ислеуіге

#### §14 ЕТІСТІКТІҢ ЕСІМШЕ ЖӘНЕ КӨСЕМШЕ ТҮЛҒАЛАРЫ

Есімше – етістіктердің функциялық формаларының бірі. Есімшелер әрі етістік, әрі есім орнына қолданыла береді, соған орай сөйлемде атрибуттық және предикаттық мағынаға ие болады. Есімдіктердің бұл ерекшелігі олардың етістіктер сияқты болымды және



болымсыз, салт және сабақты болып бөлініп, жақтық, шақтық мағыналарды беруімен қатар, есімдер сияқты көптік, септік, тәуелдік категорияларымен түрленуінен туындайды. Түркі тілдеріндегі есімшелер етістіктің модификациялық түрі болғанымен, басқа есім сөз таптарымен тарихи байланыста. Сондықтан көне түркі жазба тілдерінде, тіпті қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын кейбір есімше тұлғалары зат есімдер мен сын есімдер, үстеулер құрамынан ұшырасады. Бұл тілдің даму барысында есімше тұлғаларының кейбір топтары аталған сөз топтары құрамына трансформацияланғанын көрсетеді. Бұл көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі есімше формасына да тән.

Кесте 37

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі есімшелер

ЕСІМШЕ - КЕЛБЕТЛИК ФЕЙИЛ					
Қазақ тілінде			Қарақалпақ тилинде		
Шақ	Қосымшалары	Мысалдар	Мәхәл	Қосымшалары	Мысаллар
Бұрынғы өткен шақ	-ған/-ген -қан/-кен қосымшалары жалғанады.	оқыған кітап акқан су өткен жол	Бұрынғы өткен мәхәл	-ған/-ген -қан/-кен қосымшалары жалғанады.	оқыған кітап акқан суу өткен жол
Дағдылы өткен шақ	-атын/-етін -итын/-итін -йтын/-йтін қосымшалары жалғанады.	баратын жер айтатын хабар беретін ақша жейтін тамақ	Тамамла н баған өткен мәхәл	-а/-е, -й қосымшаларына+ туғын көмекші фейил қосылады.	баратуғын жер айтатуғын хабар беретуғын қарыз
Болжалды келер шақ	-ар/-ер, -р болымды, -с болымсыз етістікке жалғанады	келер күн келмес күн барар жер бармас жер	Болжаулы келер мәхәл	-ар/-ер, -р	келер күн келмес күн барар жер бармас

					жер
Мақсат мәнді келер шак	-мақ/-мек -бақ/-бек -пақ/-пек -мақшы/ -мекші -бақшы -бекші	карамақ келмек жүзбек айтпақ жүзбекші карамақш ы айтпақшы	Ғийетли өткен мәхәл	-мақ/-мек -бақ/-бек -пақ/-пек	бармақ келмек айтпақ жазбақ жүзбек
Осы шак	-ушы/-уші қосымшала ры жалғанады.	барушы келуші көруші бармаушы келмеуші көрмеуші		-ыушы/ -иуши -мақшы/ -мекші -бақшы/ -бекші	барыушы келіуши бармақш ы келмекш и көрмекш и бермекш и

Көсемше – етістіктердің бір-біріне байланысы мен қатынасын көрсетеді. Көсемшелер мағыналық-тұлғалық жағынан тиянақсыз болғандықтан, әрдайым өзінен кейін тиянақты мән беретін етістікті қажет етіп тұрады. Қазақ және башқұрт тілдеріндегі көсемшелер қызметі жағынан үстеулерге ұқсас болып келгенімен, мағыналық ауқымы да, функционалдық ауқымы да үстеулерге қарағанда кең. Сөйлемде пысықтауыш, баяндауыш қызметін атқарады.

Кесте 38

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі көсемшелер

КӨСЕМШЕ – ҒАЛ ФЕЙИЛ			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тілінде	
Қосымшалары	Мысалдар	Қосымталары	Мысаллар
а) -ып/-іп, -п қосымшалары жалғанады.	істеп беру асығып жазу ойнап отыр күліп шықты	-ып/-ип, -п	ислеп бериу жазып бериу ойнап отыр күлип шықты

	жүріп сөйледі		
б) -а, -е, -й қосымшалары жалғанады.	ойлай-ойлай кетті күле-күле сөйледі айтпай кетті келе жатыр	-а, -е, -й	ойлай-ойлай кетти күле-күле сөйледі айтпай кетти келе атыр/ятыр
в) -ғалы/-гелі -қалы/-келі қосымшалары жалғанады.	келгелі отыр шыққалы жатыр көргелі түр кеткелі бері басталғалы бері жазбағалы бері	-ғалы/-гели -қалы/-кели	келгели отыр жазғалы атыр көргели тур кеткели бери басланғалы атыр айтқалы тур
г) -ғанша/-генше -қанша/-кенше	поезд келгенше іске аспағанша үйден шыққанша қайтқанша бітір	г) -ғанша/-генше -қанша/-кенше	поезд келгенше іске аспағанша, жайдан шыққанша қайтқанша бітір

## §15 ЕТІСТІКТІҢ ЕТІС ЖӘНЕ РАЙ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Етістер – қимыл мен іс-әрекеттің, субъекті мен объекті арасындағы семантикалық-синтаксистік сипаттағы әртүрлі қатынасты білдіретін етістік категориясы. Етістің негізгі қызметі іс-әрекеттің қимыл несі мен істелегін іске қатысын айқындау. Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі етістер қызметі мен мағынасына орай бес түрге бөлінеді: негізгі етіс/түп дәреже, оздік етіс/озлік дәреже, өзгелік етіс/өзгелік дәреже, ырықсыз етіс/белгісізлік дәреже, ортақ етіс/шеріклік дәреже.

Кесте 39

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі етіс категориясы

ЕТІС – ДӘРЕЖЕ	
Қазақ тілінде	Қарақалпақ тілінде

Мағынасы	Жасалуы	Мысалдар	Мәнісі	Жасалуы	Мысаллар
<b>I. Негізгі етіс - Түп дәреже</b>					
Субъектіге де, объектіге де қатысты іс-әрекетті білдіреді.	Арнаулы көрсеткіші болмайды, етістіктің құрылымдық түрлерінің бәрі жатады.	Мен хат жазамын. Айгүл мақта терді. Студент оқыды.	Ис-хәрекеті тек субъектке ғана қатнасы болып тұрады.	Өзине тән арнаулы дәреже аффиксіне иіе емес.	Азат хат жазды. Айгүл пахта терді. Студент оқыды.
<b>II. Өздік етіс - Өзлік дәреже</b>					
Іс-әрекеттің тікелей іс иесіне қатысын білдіреді	-н,-ын/-ін -ыл/-іл	жасан көрін оран жамыл бұрыл	Ис-хәрекеттің өзіне қаратылғанын білдіреді.	-н, -ын/-ин, -ыл,-ил	жасан көрін оран жамыл бұрыл
<b>III. Ырықсыз етіс - Белгисізлік дәреже</b>					
Іс-әрекеттің субъектіге тікелей қатысынсыз, өздігінен орындалатыны сияқты мән береді.	-ыл/-іл, -л кейде -ын/-н қосымшалары арқылы жасалады.	орылды шабылды тазаланды қазылды тепістелді алынды ілінді	Ис-хәрекет іііесі (субъект) конкрет көрсетілмей белгисіз болып келеді.	-ыл/-ил -ын/-ин қосымшалары арқылы жасалады.	орылды шабылды тазаланды қазылды тепістелді алынды ілінді
<b>IV. Ортақ етіс - Шерікшілік дәреже</b>					
Іс-әрекеттің бірнеше субъектіге қатыстылығы	-с, -ыс/-іс қосымшалары арқылы жасалады.	сөйлес ойлас салыс көріс *жарыс	Ис-хәрекеттің екі ямаса бір неше	-с, -ыс/-ис	сөйлес ойлас салыс көріс жарыс

ғын білдіреді.		теріс	субъектте қатнастығын білдіреді		теріс
<b>Ү. Өзгелік етіс - Өзгелік дәреже</b>					
Іс-әрекеттің тікелей субъектінің өзі арқылы емес, екінші бір іс-әрекет иесі арқылы орындалатынын білдіреді.	-дыр/-дір -тыр/-тір -ғыз/-гіз -қыз/-кіз -ыз/-із -ар/-ер /-ыр/-ір -т, -сет қосымшалары арқылы жасалады.	жаздыр алдыр қызарт жатқыз жеткіз жаңар өткер ішкіз көрсет тамыз өшір	Іс-әрекеттің тікелей субъект емес, басқа бір өзге логикалық субъект арқылы іс-әрекеттің білдіреді.	-дыр/-дир -ғыз/-гиз -ыз/-из -ар/-ер -ыр/-ир -тырт -сет	айттыр алдыр жаздыр жазғыз ишкіз жақтырт асат өткер жаңар өшір көрсет

Етістіктің рай категориясы – сөйлеушінің қимыл, іс-әрекетке көзқарасын, қимылдың, іс-әрекеттің шындық болмысқа қатысын, модальдық мәнін білдіретін, белгілі бір парадигмалық тұлғалар жүйесінен тұратын етістіктің грамматикалық категориясы. Сөйлеуші лебізінің я сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдер арқылы берілетін модальдық категориясы рай категориясының негізін құрайды: «модальдік категориясының етістік формалары арқылы берілетін амал-тәсілдерінің жүйесі етістіктің райы деп аталады<sup>33</sup>. Рай категориясының негізін құрайтын модальдықтың көрінісі – қимыл-әрекеттің шындық болмысқа қатысын сөйлеушінің бағалауын сипаттайды. Етістіктің модальдық категориясының мазмұнын қимыл

<sup>33</sup>Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1974. – Б. 322.

мен субъектінің бір-біріне қатынасының сөйлеуші көзқарасы бойынша бағалануы айқындайды.

Кесте 40

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі рай категориясы

РАЙ – МЕЙИЛ					
Қазақ тілінде			Қарақалпақ тілінде		
Рай	Мағынасы	Қосымшасы	Мейил	Мәнісі	Қосымшасы
Ашық рай	Қимыл-әрекеттің орындалу не орындалмауы туралы объективті шындықты білдіреді.	Арнайы көрсеткіші жоқ, шақтың үш жағымен түрленетін егістіктердің атау тұлғасына сәйкес келеді	Анықлық мейил	Ис-хәрекеті белгилі бір уақыт пенен байланысы болған реаль мәнидегі анық хабарды аңлатады.	Өзіне тән арнайы грамматикалық формасы жоқ.
Бұйрық рай	Бұйырық, талап қою мәнін береді.	I жақ: -(а)йын -(е)йін) -(а)йық -(е)йік II жақ: жекеше – ө, көпше – -ң/-ың/ің+ көптік жалғауы. III жақ: -сын/-сін	Бұйрық мейил	Сөйлеуші тәрәпинен басқа биреуге қаратылған бұйырыу, хәмір етіу мәнісін билдиреди	I бет: -айын -ейін -айық -ейік II бет: бірлік – ө, көплік – III бет: бірлік -сын/-сін
Шартты рай	Қимыл-әрекеттің	-са/-се	Шәрт мейил	Ис-хәрекеттің	-са/-се

	орындалу, орындалм ау шартын білдіреді.			исленіу я исленбеу шартын білдіреді	
Қалау рай	Сөйлеуші нің ықылас- тілегін білдіреді.	-ғы/-гі -қы/-кі -р/-ар/-ер +көмекші егістіктер; -ғай/-гей -қай/-кей	Тилек мейил	Ис- хәрекеттің исленіуін е сөйлеуші нің тилек нийетін, отынышын субъективл ик қатнасын білдіреді	-ғай/-гей -қай/-кей ғы/-ги -қы/-ки

Кесте 41

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі бұйрық рай формасы

БҰЙРЫҚ РАЙ - БҰЙРЫҚ МЕЙИЛ					
Қазақ тілінде			Қарақалпақ тилинде		
Болымды түрі – Болымлы формасы					
Ж е к е ш е - Б и р л и к					
Жақ	Жасалу формуласы	Мысал	Бе ні	Жасалуы формуласы	Мысаллар
I	T(H)E+(a)йын T(H)E+(e)йін T(H)E+йын T(H)E+йін	жазайын айтайын сөйлейін күтейін	I	T(Δ)Ф+(a)+йын T(Δ)Ф+(e)+йін T(Δ)Ф+йын T(Δ)Ф+йін	айтайын сөйлейін жазайын дузлайын
II	Қарапайым түрі: ø T(H)E' Сыпайы түрі:	жаз/жазыңыз айт/айтыңыз бұра/бұраңыз	II	T(Δ)Ф +ын/-ин,- н T(Δ)Ф+ыңыз/-	айтыңыз сөйлеңіз жазыңыз

Түбір (негіз) егістік

\*Түбір(дәреде) феиил

	Т(Н)Е+ ныз(- ніз/-ыңыз/-ініз)	күт/күтіңіз		иниз Т(Δ)Ф+ңыз/-ніз	барыңыз
III	Т(Н)Е+сын Т(Н)Е+сін	жазсын айтсын бұрасын күтсін	III	Т(Δ)Ф+сын Т(Δ)Ф+сін	айтсын жазсын сөйлесін жазсын барсын

**К ө п ш е - К ө п л и к**

Жақ	Жасалу формуласы	Мысалдар	Бе тi	Жасалуы формуласы	Мысаллар
I	Т(Н)Е+(а)йык Т(Н)Е+(е)йік Т(Н)Е+йык Т(Н)Е+йік	жазайык айтайык бұрайык күтейік	I	Т(Δ)Ф+(а)йык Т(Δ)Ф+(е)йік Т(Δ)Ф+йык Т(Δ)Ф+йік	айтайык жазайык сөйлейік күтейік
II	Қарапайым түрі: Т(Н)Е+ң/-ың/- ің+ көптік жалғауы; Сыпайы түрі: Т(Н)Е + ныз/- ніз/-ыңыз/- ініз+ көптік жалғауы	жазындар/ жазыңыздар айтындар/ айтыңыздар бұраңдар/ бұраңыздар күтіндер/ күтіңіздер	II	Т(Δ)Ф+ң/-ың/-ің + көплік қосымтасы; Т(Δ)Ф+ңыз/- ңыз/-ыңыз/- ініз	айтыңыздар жазыңыздар сөйленіздер жууыңыздар
III	Т(Н)Е+сын Т(Н)Е+сін	жазсын айтсын бұрасын күтсін	III	-сын, -сін	жазсын айтсын сөйлесін күтсін

**Б о л ы м с ы з т ү р і - Б о л ы м с ы з ф о р м а с ы**

Түбір(негіз) етістік + -ма/-ме, -ба/-бе, - па/-пе болымсыздық қосымшасы+жақ көсеткіші	Түбір(дәренди) феиіл + -ма/-ме болымсызлық қосымтасы+белгілік көрсеткіші
---	--

**Ж е к е ш е - Б и р л и к**

Жақ	Жасалу формуласы	Мысал	Бе тi	Жасалуы формуласы	Мысал
I	Т(Н)Е+ба+йын	жазбаайын	I	Т(Δ)Ф+ба+йын	жазбайын



	T(H)E+бе+ейін T(H)E+ма+йы н T(H)E+ме+ейі н T(H)E+па+йын T(H)E+пе+йін	айтпайын бұрмаайын күтпейін		T(Δ)Ф+бе+ейін T(Δ)Ф+ма+йын T(Δ)Ф+ме+ейін T(Δ)Ф+па+йын T(Δ)Ф+пе+йін	айтпайын сөйлемейін күтпейін
II	T(H)E+ба(+ңыз) T(H)E+бе(+ңыз) T(H)E+ма(+ңыз) T(H)E+ме(+ңыз) T(H)E+па(+нын) T(H)E+пе(+ңыз)	жазба/жазбаңыз айтпа/айтпаңыз бұрама/бұрама ңыз күтпе/күтпеңіз	II	T(Δ)Ф+ба(+ңыз) T(Δ)Ф+бе(+ңыз) T(Δ)Ф+ма(+ңыз) T(Δ)Ф+ме(+ңыз) T(Δ)Ф+па(+нын) T(Δ)Ф+пе(+ңыз)	жазбаңыз айтпаңыз сөйлеменіз күтпеніз
III	T(H)E+ба+сын T(H)E+бе+сін T(H)E+ма+сын T(H)E+ме+сін T(H)E+па+сын T(H)E+пе+сін	жазбасын айтпасын бұрамасын күтпесін	III	T(Δ)Ф+ба+сын T(Δ)Ф+бе+сін T(Δ)Ф+ма+сын T(Δ)Ф+ме+сін T(Δ)Ф+па+сын T(Δ)Ф+пе+сін	жазбасын айтпасын сөйлемесін күтпесін
<b>Көпше - Көплік</b>					
<i>Жақ</i>	<i>Жасалу формуласы</i>	<i>Мысал</i>	<i>Бе тi</i>	<i>Жасалуы формуласы</i>	<i>Мысаллар</i>
I	T(H)E+ба+йық T(H)E+бе+йік T(H)E+ма+йы к T(H)E+ме+йік T(H)E+па+йық T(H)E+пе+йік	жазбайық айтпайық бұрмайық күтпейік	I	T(Δ)Ф+ба+йық T(Δ)Ф+бе+йік T(Δ)Ф+ма+йық T(Δ)Ф+ме+йік T(Δ)Ф+па+йық T(Δ)Ф+пе+йік	жазбайық айтпайық сөйлемейік күтпейік
II	T(H)E+ба+н+d ар T(H)E+бе+н+d ер T(H)E+ма+н+d	жазбаңдар/ жазбаныңдар айтпаңдар/ айтпаңыздар бұрамаңдар/	II	T(Δ)Ф+ба+н+лар T(Δ)Ф+бе+н+лер T(Δ)Ф+ма+н+лар T(Δ)Ф+ме+н+лер T(Δ)Ф+па+н+лар	жазбаңлар айтпаңлар сөйлемендер жазбаңызлар айтпаңызлар

	ар Т(Н)Е+ме+н+д ер Т(Н)Е+па+н+д ар Т(Н)Е+пе+н+д ер; Т(Н)Е +ба(- бе/-па/-пе/- ма/-ме)+ ныз(- ңіз/-ыңыз/- ініз)+дар/- лер/-тар/-тер	бұраманыздар күтпеңдер/ күтпеңіздер		Т(Δ)Ф+пе+н+лер ; Т(Δ)Ф +ба(-бе/- па/-пе/-ма/-ме)+ ңыз(-ыңыз/- ніз/-иніз)+лар/- лер	сөйлеменіз
II	бар+мақ емес+сін+дер кел+мек емес+сін+дер сат+пақ емес+сін+дер кет+пек емес+сін+дер жаз+бақ емес+сін+дер жүз+бек емес+сін+дер	бар+а+жақ емес+сең+лер кел+е+жақ емес+сең+лер жаз+а+жақ емес+сең+лер кет+е+жақ емес+сең+лер жүз+е+жақ емес+сең+лер
III	бар+мақ емес кел+мек емес сат+пақ емес кет+пек емес жаз+бақ емес жүз+бек емес	бар+а+жақ емес кел+е+жақ емес жаз+а+жақ емес кет+е+жақ емес жүз+е+жақ емес

	б) Мақсатты келер шак еістікке (гүбір/негіз) <i>-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек</i> қосымшалары, одан соң <i>-шы/-ші</i> қосымшасы жалғанып, одан кейін жіктік жалғауларының үстелуі арқылы да жасалады.	б) Нийетли келер мәхәлде - <i>бақшы, -бекши, -мақшы, -мекши</i> формаларына <i>-шы/-ші</i> қосымтасы менен бетлик жалғаулары арқалы жасалады.
<i>Болымды түрі - Болымды формасы</i>		
I	бар+мақ+шы+мын кел+мек+ші+мін сат+пақ+шы+мын кет+пек+ші+мін жаз+бақ+шы+мын жүз+бек+ші+мін	бар+мақшы+ман кел+мекши+мен жаз+бақшы+ман сат+пақшы+ман жүз+бекши+мен
II	бар+мақ+шы+сың кел+мек+ші+сін сат+пақ+шы+сың кет+пек+ші+сін жаз+бақ+шы+сың жүз+бек+ші+сін	бар+мақшы+саң кел+мекши+сең жаз+бақшы+саң сат+пақшы+саң жүз+бекши+сең
III	бар+мақ+шы кел+мек+ші сат+пақ+шы кет+пек+ші жаз+бақ+шы жүз+бек+ші	бар+мақшы кел+мекши жаз+бақшы сат+пақшы жүз+бекши
<i>Болымсыз түрі - Болымсыз формасы</i>		
I	бар+мақ+шы емес+пін кел+мек+ші емес+пін сат+пақ+шы емес+пін кет+пек+ші емес+пін жаз+бақ+шы емес+пін жүз+бек+ші емес+пін	бар+мақшы емес+пен кел+мекши емес+пен жаз+бақшы емес+пен сат+пақшы емес+пен жүз+бекши емес+пен

II	бар+мақ+шы емес+сiң кел+мек+шi емес+сiң сат+пақ+шы емес+сiң кет+пек+шi емес+сiң жаз+бақ+шы емес+сiң жүз+бек+шi емес+сiң	бар+мақшы емес+сең кел+мекши емес+сең жаз+бақшы емес+сең сат+пақшы емес+сең жүз+бекши емес+сең
III	бар+мақ+шы емес кел+мек+шi емес сат+пақ+шы емес кет+пек+шi емес жаз+бақ+шы емес жүз+бек+шi емес	бар+мақшы емес кел+мекши емес жаз+бақшы емес сат+пақшы емес жүз+бекши емес

## §17 КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР

Түркі тілдерінде етістік қызметі көмекші етістіктермен тығыз байланысты. Көмекші етістіктер грамматикалық дамудың нәтижесінде бастапқы лексикалық мағынасынан айрылып, грамматикалық қызметке өткен, яғни грамматикалану үдерісінің нәтижесі ретінде қарастырылғанымен, олардың басым бөлігі дербес етістіктер ретінде де кеңінен қолданылады. Көмекші етістіктер қимылдың қалай жасалғанын нақтылы сипаттап, дәл көрсетуде ерекше қызмет атқаратындықтан көмекші етістіктердің қатысынсыз қимыл, іс-әрекеттің ерекшеліктері толық айқындалмайды. Қазақ-қарақалпақ тілдерінде де бірнеше көмекші етістіктер қолданылады.

*Кесте 55*

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі көмекші етістіктер

КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР ҚЫЗМЕТІНДЕ ЖҰМСАЛАТЫН ЕТІСТІКТЕР КӨМЕКШІ ФЕЙІЛДЕР ХЫЗМЕТІНДЕ ЖҰМСАЛАТУҒЫН ФЕЙІЛДЕР			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тілінде	
<i>Көмекші етістіктер</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Көмекші феиіллер</i>	<i>Мысаллар</i>
ал-	жүре алу айта алу	ал-	айта алыў сөйлей алыў

	оқып алып кету істеп алып кету		көре алыу
баста-	билей бастау айғайлай бастау үре бастау сөйлей бастау	басла-	айта баслау сөйлей баслау көре баслау оқый баслау
бар-	азайып барады сарғайып барады ескіріп барады кетіп барады кетіп бара жатыр	бар-	кетіп баратыр жырлап баратыр оқып баратыр
бер-	арта беру азая беру/кеми беру үлкея беру нашарлай беру жаксара беру сала беру сөйлей беру ойнай беру оқи беру	бер-	санай беру оқый беру айта беру сөйлей беру көре беру күле беру ойнай беру жылай беру жырлай беру
бол-	жазып болу айтып болу оқып болу сұрап болу істеп болу	бол-	көріп болыу айтып болыу оқып болыу сұрап болыу жазып болыу
біт-	айтып біту көріп біту оқып біту ішіп біту	-	-
жат- /жатыр-	бара жатыр кетіп бара жатыр оқып жатыр ойнап жатыр күліп жатыр	атыр-	көріп атыр ойнап атыр оқып атыр ойнап атыр күліп атыр
жібер-	жағып жіберу суытып жіберу жырлап жіберу/ән салып жіберу	жибер-	суытып жибер жағып жибер жырлап жибер

кел-	шешек атып келеді іс бітіп келеді жасарып келеді	кел-	косык айтып келди жұмыс ислеп келди
кет-	агтап кету жүгіріп кету мініп кету алып кету	кет-	жүгірип кетиу алып кетиу миһип кетиу алып кетиу
қал-	келіп қалу алып қалу беріп қалу бітіп қалу	қал-	келип қалу алып қалу берип қалу
қой-	күліп қою қарап қою күрсініп қою айғайлап қою	қой-	күлип қойу қарап қойу гүрсинип қойу бақырып қойу
отыр-	оқып отыр келіп отыр сөйлеп отыр	отыр-	сөйлеп отыр оқып отыр келип отыр
сал-	айта салу асай салу кете салу	сал-	қаша салу айтып салу берип салу
таста-	айтып тастау жыртып тастау	тасла-	жыртып таслау айтып таслау
тұр-	келіп тұр оқып тұр ойшап тұр	тур-	барып тур келип тур оқып тур
шық-	оқып шығу айтып шығу	шық-	оқып шығу айтып шығу
бақ-	айтып бақты әректтеніп бақты	-	

### §18 ҮСТЕУ

Түркі тілдеріндегі қимыл-әрекеттің жай-күйін, әртүрлі белгілерін, жүзеге асу амалдарын, мекенін, себебін, мезгілін білдіретін сөз табы – үстеулердің табиғаты тым күрделі, сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметі де нақтылы сөйлем мүшелеріне байлаулы емес, негізінен етістікпен

қабыса байланысып, пысықтауыш қызметін атқарса, кейде заттанып, бастауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалады.

Үстеулер морфологиялық тұлғасын өзгертуге де бейім келеді, яғни есім сөздерге тән қосымшаларды қабылдап түрленеді. Сондықтан түркі тілдеріндегі үстеулерді кей жағдайда зат есім, сын есімдерден, есімдіктерден ажыратып алу қиындықтар тудырып жатады. «Кейбір сөздерді белгілі бір сөз табына енгізу мүмкін емес, олар екі немесе үш категория арасындағы ауыспалы бірліктер: 1) зат есім – етістік; 2) етістік – зат есім; 3) зат есім – сын есім; 4) сын есім–зат есім; 5) сын есім – үстеу; 6) зат есім – сын есім – үстеу; 7) үстеу – сын есім – зат есім. Барлық жағдайдағы бастапқы нүктесін лексеманың семантикасы айқындайды, ол сөздің грамматикалық дамуы сөйлем ішіндегі синтаксистік қызметіне байланысты»<sup>34</sup>. Жалпы сөз таптарын тұрақтандырғыш тепіктер қызметін морфологиялық көрсеткіштер (аффикстер) атқарады, тұрақтанған сөз таптары үш өлшемге – семантикаға, синтаксиске, морфологияға бағынады. Ал үстеу тудыратын қосымша морфемалар кей жағдайда басқа сөз таптарын жасайтын қосымшалармен, септік категорияларымен, көсемшенің, есімшенің жұрнақтарымен сәйкес келіп жатады. «Үстеудің көпшілігі басқа сөз таптарынан әр түрлі тәсілдер арқылы қалыптасқан сөздер. Елеусіз ғана мағыналық және морфологиялық өзгеріс арқылы сөз табының әрқайсысы үстеуге айналады»<sup>35</sup>.

Түркі тілдерінің қыпшақ тобындағы қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі үстеулердің құрылымы, сөйлемдегі қызметі бірдей болғанымен, оларды лексика-семантикалық тұрғыдан топтау мәселесінде біраз өзгешеліктер бар. Сондай-ақ қазақ тілінде сын есімдер құрамында қарастырылатын кейбір лексемалар қарақалпақ тілінде үстеулерге жатқызылады.

Қазақ-қарақалпақ тілдерінде үстеулер морфологиялық құрылымы жағынан түбір (негізгі) үстеулер/түбір рәуиш, туынды үстеулер/дореңди және күрделі үстеулер/қоспа рәуиш болып үшке бөлінеді.

Түбір үстеу / Түбір рәуиш морфемалық құрамы жағынан болшектеуге келмейтін (синхронды тіл білімі бойынша) сөздерден

---

<sup>34</sup>Дмитриев Н. К. Строй тюркских языков. – Москва: Издательство восточной литературы, 1962. – С. 27.

<sup>35</sup>Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым, 1976. – Б. 181,182.

жасалады. Қазақ тіліндегі негізгі үстеулерге *әрең, енді, қазір, ерте, кеш, үнемі, жылдам, ақырын, жаңа, ығи, тым, аса, өте, әрі, бері, төмен, дереу, кері, нақ, нағыз, дәл, түгел, мүлде* т.б. сөздері, карақалпак тіліндегі түбір рәуишлерге *қазір, әсте/жәи, тез, 'тез', алыс, жақын, ерте, жаңа, көп, аз, дәрхал* т.б. сөздері жаилады.

Туынды үстеу/Дөренди рәуиш баска сөз таптарынан арнайы қосымшалар жалғану арқылы жасалады. Қазақ-карақалпак тілдеріндегі туынды үстеулер кейбір септік жалғауларын қабылдаған сөздердің адвербиалдануы арқылы да жасалады. Қазақ тіліндегі туынды үстеулер: *қатарлаи, қазақша, босқа, түнде, баяғыда, қапыда, лезде, шетінен, шалқасынан, қырынан* т.б. Карақалпак тіліндегі дөренди рәуишлер *ақшалаи, тирилеи, ұсылаи, жасларша, мұсылманша* т.б.

Күрделі үстеу / Қоспа рәуиш - екі немесе одан да көп түбірлердің бірігуі, қосарлануы және тіркесуі арқылы қалыптасқан үстеулер. Қазақ тіліндегі күрделі үстеулер үш түрлі жолмен жасалады: 1) Баска сөз таптарының бірігуі, кірігуі нәтижесінде пайда болған үстеулер: *бүгін, биыл, жаздығүні, қыстығүні, ендігәрі* т.б.; 2) Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған үстеулер: *бірте-бірте, бет-бетімен, бостан- босқа, қолма-қол, оқта-тектте, анда-санда, жата-жастана, жапа-тармағай, аз-аздан, күні-түні* т.б.; 3) сөздердің тіркесуі мен идиомаланған тіркестер: *алдын ала, ала жаздай, күні кеше, күні бүгін, ертеден қара кешке, томаға тұйық, күн ілгері, күн ұзаққа* т.б. <sup>36</sup>

Қарақалпак тілінде күрделі үстеулер жасалу жолына байланысты төмендегі түрге бөлінеді: 1) Сөздердің бірігуі арқылы жасалған үстеулер: *быыл, бүгін, баяғыда* т.б.; 2) Екі сөздің қосарлануы арқылы жасалған қосарлы үстеулер (жүп рәуишлер): *анда-санда, қолма-қол* т.б.; 3) Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған құранды үстеулер (қосарлы рәуишлер): *бир жола, бир қалипте* т.б.

Қазақ тілінде семантикалық жағынан үстеулер сегіз топқа бөлінеді: мезгіл үстеулері, мекен үстеулері, молшер үстеулері, сын-қимыл(бейне) үстеулері, күшейтпелі үстеулер, мақсат үстеулері, себеп-салдар үстеулері, топтау үстеулері. Қарақалпак тілінде үстеулер алты семантикалық топқа жіктеледі: уақыт үстеулері (уақыт), орын (орын), қимыл-бейне (сын), молшер-дәреже (мүғдар дәреже), себеп (сәбәп) мақсат (мәксет).

---

<sup>36</sup>Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б.546.

Мезгіл үстеулері мен мекен үстеулерінің кейбірі шырай жұрнақтарын қабылдайды. Шыраймен түрленетін үстеулердің табиғаты сын есімдерге өте жақын болып келеді. Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі үстеулер шырай формасының екі түрімен –салыстырмалы/салыстырыу және күшейтпелі/артықлық шыраймен түрленеді. Қазақ тіліндегі үстеудің салыстырмалы шырайы *-рақ/-рек, -ырақ/-ірек* және *-дау/-деу, -тау/-теу, -лау/-леу* қосымшалары арқылы, қарақалпақ тілінде *-рақ/-рек, -ырақ/-ірек, -лау/-леу* аффикстері арқылы жасалады: *тезірек оқы* 'тезірек оқы'. Күшейтпелі шырай қазақ тілінде *өте, тым, аса, орасан* т.б. сөздері арқылы, қарақалпақ тілінде *оғыры, күта, дым, жүда* т.б. сөздері негізінде жасалады: *өте тез жүрді – жүда тез жүрді*. Қарақалпақ тілінде күшейтпелі шырай (арттырыу дәрежесі) үстеулердің (рәуишлердің) алдында күшейткіш буындардың қолданылуы негізінде жасалады: *ап-аз, еп-ерте, ұп-ұзақ, жән-жақын, ап-алыс* ж.т.б.

Кейбір үстеулер тәуелдік, септік, жіктік жалғауларымен түрленеді. Үстеулердің тұлғалық өзгерістерге ұшырауы негізінен белгілі бір коммуникативтік қызмет өрісінде қолданылады. Қазақ тілінде үстеулер нысықтауыш, баяндауыш, бастауыш, анықтауыш, толықтауыш қызметінде жұмсалады. Қарақалпақ тілінде - нысықтауыш: *Ол жақсы оқиды* 'Ол жақсы оқиды'. *Жүда тәсірлі қосық аитты* 'Өте әдемі ән салды'. *Бираз жұмыс істеп, дем алмақшы болдым* 'Біраз жұмыс істеп, демалайық деп шештік'; баяндауыш қызметінде сирек қолданылады: *Ең ұзақ күн - бүгін*. 'Ең ұзақ күн - бүгін'; бастауыш (зат есім орнына жұмсалғанда): *Аз көпке бағынар* 'Аз көпке бағынар'; толықтауыш: *Аз көпке бағынар*, 'Аз көпке бағынар'.

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі үстеулер қатарына жатқызылатын лексемалар әрдайым сәйкес келе бермейді, қарақалпақ тіліндегі кейбір үстеулер қазақ тілінде сын есімдер қатарында қарастырылады.

Кесте 56

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі үстеулер

ҮСТЕУ - РӘУИШ			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тілінде	
Үстеулердің құрылымы - Рәуишлердің құрамы			
Түбір/ негіз	жылдам, әрең, әдейі, жорта, әзір, әлі, бұрын, қасакана, ұдайы,	Түбир рәуиш	жылдам, тез, бәрхә, көп, аз, талай, әдеуір, жана, аса,



	акырын, ерте, кеш, жоғары, төмен, қазір, үнемі, дерсу, жана, енлі, шаншан, бағана, ілгері, әрі, бері, мана, ылғи, бекер, кері, нағыз, дәл, өге, тым, аса, мүлде, оқыс, түгел т.б.		жүдә, дым, кеш, хәзир
<b>Туынды</b>	ақшалай, қатарлай, қазақша, менше, сенше, түнде, күнде, баяғыда, босқа, артқа, текке, кешке, әзірге, бірге, бекерге, қапыда, лезде, армен, бермен, ерекше, шетінен, қырынан, төгеден, шалқасынан, етпетінен, көлденеңінен, ұзынынан, кенеттен т.б.	<b>Дөренди рәуишлер</b>	тирилей, ақшалай, онша, бунша, баска, булай, баяғыда, меніңше
<b>Күрделі</b>	а) кіріккен және біріккен үстеулер: биыл, бүгін, жаздығүні, қыстығүні, ендігәрі, екіталай т.б.; б) қосарлы үстеулер: ертелі-кеш, бірте-бірте, бет-бетімен, бостан-босқа, қолма-қол, оқта-текте, анда-санда, жата-жастана, жапатармағай, аз-аздап, күні-түні т.б.; в) сөздердің тіркестері мен идиомаланған тіркестерден жасалған үстеулер: алдын ала, ала жаздай, күні кеше, күні бүгін, ертеден кара	<b>Қоспа рәуишлер</b>	а) бириккен рәуишлер: быйыл, бүгін, баяғыда  б) жуп рәуишлер: анда-санда, қолма-қол, аз-азлап  в) қосарлы рәуишлер: бір жола, бір қалыпта

	кешке, томаға түйік, күн ұзаққа, әлі күнге, күн ұзаққа т.б.		
<b>Үстеулердің семантикалық топтары – Рәуишлердің семантикалық топар</b>			
<b>Қазақ тілінде</b>		<b>Қарақалпақ тілінде</b>	
<i>Үстеу түрінің аты (сұрақтары)</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Рәуиш түрлері</i>	<i>Мысаллар</i>
<b>Мезгіл үстеулері (қашан? қашаннан?)</b>	ала жаздай, бүгін, биыл, ертең, енді, таңертең, кеше, кешке, күндіз, түнде, қыстыгүні, қыстай, жаздай, әуел баста, биылша, бүгінше, әзірше, жазда, қыста, күзде, көктемде, күнде, лезде, ілуде, бағанадан, баяғыдан, ертемен, ертелі-кеш, анак-сапақта, жазғытұрым, кешкүрым, іңірде, таң сәріде, жаз бойы т.б.	<b>Ұақыт рәуиш (қанша?)</b>	бүгін, биыл, баяғыда, хәзир, әлле ұақытта, бір күни, мүдам, бір түнде, кеше, күндіз, быылша, хешкүрын, жаз бойы
<b>Мекен үстеулері (қайда? қайдан?)</b>	әрі, бері, әрмен, алға, артқа, артта, тысқары, ішкері, ілгері, төмен, жоғары, ілгері, осында, мұнда, кері, алды-арты, әрі-бері, жолшыбай, жол-жөнекей т.б.	<b>Орын рәуиши (қайдан? қайда)</b>	мында, аңда, төменде, алда, артта, ояқта, усыңда, ары, бери, алға, артқа, жоқары, төмен, жол-жөнекей
<b>Мөлшер үстеулері (қанша? қаншалық? қаншама? қалай? қалайша?)</b>	сонша, осыншама, мұнша, анағұрлым, сондайлық, бірен-саран, бірлі-жарым, азды-көпті, некен-саяқ, едәуір, бірталай, біраз, бірқыдыру, бірсыпыра	<b>Мүгдар дәреже рәуиши (қанша?)</b>	әдеуір, сонша, талай-талай, онша, бунша, усынша, анағұрлым, бірен-сорак, бір талай, біраз, азлы-көпли

	т.б.		
<b>Сын-қимыл (бейне) үстеулері (калай? қайтіп? қалайша? кімше?)</b>	ақырын, тез, шапшаң, шалқасынан, әзер, зорға, оқыс, дереу, өзінше, қапыда, лезде, үнемі, бостан-бос, ерекше, емін-еркін, өзгеше, тікелей, ретімен, кезекпен, жайымен, астыртын, жасырын, үстіртің, бірден, біржола, жападан-жалғыз, жайбаракағ, беймарал, қолма-қол, тікелей, зым-зия, көйлекшен, ауызша, жазбаша, қазақша т.б.	<b>Сын рәуиши (қайтіп? қалай? қалайынша?)</b>	тосаттан, бірден, бір жола, мұсылманша, қозди ашып жумғанша, әсте ақырын, тез, зорға, өзінше, шалқасынан, дәрриу, өзгеше, жасырын, үстіртің, жай паракхат, зым-зия, көйлекшен, ауызша т.б.
<b>Күшейтпелі үстеулер</b>	ең, тым, өте, әбден, мүлде, кілең, өңкей, орасан, нағыз, керемет т.б.	ө	ө
<b>Мақсат үстеулері (не мақсатпен?)</b>	арнайы, әдейі, жорта, қасақана, әдейілеп, арнайылап т.б.	<b>Мақсет рәуиши (не мақсетте?)</b>	жортаға, қасаған, жорта, қасақана, әдеті
<b>Себеп-салдар үстеулері (неге? не себепті?)</b>	босқа, бекерге, текке, лажсыздан, амалсыздан, құр босқа, шарасыздан т.б.	<b>Себеп рәуиши (не себеп?)</b>	босқа, илажсыздан, бийқарға, жайша
<b>Топтау үстеулері (қаншадан? нешеден?)</b>	аздап, біреулеп, бір-бірлеп, екеулеп, жекелеп, көптеп, қос-қостап, топтап, жүздеп, мыңдап т.б.	ө	ө
<b>Үстеулердің шырай жұрнақтарын қабылдауы - Рәуиш дәрежелері</b>			

Қазақ тілінде		Қарақалпақ тілінде	
Үстеулердің шыраймен түрленуі	Мысалдар	Рәуиш дәрежелері	Мисаллар
Жай шырай	шапшаң жүреді алға шықты тез аттайды	Жай рәуиш	жана, хәзир, соң, кейин, көп, аз, тез
Салыстырмалы шырай	шапшаңырақ жүреді алғарак шықты тезірек аттайды	Салыстырыу дәреже	алысырақ, көбірек, қысқарак, тезірек, илгерірек
Күшейтпелі шырай	өте шапшаң жүреді ен алға шықты өте тез аттайды	Арттырыу дәреже	оғада көп, ап-аз, жап-жақын, жүдә-тез, ен алға
Қолданысы – Қолланылуы			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тілінде	
Пысықтауыш	Біраз істеп, демалайық деп шештік.	Пысықлауыш	Біраз ислеп, дем алайық деп отырдық.
Баяндауыш	Күннің ең әдемісі – бүгін.	Баянлауыш	Күннің ең әхмийетлиси – бүгін.
Бастауыш	Еріншектің ертені бітпес.	Баслауыш	Ериншектің ертені таусылмас.
Толықтауыш	Бірталайын бүгін кордім.	Толықлауыш	Бир талайын бүгін кордим.

## § 19 ШЫЛАУ

Шылау сөздерге ішкі мазмұндары жағынан да, сыртқы формалары жағынан да сондай-ақ қызметтері жағынан да өздерінің бастапқы төркіндерінен біржола қол үзіп, дербестігінен айырылып, өз алдына категория болып қалыптасқан көмекші сөздер жатады. Шылаулар – сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы ренктер үстейтін, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер. Шылауларда аз да болса, лексикалық мағынаның нышаны болғанымен, онда қалыптасқан негізгі қасиет – грамматикалық мағыналар. Сол

грамматикалық мағыналары өзі үшін емес, өзіне тән формалары арқылы өзінің грамматикалық мағыналарын толық камти алмайтын атаушы сөздерге жәрдемші дәнекер ретінде жұмсалады да, сөз тіркестерінің белгілі бір компоненті ретінде атаушы сөздердің жетегінде қолданылады.

Қазақ тіліндегі шылаулар грамматикалық мағыналары мен сөйлемде атқаратын қызметіне қарай үш топқа бөлінеді: жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер.

Қарақалпақ тілінде шылау түрлері көмекші(көмекши) сөз таптарына жататын жеке-жеке сөз таптары түрінде қарастырылады: дәнекерлер `жалғаулықтар`, тиркеуішлер `септеуліктер`, жананайлар `демеуліктер`. Қарақалпақ тіліндегі дәнекерлер `жалғаулықтар` сөз бен сөйлемдерді байланыстыру үшін қызмет етеді. Құрылымына қарай бөлінуі:

1) дара(жай): *бірақ* `бірақ, алайда`, *лекин* `бірақ, дегенмен`; *яғни* `яғни`, *қам* `және`, *егер* `егер`, *кейде* `кейде`, *базда* `базда бір, анда-санда`;

2) коспа (күрделі): *тағы да* `тағы да`, *сонлықтан* `сондықтан`, *және де* `және де`, *ямаса* `немесе, болмаса`, *деген менен* `дегенменен`, *я болмаса* `я болмаса` т.б.

Қарақалпақ тіліндегі жалғаулықтар сөйлемде атқаратын қызметтеріне қарай дизбеклеулі дәнекерлер (салаластырғыштық) және бағындырыушы дәнекерлер (сабақтастырғыштық) болып бөлінеді.

Дизбеклеуші дәнекерлер (салаластырғыштық) іштей келесі топтарға бөлінеді: а) бириктиріуші дәнекерлер (ыңғайластық): *қам, қам де, және, және де, тағы, тағы да, менен, пенен, бенен, -дәл-де, -тал-те*; қарсылас дәнекерлер (қарсылықты): *бірақ, лекин, ал, сонда да, солай да, сойтсе де, солай болса да* т.б.; в) ауыспалы дәнекерлер (талғаулықты): *я, ямаса, яки, болмаса, я болмаса, яки болмаса, не алле* т.б.; г) тезеклес дәнекерлер (айқындауыштық): *ғә, ғәхи, кейде, гәде, базда, биресе, бирде*.

Бағындырыушы дәнекерлер (сабақтастырғыштық): а) себеп дәнекерлері: *себеби, өйткені, неге, десең*; б) нәтиже дәнекерлері: *сонлықтан, сол себебі, сол үшін, соның үшін, нәтижесінде, ұсының нәтижесінде, соның салдарынан, ақыбетінде, соның арқасында* т.б. в) шарт дәнекерлері: *егер, егер де* т.б.

Қарақалпақ тіліндегі тиркеуішлер (септеулік шылаулар) көбінесе көпмағыналы болып келеді. Қарақалпақ тіліндегі септеуліктер келесі топтарға ажыратылады:

а) Атау және ілік септік тұлғалы сөздерді қажет ететін септеулік шылаулар: *менен* `менен`, *үшын* `үшін`, *киби*, *яңлы*, *тәризи*, *сыяқлы* `сияқты, секілді, тәрізді`, *түрде* `сықылды, тәрізді`, *құрлым*, *құрлы*, *қурақым* `ғұрлы`, *арқалы* `арқылы`, *бойы*, *бойынша* `бойынша, бойында`, *сайын*, *тууралы*, *даққында*, *жөнінде* `жайында, жөнінде`: бұл сыяқлы `бұл секілді`; *мен сыяқлы* `мен сияқты`; *сен қам апам үшын* `сен және апам үшін`;

б) Барыс септік тұлғалы сөздерді қажет ететін септеулік шылаулар: *таман*, *қарай* `қарай, таман`; *дейин*, *шейин* `дейін, шейін`; *сай* `сай, сәйкес`, *қарсы-қарсы*, *таман* `қарай, таман`; *қарай*, *қарап* `қарағанда, қарамастан`: *мектепке шекем* `мектепке дейін`; *бизге қарай* `бізге қарай`;

в) Шығыс септігіндегі сөзлерді басқарып тұратын септеуліктер/ тиркеуішлер: *бери*, *берли*, *бермаган*, *берман*, *бетер*, *баслап*, *бурын*, *илгери*, *алдын*, *соң*, *кейин*, *гөри*, *басқа*, *өзге*, *бөшен*, *тыс*, *аслам*, *артық*; г) табыс септігіндегі сөзлерді басқарып тұратын септеуліктер/ тиркеуішлер: *жағалап*, *бойлап* т.б.

Қарақалпақ тілінде *асты* `асты`, *үсти* `үсті`, *бас* `бас`, *жаны* `жаны`, *жақ* `жақ`, *тыс* `тыс`, *иш* `иш`, *алды* `алды`, *арасы* `арасы`, *орта* `орта` т.б. уақыт және орын мәнді сөздер септеулік шылаулардың қызметінде жиі қолданылады. Олар тәуелдік жалғауының үшінші жақ көрсеткіштері *-ы*, *-е*, *-сы*, *-си* аффикстерін жалғайды:

Орын мәні/орын мәнісі: *шкафтың алдына қой* `шкафтың алдына қой`, *шкафтың алдынан ал* `шкафтың алдынан ал`, *шкафтың алдында тұр* `шкафтың алдында жатыр`, *ойыншықтар арасында тұр* `ойыншықтар арасында тұр`, *шкафтың артынан ізде* `шкафтың артынан ізде`, *шкаф артынан ал* `шкафтың артынан ал`, *шкаф артында тұр* `шкафтың артында тұр`, *столдың астына қой* `үстелдің астына қоя сал`, *стол астынан ал* `үстелдің астынан ал`, *стол астында тұр* `үстелдің астынада жатыр`, *мектепке қарсы* `мектепке қарама – қарсы`, *столдың үстінде* `үстелдің үстінде`, *жолдың ортасында киятыр* `жолдың ортасында келе жатты`, *үйдің түбінде* `үйдің іргесінде`, *үйдің ишінде* `үйдің ішінде`, *тоғандың ишінде* `орман іші`, *үйдің қапталынан* `үйдің жанынан`, *үйдің жанында* `үйдің жанында`, *студенттер арасында* `студенттердің арасында`.

Бағыт-бағдар мәні/бағдар, жөнеліс мәнісінде: *мектепке қарай* (*таба*, *табан*) *кетти* `мектепке қарай кетті`; *шкафтың ишінен ал* `шкафтың ішінен ал`; *шкафтың ишінде жатыр* `шкафтың ішінде жатыр`; *шкафтың ишіне қой* `шкафтың ішіне сал`; *шкафтың жанына бар* `шкафтың жанына бар`; *шкафтың жанынан кет* `шкафтың жанынан кет`.

Уақыт және аралық мән/ уақыт және аралық мәнісінде: *мектепке шекем`мектепке дейін`, күн бойы`күн бойы` сабақтан соң`дәрістен кейін соң`, таң азаннан басып`танертеннен бері/азаннан бері`, кешке таман`кешке таман, кешке қарай`. Септеуліктер құрмалас сөйлем компоненттерін байланыстыруда да кенінен қолданылады.*

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі шылаулардың жіктелуі әрдайым сәйкес келе бермейді. Мысалы, қарақалпақ тілінде шарттылық жалғаулықтар ажыратылмайды, ал қазақ тілінің академиялық грамматикасында анықтаушы жалғаулықтар жеке қарастырылмайды.

*Кесте 57*

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі жалғаулықтар

<b>ЖАЛҒАУЛЫҚТАР – ДӘНЕКЕРЛЕР</b>			
<b>Қазақ тілінде</b>		<b>Қарақалпақ тилинде</b>	
Жалғаулықтар тең дәрежедегі бірыңғай сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді байланыстырып, олардың арасындағы әр түрлі қатынастарды білдіреді. Олар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркесіне бірдей қатысты болып, оларды бір-бірімен жалғастыру үшін қолданылады.		Дәнекерлер сөз бенен сөздің, сөз дизбеклерінің, сондай-ақ гәптің биргеликши ағзалары менен қоспа гәптің құрамындағы жай гәплерди байланыстырыу үшін қолланылады.	
<b>Жалғаулықтардың құрылымы – Дәнекерлердің құрамы</b>			
<i>Жалғаулық шылаулар</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Дәнекерлер</i>	<i>Мысаллар</i>
<b>Дара</b>	және, мен/бен/пен, яғни, себебі, бірде, болмаса, сондықтан, егер, меілі, бірде т.б.	<b>Дара дәнекерлер</b>	және, менен, себеби, бирде, болмаса, сонлықтан, егер, меіли т.б.
<b>Күрделі</b>	не болмаса, сол себепті, неге дессен, онда да, сонда да, сөйтсе де, әйтсе де, сондықтан да	<b>Қоспа дәнекерлер</b>	сол себепли, неге дессен, онда да, сонда да, сөйтсе де, сонлықтан да т.б.

	т.б.		
<b>Жалғаулықтардың түрлері - Дәнекерлердің түрлері</b>			
<i>Жалғаулықтардың түрлері</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Дәнекерлердің түрлері</i>	<i>Мысаллар</i>
<b>Ыңғайластық жалғаулықтар:</b> мен/бен/пен, менен/ бенен/пенен, да/де/та/те, және, әрі, һәм	Анасы мен Сәлима ұзақ сөйлесіп отыр.	<b>Бириктириуш и дәнекерлер:</b> менен, және, да, те, хәм т.б.	Анасы менен Сәлима ұзақ сөйлесіп отырды.
<b>Қарсылықты жалғаулықтар:</b> яки, бірақ, алайда, әйтсе де, әйткенмен, әйтпесе, әйткенде, дегенмен, онда да, сонда да, сөйтсе де	Ақшасы жоғын біле тұра, сонда да өзі байқамай қолын қалтасына салды.	<b>Қарсылас дәнекерлер:</b> бірақ, лекин, сөйтсе де, деген менен	Ақшасы жоғын біле тұра, сонда да өзі билместен қолын қалтасына салды. Темиршимен, бірақ еле жетик уста емеспен.
<b>Талғаулықты жалғаулықтар:</b> Әлде, біресе, кейде, я, яки, мейлі, бірде, болмаса, не, немесе, болмаса, не болмаса, күй	Біресе мен барамын, біресе ол барады.	<b>Ауыспалы дәнекерлер:</b> я, ямаса, яки, я болмаса	Біресе мен бараман, біресе ол барады. Мүмкін ағасы я иниси шығар.
ө	ө	<b>Гезеклес дәнекер:</b> гә, гәхи, гейде, базда	Гә жауын буршакқа, гә қарға айланды 'Жауын не буршакқа, не қарға айналады'.
<b>Себептік жалғаулықтар:</b> себебі, өйткені, неге десең	Уақытында келе алмадым, себебі жұмыс көп болды.	<b>Бағындырыуш ы дәнекердың 3 түрі бар:</b> 1.Себеп дәнекер	Уақытында келе алмадым, себебі жұмыс көп болды.



<b>Себеп-салдарлық жалғаулықтар:</b> сондықтан, сол себепті, себебі, өйткені	Іс көп болды, сондықтан келе алмадым. Іс көп болды сол себепті уақтылы келе алмадым.	<b>2.Нәтиьже дәнекер</b>	Жумыс көп болды сол себепли келе алмадым.
<b>Шарттық жалғаулықтар:</b> егер, егерде, алда-жалда, онда	Егер мен келе алмасам, өздерің жалғастырасыңдар.	<b>3. Шарт дәнекер</b>	Егер мен келе алмасам, өздерің дауам етінлер.

Кесте 58

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі септеуліктер

<b>СЕПТЕУЛІКТЕР – ТИРКЕУИШЛЕР</b>			
<b>Қазақ тілінде</b>		<b>Қарақалпақ тилинде</b>	
Септеуліктерсөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді сабақтастыра байланыстырады, өзі қатысты сөздің белгілі бір тұлғада тұруын талап етіп, әр түрлі грамматикалық қатынастарды білдіреді.		Тиркеуишлер атауыш ямаса атауышылық хызметте қолланылатуғын сөлерден кейин келип, белгили бир сеплик формасында турыуын талап еттип мәнили сөзлер менен синтаксислик тилдин зәрүрли грамматикалық қуралы.	
<b>Септеуліктердің түрлері – Тиркеуишлердің түрлері</b>			
<i>Септеуліктердің түрлері</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Тиркеуиштің түрлері</i>	<i>Мысаллар</i>
<b>Атау септігін меңгеретін септеуліктер:</b> арқылы, туралы, жайында, жайлы,	Осы сияқты (секілді, тәрізді) Мен сияқты (секілді) Сен және апам	<b>Атау сеплигиндеги сөзлерди басқарып келетуғын</b>	Усы сияқлы Мен сияқлы Сен хәм апам ушын

жөнінде, сияқты, секілді, бойы, бойда, бойынша, үшін, бойымен, сайын, ғұрлы, шамалы, шақты, қаралы.	үшін	тиркеуішлер: арқалы, тууралы, жөнінде, сияқты, бойынша, сайын, шамалы, шақты.	
<b>Барыс септігін меңгеретін септеуліктер:</b> Дейін, шейін, төмен, қарай, қарап, қарсы, салым, тарта, жуық, таяу.	Мектепке дейін. Бізге қарай.	Барыс сеплигиндегі сөзлерді басқарып келетуғын тиркеуішлер: дейін, қарай, қарап, шекем.	Журттың бәрі өз ақсақалына таман жақылап барғысы келді. Бізге қарай. Мектепке шекем.
<b>Шығыс септігін меңгеретін септеуліктер:</b> бері, кейін, соң, бұрын, бетер, гөрі, әрі, бөлек, өзге	Дәрістерден соң. Содан бері. Бұдан бетер. Менен бұрын.	Шығыс сеплигиндегі сөзлерді басқарып келетуғын тиркеуішлер: бері, кейін, соң, бұрын, бетер, гөре.	Бір жылдан бері. Соннан берлі. Бұннан бетер. Меннен бұрын.
<b>Көмектес септігін меңгеретін септеуліктер:</b> қатар, бірге, қабат, қоса	Атқарумен қатар. Мұнымен бірге. Оған қоса.	ø	ø

Кесте 59

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі демеуліктер

ДЕМЕУЛІКТЕР – ЖАНАПАЙЛАР	
Қазақ тілінде	Қарақалпақ тілінде
Демеуліктероздері тіркесетін сөздерге әр түрлі қосымша мағына (реңк)	Жанапайлар сөзге, сөз дизбегіне, гәпке хәр түрлі қосымша мәні

үстейді.		береди	
Демеуліктер түрлері	Мысалдар	Жанапайлардың түрлері	Мысаллар
<b>Сұраулық демеуліктер:</b> ма/ме, ба/бе, па/пе, ше	Сіз оның ұлысыз ба?	Сорау жанапайлары ма/ме, ба/бе, па/пе, ғой	Машина еле көп тоқтай ма?
<b>Күшейтпелі демеуліктер:</b> -ақ, -ау, -ай, да, (де, та, те) шы, ші	Біреуі де келмеген.	Күшейтіну жанапайлары да, де, дағы, хәм, ақ	Біреуі де келмеген.
<b>Нақтылау демеуліктері:</b> кой /ғой, -ды /-ді, -ты/-ті	Айттым ғой. Айттық кой. Айтты ғой.	Анықлау жанапайлары ғой, дә, ау, нағыз, дәл	Адамда албыратын таслады ғой. Қалған дә, қудай-ау
<b>Шектеу демеуліктері:</b> кана (ғана), -ақ, тек	Ол ғана біледі.	Ажыратыу яки шеклеу жанапай тек, ғана, тәнха, гилең, ылғый, гил	Енди тек тоғип тоғип сууғарыу керек.
<b>Болжалдық демеуліктер:</b> -мыс, (-міс), -ау	Ол бұл туралы біледі -ау.	Ишки сезимлик мәни бериуши жанапайлар -мыш, -миш, ау, ай, емиш, сымак	Өйипбей лапызынын кеңин-ай!
<b>Болымсыздық демеуліктер:</b> түгіл, тұрсын, тұрмак	Ол түгіл, біз де естімедік. Ол былай тұрсын, сені де көзге ілмеді.	Салыстырыу жанапай Түуе, тап, мисли	Ол түуе бизлерде еситпедик. Көзи тап кийішктің көзине мегзер.
<b>Қомсыну мәнді</b>	Құс екеш құс та	ø	ø

демеулік: екеш	баланын тастамайды.		
-------------------	------------------------	--	--

## §20 МОДАЛЬ СӨЗДЕР

Модаль сөздер тілдегі модальдылық және предикаттық құбылыстармен тығыз байланысты. Предикаттылық сөйлем мазмұнының ақиқат шындықпен жалпы арақатынасын білдіреді. Ал сөйлемде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасы модальдық қатынас болып табылады<sup>37</sup>. Сөйлеушінің хабарды, акпаратты қалай түсінуі, ақиқат шындыққа деген көзқарасы, өз тарапынан берілген сипаттамасы модальдылық қатынастың мәнін құрайды. Демек модаль сөздер сөйлеуші субъектінің айтылған ойдың шындыққа қатынасы жөніндегі көзқарасын сипаттайды.

Модаль сөздер түркі тілдерінде негізінен көмекші сөздер қатарына жатады, қазақ тілінде де көмекші сөздер ретінде қарастырылады. Модаль сөздердің заттық-дербестік мағынасы болмайды, олардың семантикалық сапасы модальділікті білдіретін грамматикалық мағынамен сабақтасып жатады.

Қазақ тіліндегі модаль сөздердің жасалу жолдары: 1. Таза модальды және есім модальды сөздердің, сондай-ақ модальды тіркестердің қатарындағы тәуелді формада тұрақтанып қалған лексемалар: қысқасы, ынғайы; 2. Кейбір үстеулер мен үстеу мәнінде қолданылатын зат есімдердің заттық мәнінен айрылу нәтижесінде пайда болады: шын, рас; 3. Предикаттық функциясынан айрылған бағыныңқы сөйлемнің баяндауышынан жасалады: көрінеді, дейді, деседі, білем; 4. Модаль тіркестің бір компонентінің түсіп қалуы арқылы да жасалады: мүмкін; 5. «Бет, бейне, пішін, порым, түр» мағынасын білдіретін түбірлерден жасалады: сияқты, секілді, сықылды, тәрізді, тақылетті, рәуішті, іспетті, әлпетті; 6. Араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздер арқылы жасалады: бәлкі, бәлкі, бәлкім, әлбетте, заңыры, лазым, ықтимал, мүмкін, рас<sup>38</sup>.

Қазақ тіліндегі модаль сөздердің мағыналық топтары:

1. Болжал мәнді модаль сөздер: сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңаны, аңғары, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, нәті, бәлкі (бәлкім, бәлкі), ықтималы, кәдік, болар, шығар, білем, -ды білем, -қан (-

<sup>37</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. –Б.567.

<sup>38</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002.–Б. 571.

ген) білем, *-са (-се) керек, -у керек, -ға (-ге) ұқсайды, -уы мүмкін, тәрізі (түрі) бар;*

2. Міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер: *керек, қажет, тиіс, лазым* сөздерінің қатысуымен *-у керек, -у қажет, -у лазым, -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы тиіс* аналитикалық форманттар;

3. Біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер: *дейді;*

4. Қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер: *рас, расында, шынында, анығында;*

5. Қалау (тілек) мәнді модаль сөздер: *-са (-се) екен, -са (-се) дейм (деймін);*

6. Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер: *кім біледі, -ар ма екен, -са неғылсын;*

7. Сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер: *екен;*

8. Нық сенімділікті білдіретін модаль сөздер: *әрине, албетте* <sup>39</sup>.

Қарақалпақ тіліндегі модаль сөздер төмендегі топтарға бөлінеді:

1. Айтылған ой-пікірдің анықтығын, дұрыстығын нақтылап, сенімділікті білдіретін модаль сөздер: *албетте, хақыықатында, дұрысында, шынында, расында, анығында, хаслында, сөзсиз, шубхасыз: Хаслында, бізлер көп жыллардан берлі қоңсымыз 'Асылында/шындығында, біз көп жылдардан бері көршіміз/ қоңсымыз'.*

2. Күмәнді, сенімсіздікті, дұдамалдықты, болжамды білдіретін модаль сөздер: *бәлкім, бәлкі, мүмкін, шамасы, қандаем: Бәлкім, усы машина менен Гулдана келер? 'Бәлкім, осы машинамен Гүлдана келер?'*

3. Айтылған пікірге эмоционалды қатынасты үстеуші модаль сөздер: *бахтымызға, тилекке қарсы, бір есаптан, ықтыяры* т.б.

4. Пікірдің тосыннан айтылғанын немесе аяқ астынан еске түскенін білдіретін модаль сөздер: *айтпақшы, айтқандаи, айтпашақ, айтанын дегенім: Айтпақшы, сізден бір өтініш бар 'Айтпақшы, сізден бір өтініш бар'.*

5. Бір пікірді екінші пікірге жалғастыруды негіздейтін модаль сөздер: *мысалы, мәселен, айтанық: Мен, мәселен, оларға исене бермеймен 'Мен, мәселен, оларға сене бермеймін'.*

6. Пікірдің айтылу тәртібін, ізбе-ізділігін, сабақтастығын білдіруші модаль сөздер: *біріншіден, екіншіден, бірінші гезекте.*

---

<sup>39</sup>Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. - Б. 577.

7. Пікір иесінің кім екенін білдіруші модаль сөздер: *мениңше, сениңше, айтығынша, сезіңімше* т.б.

8. Бір пікірдің екінші пікірге қарама-қарсылығын білдіретін модаль сөздер: *керісінше, қайтама, қырсығына* т.б.

9. Нәтижені, тұжырымды, қорытындыны білдіретін модаль сөздер: *делек, сөйтіп, құлласы, ұлыұма, қысқасы, ақыры, нәтижеде* т.б.

10. Модальлық мәнге өткен фразеологиялық сөз тізбектері: *құдайға шүкір, садаған кететін, құда биледи, жеме-жемеге келгенде* т.б.

Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі модаль сөздерді топтастыру, оларға жатқызылатын сөздер толық сәйкес келе бермейді.

Кесте 60

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі модаль сөздер

МОДАЛЬ СӨЗДЕР – МОДАЛЬ СӨЗЛЕР			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
Модаль сөздердің мәні	Мысалдар	Модаль сөздердің мәнісі	Мысаллар
Қостау, растау мәнді сөздер	рас, расында, расымен, шынында, шынымен, анығында т.б.	Айтылған ой-пикирдің анықлығын, хақыйқатлығын, дурьылығын тастыйықлап оған исеним билдириуши модаль сөзлер	әлбетте, рас, расында, шынында, тийкарында, сөзсиз, дурьысында т.б.
Сенімділік мәнді модаль сөздер	әрине, әлбетте		
Міндеттілік мәнді модаль сөздер	керек, қажет, тиіс, лазым/ләзім	ø	ø
Болжал мәнді модаль сөздер	сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, әлпеті, жобасы,	Гүманды, исенимсизлик ти болжауды билдириуши модаль сөзлер	Бәлким, мүмкин, қәйдем, бәлким

	қисыны, тәрізі, сиқы, бәлки (бәлкім), ықтимал, кәдік, болар, шығар, білем, мүмкін, тәрізі т.б.		
Тілек, қалау мәнді модаль сөздер	-са/-се +екен, -са/-се+деймін аналитикалық формасы арқылы жасалады: мені шақырса деймін/екен.	ø	ø
Біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер	дейді	Пикирдің ийесинің ким екенлигин билдириуши модаль сөзлер	меніңше, сениңше, айтыуыңша, сезиуімше х.т.б.
Күмән (күдік) үғымын білдіретін модаль сөздер	кім біледі, -ар ма +екен, -са +неғылсын.	ø	ø
Сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер	екен	ø	ø
ø	ø	Айтылған пикирге эмоциональлы қ қатнаста билдириуши модаль сөзлер	бахтымызға, тилекке қарсы, бір есаптан, ықтыяры т.б.

ø	ø	Пикирдің тосаттан пайда болғанын ямаса ядқа түскенин билдириуши модаль сөзлер	айтпақшы, айтқандай, айтпашақ, айтайын дегенім
ø	ø	Бир пикирди екинши пикирге жалғастырыу усылын көрсетиуши модаль сөзлер	мысалы, мәселен, айтайық
ø	ø	Пикирдің айтылыу тәртибин, избе-излигин билдириуши модаль сөзлер	біріншиден, екиншиден, бірінши гезекте.
ø	ø	Бир пикирдің екинши пикирге қарама-карсылығын билдиретуғын модаль сөзлер	керісінше, қайтама, қырсығына т.б.
ø	ø	Улыұма жуұмақты, баҳаны билдириуши модаль сөзлер	демек, сөйтіп, қулласы, улыұма. қыскасы, ақыры, нәтийжеде т.б.
ø	ø	Модальлық мәниге өткен фразеологиял ық сөз	қудайға шүкір, садаған кетейин, куда биледи, жеме-



		дизбеклери:	жемеге келгенде т.б.
--	--	-------------	-------------------------

## §21 ЕЛІКТЕУІШ

Табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуынан немесе тіршілік иелерінің дыбыстау мүшелерінен шығатын әр қилы дыбыстарға еліктеуден, сондай-ақ сол құбылыстар мен заттардың, адамдар мен жан-жануарлардың сыртқы сипаты мен қимыл-әрекет, қозғалыстарының түрлі көріністерін бейнелеу нәтижесінде пайда болған сөздер еліктеу сөздер деп аталады: *арс, гүрс, сырт, тарс, шарт, дүңк, бырт, шаңқ, жалт-жұлт, арбаң-арбаң, ербелең-ербелең, бүгжең-бүгжең, далаң-далаң, тарбаң-тарбаң, маң-маң, алба-жұлба* т.б. Қазақ-қарақалпақ тілдерінде еліктеуіштер/ еліктеуіштер жеке сөз табы ретінде қарастырылады.

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіш сөздер жеке сөздерден немесе қос сөздерден тұрады, сондықтан еліктеуіштер құрылымына қарай дара және күрделі болып бөлінеді. Қос сөздерден жасалған еліктеуіштер қарақалпақ тілінде *жұп еліктеуіш сөздер* деп аталады.

Қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер семантикалық сипатына қарай екіге бөлінеді: еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер. Еліктеуіш сөздер - табиғаттағы, қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттардың, жан-жануарлардың, адамның дыбыстарын сипаттайтын сөздер: *сарт-сұрт, тырс-тырс, қарқ-қарқ, іңә-іңә* т.б. Сөз құрамындағы дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке, ашық не қысаң болуы немесе дауыссыз фонемалардың қатаң не ұяң болып келуі еліктеуіш сөздердің мағынасына әсер етіп, еліктеуіш сөздердің негізіне алынған дыбыстардың сапалық ерекшеліктерін – қарқындылығын, бәсеңділігін т.б. ажыратуға мүмкіндік береді.

Бейнелеуіш сөздер – табиғаттағы, қоршаған ортадағы түрлі іс-әрекеттер мен құбылыстардың, заттардың, жан-жануардың, адамның сыртқы көрінісін, келбетін, пішінін және қимыл-қозғалысын бейнелейтін сөздер тобы: *жалт-жалт, жалт-жұлт, қорбаң-қорбаң, былақ-сылақ* т.б. Қазақ тіліндегі еліктеуіштер дербес сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшелігіне қарай атауыш сөздер қатарынан орын алады.

Қарақалпақ тіліндегі еліктеуіштер де семантикалық уәжіне байланысты дыбысқа еліктеуіш сөздер/сөске еліктеуіш сөздер және

көрініске еліктеуіш сөздер/көриніске еліктеуіш сөзлер болып бөлінеді. Сеске еліктеуіш сөзлер: тарс-тарс, тысыр-тысыр, гүрс-гүрс, гүү-гүү, пыр, жырқ-жырқ, зуу-зуу, шүк-шүк т.б. Көриніске еліктеуіш сөзлер: жалт-жалт, зымп, селк-селк, алба-дулба, жалп-жалп, зыр-зыр, бурқ-бурқ т.б. жалт-жалт, зымп, селк-селк, алба-дулба, жалп-жалп, зыр-зыр, бурқ-бурқ т.б.

Имитатив негізді түбірлер сөзжасам жұрнақтарын белсенді түрде қабылдай отырып, есім сөздер мен етістіктер жасайды, ет-көмекші етістігін жалғап күрделі етістіктер тудырады.

Кесте 61

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі еліктеуіштер

ЕЛІКТЕУІШ – ЕЛИКТЕУІШ			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
<i>Еліктеуіштердің құрамы – Еликтеуішлердің құрамы</i>			
Дара (түбір/негіз)	жарқ, жалт, жылт, тарс, дүрс т.б.	Дара еликтеуішлер	жарқ, жалт, жылт, тарс т.б.
Күрделі / қос сөздер	жарқ-жүрқ, так-түк, тарс-түрс, жалт- жұлт, дүрс-дүрс, тасыр-түсыр, шарт- шүрт, бұлк-бүлк, шиқ-шиқ т.б.	Жуп еликтеуішлер	жалт-жалт, тарс-тарс, так-түк, шарт-шурт, шатыр- шутыр, бүлк-бүлк, шүйік- шүйік т.б.
<i>Еліктеуіштердің түрлері – Еликтеуішлердің түрлері</i>			
Дыбыстық еликтеуіштер	сырт-сырт, шінк- шінк, салп-салп, шыр-шыр, пыр-пыр, сарт-сүрт, сак-сак, сылк-сылк, шанк- шүнк, дар-дар, тарс- түрс т.б.	Сеске еликтеуіш сөзлер	тарс-тарс, тысыр- тысыр, гүрс-гүрс, гүү-гүү,пыр, жырқ-жырқ, зуу-зуу, шук- шук т.б.
Бейнелеуіш сөздер	жарқ-жүрқ, жалт- жұлт, жалп-	Көриніске еликтеуіш	жалт-жалт, зымп, селк-

	жалп, салп-салп, арбан-арбан, едірең- едірең, маң-маң, желп-желп, бүкшен- бүкшен бүрк-бүрк т.б.	сөзлер	селк, алба- дулба, жалп- жалп, зыр- зыр, бурк- бурк т.б.
--	--	--------	--

## §22 ОДАҒАЙ

Лексика-грамматикалық сипаты жағынан адамның көңіл-күйіне байланысты және төрт түлік малға арнайы айтылатын, сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейтін сөздер одағайлар деп аталады. Одағайларға тән басты белгілердің бірі – олардың ерекше бір әуезбен, ырғақпен айтылуы. Бұл ерекшелік одағай сөздерді семантикалық жағынан құбылтып, өзгертуге негіз болады. Жалпы одағайлар семантикалық құбылмалылығына қарай бір мағыналы және көп мәнді болып бөлінеді. Одағайлардың түрлі интонациямен, әуенмен айтылуы олардың мағыналық жағына да әсерін тигізеді. Бұған одағай сөздер құрамындағы ашық дауыстылардың да ықпалы ерекше.

Одағай сөздер көмекші етістіктермен тіркескен жағдайда және зағанғанда белгілі бір сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Одағайлардың күрделі мүше қызметінде жұмсалуда көмекші етістіктің маңызы зор.

Қазақ тіліндегі одағайлар семантикалық мәніне байланысты үш топқа бөлінеді: көңіл-күй одағайлары – *Алақай! Охо! Паи-паи! Қап! т.б.; императивтік-ишара одағайлары – Айда! Тәйт! Сап-сап! Кәне! Жа! (адамға қатысты), Шөре-шөре! Көс-көс! Аштақ-аштақ! Әукім-әукім! т.б.* (малға, үй хайуандарына қатысты); тұрмыс-салт одағайлары – *Хош! Хайыр! Рахмет! Күн! Ассалаумағалейкум! Кеш жарық! т.б.*

Қарақалпақ тіліндегі эмоционал `одағай` құрылымына қарай дара `дара` -әй, хәй, пах (таң қалуды білдіреді), алақай, ах (қуанышты), уак (қорқынышты), ух (өкінішті); пай-пай (таңырқауды білдіреді) т.б.

Қазақ-қарақалпақ тілдерінде жан-жануарлар мен құстардың дыбыстарын, басқа да табиғи дыбыстарды білдіретін еліктеуіштерден жасалған үй құстары мен үй жануарларын шақыруға арналған одағайлар да жиі қолданылады: шүйк-шүйік `шіп-шіп` (балапанның

дауысына еліктеу, үй күстарын шақыру); пыш-пыш `міш-міш` (мысықты шақыру) т.б.

Кесте 62

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі одағайлар

ОДАҒАЙ – ТАҢЛАҚ			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
<i>Одағайлардың құрамы – Таңлақлардың құрамы</i>			
Дара (түбір/негіз)	А-а-а! Ә-ә-ә! Аһ! Ух! Ой! Пай!Қап! Бәсе! Мә! т.б.	Дара таңлақлар	Хау! Пай! т.б.
Күрделі	Мәссаған! Апырым-ай! Әттеген-ай! Бәрекелді!	Дөренди таңлақлар	Япырмай бала! Алла бәрекелла!
Тіркесті а)Одағайлы еркін тіркестер; б)Одағайлы тұрақты тіркестер.	а)Апырай десеңші! Бәсе деймін! Уа деген! б) ай-шай деспей, әу десті, ойбай салды т.б.	а) Таңлақ хәм атауыш сөзлер; б) Таңлақлар қоспалалып қолланылады.	Әй, тоба! Хәй! Әттеген-ай!
<i>Одағайдың түрлері - Таңлақтың түрлері</i>			
Көңіл-күй одағайлары	Алақай! Охо! Пай-пай! Қап! А-а-а! Ә-ә-ә! Аһ! Ух! Ой! Пай! Бәсе! Мә! т.б.	Эмоциональ таңлақлар	Хау! Япырмай! Пай! Өйбей! Ширкин! Ақ-ух! Алақай! Пай-пай!
Императивтік- ишара одағайлар а)адамға катысты б)жан- жануарға катысты	а)Айда! Тәйт! Сап-сап! Кәне! Жә! б)Шөре-шөре! Көс-көс! Айтқак-айтақ! Әукім- әукім! т.б.	Императив таңлақлар	Ха! Қарағым! Пош! Марш! Алло! Төг! Шүү-шүү! Хәукем- хәукем!
Тұрмыс-салт одағайлары	Хош! Хайыр! Рахмет! Құп!Ассалаумағалейкүм!	Этикетлик таңлақлар	Ассалаума әлейкүм!

	Кеш жарык! т.б.		Хош бол. Шүкир, Рәхмет
--	-----------------	--	------------------------------

**ҮШІНШІ БӨЛІМ**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ  
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИНТАКСИСІ**

## §1 СИНТАКСИСТІК ҚҰРЫЛЫМ

Синтаксис термині тіл білімінде екі түрлі мағынада қолданылады: біріншісі – коммуникация (пікір алысу) үдерісінде жұмсалатын тіл тұлғаларының құрылысы, екіншісі – тілдің коммуникация үстінде жұмсалатын тіл тұлғаларын зерттейтін ғылым саласы<sup>40</sup>. Жалпы тілдің негізгі коммуникативтік қызметі синтаксистік жүйе арқылы жүзеге асатындықтан туыс түркі тілдерінің синтаксистік конструкцияларын салыстырмалы тұрғыдан қарастыру жалпытүркілік тілдік құрылымның даму жолын айқындауға септігін тигізетін өзекті мәселелер қатарынан орын алады.

Коммуникация процесіндегі ойды жеткізу немесе сөйлеуді жүзеге асыратын коммуникативтік тілдік тұлғалардың ауқымы әртүрлі болып келеді: қарапайым пікірді айтуға жай сөйлемдер, күрделі ойды жеткізуге құрмалас сөйлемдер қызмет етсе, көлемді ақпаратты беру үшін мәгіндік құрылымдар пайдаланылады. Коммуникативтік сипаттағы тұлғалардың жасалуын құрылымдық компоненттер қамтамасыз етеді. Құрылымдық компоненттерді сөз тіркестері мен сөйлем мүшелері құрайды. Сөйлеу үдерісін қамтамасыз ететін құрылымдық компоненттер мен коммуникативтік сипаттағы тілдік құрылымдар синтаксиснің негізгі зерттеу нысанына жатады.

Агглютинативті жүйеге негізделген түркі тілдерінің синтаксистік құрылымын танып-білу синтаксистік формалар мен синтаксистік мағына арасындағы сабақтастыққа негізделеді. Сөз бен сөздің, синтаксистік тұлғалардың арасындағы абстрақтылы, жалпылық сипаттағы қатынасты білдіретін синтаксистік мағына қарым-қатынас үдерісіндегі маңызды лингвистикалық механизмдердің өзегін құрайды.

Синтаксистік конструкциялардың жасалуы сөздердің белгілі синтаксистік қатынасқа түсіп, өзара байланысу амалдары арқылы іске асады: синтетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл. Сөздердің аналитикалық жолмен байланысуына грамматикалық категориялар қорсеткіштері қатыспайды, лексемалар логикалық негізде интонация, орын тәртібі принциптері арқылы және шылаулар арқылы байланысқа түсіп, сөз тіркестерін құрайды. Ал синтетикалық тәсілмен жасалған сөз тіркестері жалғаулар арқылы байланысқа түсіп, синтаксистік бірлікке айналады. Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі сөз тіркестері етістікті сөз тіркестері және

---

<sup>40</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 581.

есімді сөз тіркестері деп бөлінеді. Етістікті сөз тіркестері мен есімді сөз тіркестері байланысу тәсілдері мен жасалу ерекшеліктеріне байланысты іштей бірнеше топқа ажыратылып қарастырылады.

## §2 СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

Сөйлем құрамындағы өзіндік функционалдық қызметі бар тілдік бірліктерден тұратын сөйлем мүшелері тіл білімінде бес түрге бөлініп қарастырылады: *бастауыш – баслауыш, баяндауыш –баянлауыш, анықтауыш – анықлауыш, толықтауыш – толықлауыш, нысықтауыш – нысықлауыш*. Сөйлем құраудағы қызметіне байланысты сөйлем мүшелері екі топқа бөлінеді: *тұрлаулы мүшелер – бас ағзалар, тұрлаусыз мүшелер – екінші дәрежелі ағзалар*. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін бастауыш пен баяндауыш, тұрлаусыз мүшелерін анықтауыш, толықтауыш, нысықтауыш құрайды.

*Кесте1*

### Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі сөйлем мүшелері

СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ – ГӨП АҒЗАЛАРЫ					
Қазақ тілінде			Қарақалпақ тилинде		
Сөйлем мүшелері	Сұрақтары	Мысалдар	Гәп ағзалары	Сораулары	Мысаллар
<b>Тұрлаулы мүшелер - Бас ағзалары</b>					
<b>Бастауыш</b>	кім? кімдер? не? нелер? кімі? несі?	Бөлме әдемі етіп жиналған.	<b>Баслауыш</b>	кім? кімлер? не? нелер? кімі? несі?	Шопанлар саянын қойыу жерин алды.
<b>Баяндауыш</b>	не істеді?	Біз бүгін таныстық.	<b>Баянлауыш</b>	не ісledi? не қылды? не іслеп атыр?	Оның менен бизлер таныстық.
<b>Тұрлаусыз мүшелер - Екінші дәрежелі ағзалар</b>					
<b>Анықтау</b>	қандай?қай?	Бауда	<b>Анықлауы</b>	қандай?	Бәхәрди



<b>ыш</b>	кімнің? ненің? қанша? неше? қаншасыншы?	өте әдемі ағаш өсіп тұр.	<b>ш</b>	қайсы? қанша? неше? нешінши? ?	н жыллы жағымлы самалы есіп тұр.
<b>Толықтауыш</b>	кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?	Ол бізге ертең келеді.	<b>Толықлауыш</b>	кімге? неге? кімді? нені? кімнен? неден? кім менен? не менен? Кім тұрала?	Ол бұл өнерде әкесінен үйренді.
<b>Пысықтауыш</b>	қашан? қайда? қалай? не үшін? не себепті? неліктен?	Бұлақ сылдыр- сылдыр ағады.	<b>Пысықлауыш</b>	қашан? қайда? не себеппі? неліктен? ? қалай? кәйтпін? не үшін?	Жауынгерлер әдеуір келісіп алды.

Кесте 2

### Қазақ және Қарақалпақ тілдеріндегі бастауыштар

<b>БАСТАУЫШ - БАСЛАҰЫШ</b>			
<b>Қазақ тілінде</b>		<b>Қарақалпақ тилинде</b>	
Сұрақтары	Кім? Кімдер? Не? Нелер? Кімі? Несі?	Сораулары	ким? кимлер? не? нелер? кімш? несш?
<b>Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі бастауыштардың жасалуы</b>			
Сөз таптары	Мысалдар	Сөз шақпақлары	Мысаллар

Зат есім	Құстар керемет сайрайды.	Атлық	Төреш кәтіннің үстінде отырып көп ойланды.
Есімдік	Ол жұмысқа ерте кетті.	Алмасық	Барлығы майданға жууырып шықты.
Сан есім	Екіге үшті қосса бес болады.	Санлық	Екеуін де құлмсіреп бір-бирине қарасты.
Сын есім	Ыстық – сүйек сындырмас.	Келбетлік	Бағыр бір рет өледі, Қоркак мың рет өледі
Етістік/Қимыл есімі	Оның білмеуі мүмкін емес.	Фейил / хәрекет аты фейил	Айтыу аңсап-ислеу қиын.
Етістік/Есімше	Күлдірген де, күйіндірген де – сөз.	Фейил / Келбетлік фейил	Қыймылдаған қыр асар.
<b>Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі күрделі бастауыштар</b>			
Сөз тіркестері	Тау басы алыстан жақсы көрінбейді.	Сөз дызбеклери	Таудың басы алыстан жақсы коринбейди.
Күрделі сөздер	Қарақалпақстан Республикасы Арал теңізінің оңтүстік тарапына орналасқан.	Қоспа сөзлер	Қарақалпақстан Республикасы Арал теңизинің түслик тәрепинде жайласқан.

Кесте 3

### Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі баяндауыштар

<b>БАЯНДАУЫШ - БАЯНЛАУЫШ</b>			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
Сұрақтары	не істейді?	Сораулары	не иследі? не

	не істеді?		кылды? не ислеп атыр?
<b>Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі баяндауыштардың жасалуы</b>			
<b>Сөз таптары</b>	<b>Мысалдар</b>	<b>Сөз шақанлары</b>	<b>Мысаллар</b>
Етістік	Мен сөйлеймін.	Фейил	Мен сөйлеймен.
Етістік/ Қимыл есімі	Туған еліңді сақтау (қорғау) – ата- ананды сақтау(қорғау).	Фейил / Хәрекет аты фейил	Туған елимизди сақлау ата- ананды сақлау.
Етістік/Есімше	Көп оқыған – көп біледі.	Фейил/ Келбетлик фейил	Көп оқыған көп биледи.
Етістік/ Күрделі етістік	Ол аяқ астынан катты күліп жіберді. Мен мұны істей аламын.	Фейил /Қоспа фейил	Ол бірден катты күліп жиберди.
Зат есім	Әкем – оқытушы.	Аталық	Әкем– оқытушы.
Есімдік	Концертте ән салған кісі – мен.	Алмасық	Концертте косық айтқан киси – мен.
Сан есім	Екі жердегі екі – төрт.	Санлык	Еки жердеги еки төрт.
Сын есім	Бүгін күн жылы.	Келбетлик	Бүгін кун жылы.

Кесте 4

### Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі анықтауыштар

<b>АНЫҚТАУЫШ – АНЫҚЛАУЫШ</b>			
<b>Қазақ тілінде</b>		<b>Қарақалпақ тилинде</b>	
Сұрақтары	қаңдай?қай? кімнің? ненің? қанша?неше? қаншасыншы?	Сораулары	қаңдай? қайсы? кимниңиз? пениң? қанша? неше?
<b>Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі анықтауыштардың</b>			

<b>жасалуы</b>			
<i>Анықтауыш қызметінде қолданылатын сөз таптары</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Анықтауыш хызметінде жұмсалатынын сөз шақпаптары</i>	<i>Мысаллар</i>
Сын есім	Жаңа жылмен күттыктаймын! Құнарлы тағам денсаулыққа пайдалы.	Келбетлик	Қалың тоғайда тынышлық болсын!
Зат есім	Кітаптың бетін аш. Сағаттың бауы былғарыдан жасалған. Үйдің есігі жабық тұр.	Атлық	Профессор қолындағы алтын саатының бауын шешіп алды.
Есімдік	Оның әні алыстан естіледі. Бұл кітап сенікі ма? Мына бөлмеге кіріңіздер.	Алмасык	Хәр қандай жара питкен менен орнында тыртық қала береді.
Етістік/Қимыл есімі	Жүзінде қорқудың (қорқыныштың) белгісі де жоқ.	Фейил/Хәрекет аты фейил	Сууғарыу жұмыстары өз уақытында тамамланды.
Етістік/Есімше	Сіркіреген жаңбырдан соң, бүрқыраған шаң басылды.	Фейил / Келбетлик фейил	Бурқасынлаған пуу да сап болып, дийуал кейіп кетті.
Сан есім	Сырттан екі адам кіріп келді. Біз екінші қабатқа котерілдік.	Саплық	Сырттан екі адам кирип келді.
Сөз тіркестері	Орта бойлы, караторы жігіт орнынан тұрды.	Сөз шақпаптары	Орта бойлы, кара пәрен жигит әстен орнынан тұрды.

## Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі толықтауыштар

ТОЛЫҚТАУЫШ – ТОЛЫҚЛАУЫШ			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
Сұрақтары	кімді? нені? кімге? неге? кімде? неде? кімнен? неден? кіммен? немен?	Сораулары	кимди? нени? кимге? неге? кимди? неде? кимнен? неден? ким менен? не менен?
<i>Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі толықтауыштардың жасалуы</i>			
Толықтауыш қызметінде қолданылатын сөз таптары	Мысалдар	Толықлауыш қызметінде жұмсалатынын сөзлер	Мысаллар
Тура толықтауыш - Туура толықлауыш			
Зат есім	Бала балық аулап отыр. Ол үлкен балықты жіберіп алды. Мен хат жаздым. Мен хатты тез жазып бітірдім.	Атлық	Адамларға хақықатлықты түсіндириу керек.
Есімдік	Мен оны білмеймін. Болат осыны жасап болды.	Алмасық	Ботакоз усыны айтып болды.
Етістік/Қимыл есімі/Есімше	Мен билеуді/билегенді жақсы көремін. Балалар жүзуді жақсы көреді.	Фейил / Хәрекет аты Фейил / Келбетлик фейил	Қулак есипкенди көз көреди. Олар өсип-өрлеуди, беккемлениуди ғана биледи.

Басқа да заттанған сөз таптары: үстеу, сан есім	Ертеңімді ойлаймын. Жиырма бесімді сағындым.	Рәуиш Санлық	Ертеңимеді ойлайман. Жиырма бесімді сағындым.
<b>Жанама толықтауыш - Қыя толықлауыш</b>			
Зат есім	Жасыл алмада дәрумендер көбірек. Сырынды айтпа досына, досының да досы бар (мақал).	Атық	Ол жана жердің сулыу табиғатына сүйсініп карап тұрды.
Есімдік	Ол неге маған кошырау шалмады.	Алмасық	Жоқ, олай болмады, аңда менен сулыулығын ашырмады.
Сан есім	Екіні екіге коссаң төрт болады.	Санлық	Екини екіге коссаң төрт болады.
Етістік/ Қимыл есімі	Коп сойлеуден не пайда?!	Фейил/Хәрекет аты фейил	Коп сойлеуден не пайда.
Етістік/Есімше	Мен айтқанға бәрі де сенді. Біз келгенге қуанып қалды.	Фейил/Келбетлик фейил	Малды тапқанға бактыр, отынды шапқанға жақтыр.
Зат есім қызметіндегі басқа да сөз таптары	Бүркіт тұмсығының қисығына күлмес, қорықанышан күлер (мақал).	Субстантивтенген келбетлик	Бүркіт тұмсығының қийсығына күлмес, қорққанышан күлер.
Шылаулармен тіркескен зат	Отан үшін, Ана, сен үшін	Субстантивтенген сөз шапақлары	Ұатан ушын, Ана. Сен ушын

есімдер, зат есім орнында жұмсалған басқа да сөз таптары	аянбаймыз, жанымызды береміз (С.Мұллабаев)		аянбаймыз, жанымызды береміз.
--	--	--	-------------------------------

Кесте 6

Қазақ және Қарақалпақ тілдеріндегі пысықтауыштар

ПЫСЫҚТАУЫШ – ПЫСЫҚЛАУЫШ			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тилинде	
Сұрақтары	қашан? қайда? қалай? не үшін? не себепті? неліктен? т.б.	Сораулары	қашан? қайда? қалай? не ушын? не себепли? неликтен?
<i>Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі пысықтауыштардың жасалуы</i>			
<i>Пысықтауыш қызметінде қолданылатын сөз таптары</i>	<i>Мысалдар</i>	<i>Пысықлауыш хызметінде жұмсалатынын сөз тақпақтары</i>	<i>Мысаллар</i> Күн силсилеп жауа берди.
Үстеу	Ол өте тез жүреді. Қазір күн жылынды, қыста күн суық еді.	Рәуиш	Хауа райы әбден бузылды.
Еліктеуіш	Бұлақ сылдыр-сылдыр ағады.	Еликлеуіш	Мурат тағы да есигин қатты-қатты қатты.
Етістік/Есімше	Біткен соң ағама да жәрдем еттім.	Фейил/келбетлик фейил	Ол козин ашқан менен догерегин оңлап көре алмады.
Етістік/Қимыл есім	Оның келуінде бір мән бар.	фейил /хәрекет аты фейил	Ауылдың аймағы кең

			болыуына қарамастан ол теңизде де қонып жүрді.
Етістік/Шартты рай	Таныса, маған келер еді ғой.	фейил /шәрт мейил	Артықтың анасы баласының изінен қорықпай кетсе де қарап тұрды.
Етістік/Көсемше	Хатты жазып жібердің бе? Жұмысы жайлы бізге айтқалы келіпті.	фейил /хал фейил	Ол биле тура айтпады.
Сын есім	Дауысы әлсіз естілді.	Келбетлік	
Шылаулар арқылы, теңеу, салыстыру мәнді -дай/-дей, -тай/-тей қосымшалары арқылы т.б. жасалады.	Балалар оқытушыларын бүгін көргендей қуанды.	Жалғаулар арқалы теңеу, салыстыру мәніні -дай// дей, -тай// -тей қосымшалары арқалы жасалады.	Пәтигі хәкленбей қалған жайдың ағашлары көмірдей қарауытқан.

### §3 СӨЙЛЕМ

Тілдік қарым-қатынасты қамтамасыз ететін синтаксистік құрылым болып табылатын сөйлем тиянақты ойды білдіріп, белгілі бір мақсаттарға бағытталады. Сөйлем мазмұны ақпаратты ғана емес



сөйлеушінің эмоциялық көңіл-күйін де сипаттайды. Сөйлемдер айтылу мақсатына байланысты хабарлы сөйлем – хабар гәп, сұраулы сөйлем – сорау гәп, бұйрықты сөйлем – бұйрық гәп, лепті сөйлем – үндеу гәп болып бөлінеді.

Кесте 7


**Қазақ-қарақалпақ тіліндегі сөйлемдердің айтылу мақсатына қарай топтастырылуы**

АЙТЫЛУ МАҚСАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СӨЙЛЕМ ТҮРЛЕРІ АЙТЫЛУ МӘҚСЕТІНЕ ҚАРАЙ ГӘПТИҢ ТҮРЛЕРІ				
Қазақ тілінде			Қарақалпақ тилинде	
Сөйлем түрі	Мысал	Сипаттамасы	Сөйлем түрі	Мысаллар
Хабарлы сөйлем	Оқушы кітап оқып отыр	Белгілі бір хабарды баяндайды.	Хабар гәп	Қолға түскен қос аяқ “тышқанларды” қалаға айдап жибергенимізге үш сааттай уақыт болды.
Сұраулы сөйлем	Сіз қайда барасыз? Сен ертең қалаға барасың ба?	Жауап алу мақсатында айтылады, сұраулық шылаулар арқылы жасалады.	Сорау гәп	Оннан сизің кеселіңиз шыпа тапнады ма?
Бұйрықты сөйлем	Бүгін бізге келіңіз! Сен ол жерге барып жүрме!	Бұйырықты, талап-тілекті білдіретін сөйлем, егістіктің бұйырық рай формасы арқылы жасалады	Бұйрық гәп	Хәр бір малды ғамкорлық пенен күте бил хәм оның тилин билиуге талаплан!
Лепті сөйлем	Жасасын бейбітшілік!	Сөйлеушінің эмоционалды	Үндеу гәп	Қандай ашық кеуил, хәзилкеш

	Әй, сен де!	көңіл-күйін сипаттайтын сөйлем.		халық!
--	-------------	---------------------------------------	--	--------

Түркі тілдерінің батыс қыпшақ тобына жататын қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі сөйлем құрылымы түркі тіл біліміндегі дәстүрлі жүйе бойынша сараланады: *жай сөйлем/жай гәп, құрмалас сөйлем/қоспа гәп.*

Сызба 1



Жалаң сөйлем Жай гәп	Жайылма сөйлем Кеңейтілген гәп	Атаулы сөйлем гәп	Атау
Тұрлаулы сөйлем мүшелерінен ғана жасалады:  <i>Жиналыс басталды/ Жыналыс басланды.</i>	Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінен жасалады:  <i>Бәрі уақтылы келіп жетті/ Бәрі өз уақытында келіп жетті.</i>	Есімдерден ғана жасалған сөйлем/ Атаулы жасалған атау гәп:  <i>Түн. Түн.</i>	Етістіктен ғана жасалған сөйлем/ Фейілден жасалған атау гәп:  <i>Келмеді. Келмеді.</i>

\* Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі бір негізді жай сөйлемдер бірнеше сөздерден де жасалады, бұл жағдайда тұрлаулы мүшелердің тек біреуі ғана қатысады. Бір негізді сөйлемдер субъекті мәнінің берілу ерекшеліктеріне қарай бірнеше түрге бөлінеді.

## Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі бір негізді жай сөйлем түрлері

БІР НЕГІЗДІ СӨЙЛЕМ - БІР СОСТАВЛЫ ГӘП			
Қазақ тілінде		Қарақалпақ тілінде	
Сөйлем түрлері	Мысалдар	Гәп түрлері	Мысаллар
Белгілі жақты	Ел аузына қақпақ болып көрпін (Әуезов)	Ийесі белгилі гәп	Қалада жер асты кабеллерин жүритеміз.
Белгісіз жақты	Концертті бастады.	Ийесі белгисіз гәп	Газета бетіндегі сүуретке карап отыр.
Жанама “жақсыз” жақты	Ұзақ жүруге тура келді.	Ийесіз гәп	Кози тоймай караған сайын карағысы келеди.
Жалпылама жақты	Келбеті келгеннен кенес сұра (мақал).	Ийесі улыұмаласка н гәп	Мынды танығанша бирдин атын бил.
Атаулы	Қыс.	Атау гәп	Түн.

Екі негізді жай сөйлемдер сөйлеу үдерісінде жиі қолданылатын синтаксистік құрылым болып табылады. Қоршаған ортадағы заттың сапа, қасиеттері де, қимыл-әрекеттің ерекшеліктері де, заттың орны мен қимылдың бағыт-бағдары да алуан түрлі болып келеді. Соған сәйкес екі негізді жай сөйлемдер тек тұрлаулы мүшелерден тұруы да, тұрлаусыз мүшелердің қатысуымен де жасалуы мүмкін. Бұл екі негізді жай сөйлемдерді теориялық тұрғыдан *жалаң/жай, жайылма/кеңейтілген* деп бөлуге негіз болады.

Сызба 2



Іс аяқталған (іс тәмамдалған). Жұмыс тамамланған.	Айнұр дәріске уақытында келіп еді. Айнұр сабаққа уақытында келіп еді.
--	--

Жалпы сөйлем синтаксисі жай сөйлем синтаксисі, құрмалас сөйлем синтаксисі болып бөлінеді. Жай сөйлем синтаксисі жай сөйлемнің құрамын, құрылымын, мағынасын зерттесе, құрмалас сөйлем синтаксисі құрмалас сөйлемдердің құрылу заңдылықтарын зерттейді<sup>41</sup>.

Құрмалас сөйлем мен жай сөйлем жалпы сөйлем синтаксисінің ортақ белгілерін сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады: 1) құрылымы жағынан – жай сөйлем бір предикативтік бірлікке ие, құрмалас сөйлем екі не одан көп предикативтік мәнді білдіреді; 2) сөйлемді құраушы бірліктердің сипаты бойынша – жай сөйлемнің компоненттері сөз тұлғалары мен сөз тіркестері болса, құрмалас сөйлемдердің компоненттері предикативтік бірліктерден, яғни жай сөйлемдерден тұрады; 3) грамматикалық мағыналары жағынан – жай сөйлем модальдық, жақтық, шақтық категориялар арқылы берілетін предикативті мағынаны білдіреді, ал құрмалас компоненттері арасынан нақты мағыналық қатынастар (мезгілдік себеп-салдарлық, қарсылықты, шарттылық т.б.) туындайды, яғни құрмалас сөйлем оқиғалардың арасындағы қарым-қатынасты білдіруге қызмет етеді<sup>42</sup>.

Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі құрмалас сөйлемдер/ қоспа гәптер предикативтік сыңарларының байланыс, қарым-қатынасына байланысты салалас құрмалас сөйлем/ дизбекли қоспа гәп және сабақтас құрмалас сөйлем/ бағыныққылы қоспа гәп болып бөлінеді. Салалас құрмалас сөйлемдер мен сабақтас құрмалас сөйлемдер өзіндік ерекшеліктеріне қарай іштей бірнеше түрге ажыратылады.

Сызба 3



<sup>41</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 687.

<sup>42</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 688.



кұрмалас	жалғаулықтары арқылы жасалады.	жұмысымыз көп.
Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем	<i>бірақ дегенмен, алайда, сонда да, солай болса да, сойтсе де, әйтпесе, әйткенмен</i> жалғаулықтары арқылы жасалады.	Бүгінгі жиналысқа көп адам келіпті, бірақ көпшілігін танымадым.
Талғаулы салалас құрмалас сөйлем	<i>не, не болмаса, немесе, я, яки, әлде, әйтпесе, мейлі, күі</i> жалғаулықтары арқылы жасалады.	Сіздерді тәжірибеден өту үшін мектепке жібереді немесе ғылыми-зерттеу орталықтарына жібереді.
Кезектес салалас құрмалас сөйлем	<i>біресе, бірде, кейде</i> жалғаулықтары арқылы жасалады.	Балалар біресе доп ойнайды, біресе тау суына шомылады.

## II. Жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем

<i>Сөйлем түрлері</i>	<i>Ерекшеліктері</i>	<i>Мысалдар</i>
Мезгілдік іргелес салалас құрмалас сөйлем	Сыңарлары мезгілдік жағынан қатар болған оқиғаларды сипаттайды.	Қолындағы кесесін ұсынып еді, самаурыннан ыстық шай күйіп берді.
Қарсылықты іргелес салалас құрмалас сөйлем	Сыңарлары қарсылықты қатынасты сипаттайды.	Екі сағатта дайын болыңдар, сендерді күтіп отыратын уақыт жоқ.
Себептік іргелес салалас құрмалас сөйлем	Бір сыңары оқиғаны, келесі сыңары оның себебін сипаттайды.	Бүгін бітіретін жұмысы көп еді, серуендеуге шықпағаны сол.
Шарттық іргелес салалас құрмалас сөйлем	Шарттық қатынасты білдіретін конструкциялар қатысады.	Келген екенсің, шаруанды бітіруге бар көмегімді аямаймын.
Теңдік қатынасты білдіретін	Құрамындағы компоненттерде теңдік мөлшерін көрсететін <i>қалай,</i>	Сіздер маған қалай жақын болсаңыздар, олар да маған сондай

іргелес салалас құрмалас сөйлем	<i>солай, қанша, сонша, қандай, сондай</i> сөздер қатысады.	жақын.
Айқындауыштық қатынасты білдіретін іргелес салалас құрмалас сөйлем	Бірінші компоненті оқиғаны, құбылысты жалпылау мағынада хабарлайды, ал екінші компоненті сол оқиға мен құбылыстарды айқындайтын хабарды сипаттайды.	Дастархан басында отырғандар өзара пікір таластыра бастады: бірі басшылықты қолдады, бірі жұмысшылардың талабын дұрыс санады.
Объектілік қатынасты білдіретін іргелес салалас құрмалас сөйлем	Бірінші компоненттің баяндауышы көру, есті, сөйлеу үдерістерін сипаттайтын сөз болып, екінші компонент сол үдеріске объект болған оқиғаны білдіреді.	Басымды көтергенде көрдім, екеуі көрермендер залында қатар отыр екен.
Телінбе компонентті іргелес салалас құрмалас сөйлем	Бірінші сыңар болып екі негізді компонент қатысады, екінші компонент толымсыз құрылым түрінде болып келеді.	Бұл не нәрсе, күні бойы жүгіре беретін спортшы ма едің сен, әлемдік олимпиядаға қатысатын.
Ауыспалы іргелес салалас құрмалас сөйлемдер	Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер беретін синтаксистік қатынастардың бәрін де бере алады.	Бүгін көп жұмыс істеп едім, тұла бойым әлсіреп тұр.

Кесте 10

Қарақалпақ тіліндегі салалас құрмалас сөйлем/дизбекли қоспа гәп түрлері

ДИЗБЕКЛИ ҚОСПА ГӘП	
Қарақалпақ тилинде	
<i>Дизбекли қоспа гәп түрлері</i>	<i>Мысаллар</i>

I. Дәнекерли дизбекли қоспа гәп	
Бириктириуши дәнекерли дизбекли қоспа гәп	Қызлар барлық затларын автобуска салды да, өзлери оны күтпей-ақ, институтқа қарай жол алды.
Қарсылас дәнекерли дизбекли қоспа гәп	Ол жаслығында қарыұлы адам болған, бірақ жарлылық жәбири оған жол бермеген.
Дәнекерли салыстырмалы дизбекли қоспа гәп	Адам өмири уақыт сааты менен белгиленсе, ал уақтымыз саат тили менен белгиленеди.
Дәнекерли ауыспалы дизбекли қоспа гәп	Хауа райы да күн сайын мың түрли кубылып тұрады: я қар жауады, я тынбастан жаңбыр куйады, я күшли самал еседи.
Дәнекерли гезеклес дизбекли қоспа гәп	Хауа райы күшине кырк кубылады: бирде қуяш көринип айналаны ысытады, бирде жауын бүршақлы қарға уласады.
II. Дәнекерсиз дизбекли қоспа гәп	
Дәнекерсиз мезгиллес дизбекли қоспа гәп	Биреулери китап оқып атырса, қалғандары өз-ара сөйлесип тур.
Дәнекерсиз қарсылас дизбекли қоспа гәп	Ол еле де сөйлей бережак еди, оның жеңинен тартып қойдым.
Дәнекерсиз салыстырмалы дизбекли қоспа гәп	Күн жылыды, тоңлар жибиесе баслады.
Дәнекерсиз нәтийже дизбекли қоспа гәп	Зыят суулар ойланбастан каналдың аяқ жағына қанырылып жиберилип атыр,



	бул суулар Султануайс тауларының етегинде 100 кв километрден аслам майданда көл хәм батпақлықларды дөрегги.
<b>Дәнекерсиз түсиндирмели дизбекли қоспа гәп</b>	Жети шопанның биреуи Жиемурад еди-ол көленкесинен қорқатуғын дыбырсап сөйлейтуғын, мұрнының ушы жетим бауырдай, салбырақыраған адам еди.

Сабақтас сөйлемдер құрамындағы бағыныңқы сыңарларының баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, басынқы сөйлемге бағына байланысады. Сабақтас сөйлемдер құрамындағы бағыныңқы сөйлемдердің мағынасына байланысты бірнеше топқа бөлініп қарастырылады. Қарақалпақ тілінде бағыныңқы сөйлемдердің қызметі мен сөйлем мүшелері қызметінің қатысына қарай бағыныңқы сөйлемдер бес топқа бөлінеді: *Бас гәп* 'Бастауыш сөйлем', *Сын бағыныңқылы қоспа гәп*, *себеп бағыныңқы қоспа гәп*, *уақыт бағыныңқы қоспа гәп*, *мақсет бағыныңқы қоспа гәп*, *қарсылас бағыныңқы қоспа гәп*, *шарт бағыныңқы қоспа гәп*, *салыстырмалы бағыныңқы қоспа гәп*.

Кесте 11

### Қазақ-қарақалпақ тілдеріндегі сабақтас құрмалас сөйлемдер

САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ - БАҒЫНЫҒҚЫЛЫ ҚОСПА ГӘП					
Қазақ тілінде			Қарақалпақ тилинде		
Сабақтас құрмалас сөйлем түрлері	Бағыныңқы сыңарының сұрақтары	Мысалдар	Бағыныңқы қоспа гәптің түрлері	Бағыныңқы сыңарларының сораулары	Мысаллар
Амал	қайтіп?	Әрқайсысы	Сын	қалай?	Маңлайып

бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем	қалай?	өз ойларына иномып, ұзақ үнсіз отырды.	бағыныңқы қоспа гәп	кәйтін?	ың тери гүлге түскен койыу шықтай гуж-гуж болып, Айдана жолың ыраншына келип жетті.
Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем	неге? не себепті? неліктен?	Жүгі ауыр болып, біздің ат артта қалды.	Себеп бағыныңқы қоспа гәп	неге? Не себепті? неліктен?	Қолдан каршығам кеткеннен соң, өжиремиз исми күтә каранға.
Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем	қашан?	Іңір түсіп, достар тағы да кездесті.	Уақыт бағыныңқы қоспа гәп	қашан?	Бала уйықлаған нан киеин ле, мийрибик е тазагулдин қасында отырды.
Мақсат бағыныңқылы сабақтас Құрмалас сөйлем	не үшін? неліктен?	Анамның біз өссін деп, қысы- жазы азап шеккенін ұмыта алмаймын	Мақсет бағыныңқы қоспа гәп	(сабынсыз ба) не үшін? неліктен?	Сарбиназ болса да ашилип кири кетсин деп Мәрьям Шәриптиң көйлек кеншеклер ин

					жууыстыр ып берди.
Қарсылық ты бағыныңқ ылы сабақтас құрмалас сөйлем	қайтсе де?	Үлкен ағаш кесілсе де, тамырына қарап масаттанар.	Қарсыл ас бағыны ңқы қоспа гәп	не қылса да? қайтсе де?	Мен ауқат писиріуге айналысса м, ол кеуилсинг ине кітап оқып жатып алады.
Шартты бағыныңқ ылы сабақтас құрмалас сөйлем	қайтсе?	Асы болса, қалағы табылар	Шәрт бағыны ңқылы қоспа гәп	қайтсе? не қылса?	Қайда қонақ болса, сол жерге балалар өш
Салыстыр малы сабақтас құрмалас сөйлемде р	қайткенш е? не істеген ше?	Түйедей бойың болғанша, түймедей ақылың болсын.	Салыст ырмалы бағыны ңқы қоспа гәп	қайткенде?	Қырық қуракты жайап көрнеше ислеген қандай қыйын болса, аү- дузак соғуыдың машақаты да сондай.
Үлестес сабақтас құрмалас сөйлем	қайтсе?	Сөз жүйесін тапса, мал иесін табады да.			
			Орын бағыны ңқылы қоспа	қайда?	Хожанның әжесінің киндик ханы қай

			гәп		жерге тамса, баласы да сол жерде тұрады.
--	--	--	-----	--	--

Қазақ тіліндегі үлестес сабақтас құрмалас сөйлем қарақалпақ тілі синтаксисінде қарастырылмайды. Қарақалпақ тіліндегі орын бағыныңқылы қоспа гәп қазақ тіліндегі шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер құрамында қарастырылады.

## ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

### ТӘЖІРИБЕЛІК - ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚ

#### ТАПСЫРМАЛАРЫ

## ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

**Тапсырма 1** ► Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі мәтіндерді оқып, фонетикалық талдау жасаңыз. Дауысты дыбыстар қолданысындағы әр тілге тән ерекшеліктерді анықтаңыз. Сөздік пайдалана отырып, қарақалпақ тіліндегі мәтінді қазақ тіліне аударыңыз.

- Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз? Бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, шын мәнінде бұл сұрауға дұрыс жауап қайыру оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін «зиялы» деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысы» қатарына қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана «зиялы» деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болуы себепті өте ауыр.

(М.Шоқай. Таңдамалы. Бірінші том. – Алматы, «Қаинар», 1998. -174-175 бб.)

• Қарақалпақтар тууралы. ХХ ғасырда Орта Азия халықтарының саясий, экономикалық хәм мәдениет турмысында үлкен өзгерістер жүз берди. 1924-жылы Түркстан АССРының Әміўдәрья уәлаяты хәм Хорезм Халық Республикасының, халқы тийкарынан қарақалпақ болған Хожели, Қоңырат районлары менен бирге Қазақстан АССРының курамында Қарақалпақстан Автономиялық уәлаяты дүзилди. Қарақалпақ халқының мәмлекетлиги қайта тикленди. 1930-жылы ол Россия Федерациясының курамына кирди хәм 1932-жылы Қарақалпақстан Автономиялы Республикасы болып қайтадан дүзилип, мәмлекетлик статусы бир канша жоқарылады. 1936-жылы Қарақалпақстан Республикасы Озбекстан ССРының курамына кирди. Бул қарақалпақтардың тәғдириндеги шешіўши уәқия болды. СССР ыдырағаннан соң суверенли Қарақалпақстан Республикасы ғарезсиз Озбекистанның курамында қалды. Бул тосаттан болған уәқия емес, бул тәбийғый қубылыс, себеби қарақалпақ халқы менен өзбек халқының арасындағы тығыз дослық қатнас әййем заманлардан берли қалыптесип киятырған еди. Озбек хәм қарақалпақтардың ата-бабалары Арал бойларының кең жазықлығында бирге жасады хәм мийнет етти, бул аймақта әййемги мәдениетти дүзиўге бирге қатнасты. Олардың тығыз экономикалық байланыслары, тиллериниң уқсаслығы, мәдениетиниң бир-бирине сәйкес келиўи хәм көплеген тыянақлы мәдениет байлықларының бирлиги усы әййем заманнан берли киятырған жақын қатнасықлардан келип шыққан.

(С.Камалов. Қарақалпақтардың халық болып қалыптесіўи хәм оның мәмлекетлигиниң тарихынан. Нокис.2011).

**Тапсырма 2** ► Қазақ және қарақалпақ тилдериндегі мәтіндерди оқып, фонетикалық талдау жасаңыз. Дауыссыз дыбыстар қолданысындағы әр тилге тән ерекшеліктерди анықтаңыз. Қарақалпақ тилиндегі мәтінди мәнерлеп оқып, қазақ тилинде мазмұнын айтыңыз.

• Ұмай ана да үбірлі-шүбірлі болған. Ол екі қыз өсіріпті. Бәри де адам баласын бақытқа кенелтіп, молшылықпен жырғалту үшін қызмет етеди. Өзендерди бөгеп, шөл жерлерге су шығарады, тау басындағы бұлақтардың көзін ашып, суды молайту үшін қажымай еңбек етеди. Қыздарының осындай игі істерине сүйсінген Ұмай ана олардың бұдан әри

де өмір бақи адам баласын жарылқай беруі үшін және алғы күндеріне жол сілтеп, бағыт нұсқап тұруы үшін, қада тастарға айналдырып жіберіпті дейді. Адамдар сол қада тастар жөн сілтеп тұрған бағытпен жүрсе, адаспайды, тіршілігіне қажетті бәрін тауып алып отырады. («Қазақтың мифтік әңгімелері» кітабынан/Түркі антологиясы. –Астана, 2014)

- **Қарақалпақтар туұралы.** Қарақалпақ халқының ата-бабалары әйіемгі заманлардан берлі Арал теңизінің кубла-шығысында, Әміүдәрья менен Сырдарья бойларында жасап келген. Олардың негізін біздің эрамыздан бұрынғы VII-V әсірлерде белгілі болған сак-массагеттер, біздің эрамыздан бұрынғы II әсір менен біздің эрамыздың III әсірлерінде жасаған апакиақлар-аугасийлер, IV-VIII әсірлердегі печенеглер құраған. Қарақалпақтар өзлерінің усы жасап тұрған жерлерінде (Арал теңизінің кубла-шығысында) X-XI әсірлерде халық болып қалыпкескен.

Қарақалпақ халқының өзін-өзі басқарыу тәртіптері, яғнай мәмлекетлігінің пайда болыуы да әйіемгі заманларды өз ишіне алады. Егер де біз халық дәстаны «Қырық қыз» дәстанының мазмұнына дыққат аударсақ, олардың мәмлекетлігінің амазонкалар дәуірінен, яғнай б.э.ш VI-V әсірлерден берлі болғанын сеземіз. Қарақалпақтардың арасында сол заманларда патша болып ел басқарған Гүлайым, Ақполпан, Арыұхан құсаған қыз патшалар хақында аңызлар таралған.

(С.Камалов. *Қарақалпақтардың халық болып қалыпкесуі хақм оның мәмлекетлігінің тарихынан.* Нөкис.2011).

**Тапсырма 3 ►** Қарақалпақ тіліндегі мәтінді оқып, создердің буын құрылымына талдаулар жасаңыз, қазақ тіліндегі сөз буындарымен салыстырыңыз. Мәтіннің мазмұнын қазақ тілінде айтып беріңіз.

- **Қарақалпақ мәмлекеті.** Қарақалпақстан мәмлекеті 1991-жылы Өзбекстан Республикасы гәрезсіз республикаға айланғаннан кейін рауажлана баслады.

Биріншіден, Автономиялы Республикадан Суверенли еркли республикаға айланды. Өзіне тәп конституциясын қабылады. Мәмлекетлік белгілері болып есапланатуғын гербине, пимніне, байрағына иіе болды. Қарақалпақстан Республикасының пүтінлігіне

Өзбекстан Республикасы хәм оның Конституциясы гарант болып отыр. Қарақалпақстан халықлары өзбек халқы менен әййемги заманлардан берли тууысқан хәм дослығын тастыйықлап Қарақалпақстанның Өзбекистан Республикасының курамында жасап атырғанлығын өзлерине үлкен бахыт деп есаплайды. Соның менен бирге халқымыздың Қарақалпақстан мәмлекетиниң буннан былай да рауажлана беріуине исеними үлкен.

*(С.Камалов. Қарақалпақлардың халық болып қалыптесіуи хәм оның мәмлекетлигиниң тарихынан. Ноқис.2011).*

**Тапсырма 4 ►** Қарақалпақ тіліндегі мәтінді оқып, зат есімдерге морфологиялық талдаулар жасаңыз. Зат есімдердің грамматикалық категорияларын казак тіліндегі нұскаларымен салыстырыңыз. Мәтіннің мазмұнын казак тілінде айтып беріңіз.

**Тапсырма 5 ►** Қарақалпақ тіліндегі мәтінді оқып, сын есімдер мен сан есімдерге морфологиялық талдаулар жасаңыз. Сын есім тудырушы жұрнактарды және сан есімдерді казак тіліндегі нұскаларымен салыстырыңыз. Мәтіннің мазмұнын казак тілінде айтып беріңіз.

• **Аға бий** . «Аға бий»-ертеректеги ата-бабалардың умыт болуға қараған «аға бий» ойыны. Оның қайтадан тиклениуиниң мәніси былай еди: 1827-жылғы Айдос баба басшылығындағы көтерілисинен сабақ алған Хийуа ханы қарақалпақ урууларының қайтып биригиуине имканият туұдырмау үшін, ауыылардан, ауылар бөлшеклеп көширип, бир урууды екінши урууға араластырып карма қылып былғастырды да, хәр ауылдың ишпінде алауызлықтың тухимын сеуип, биреуди екіншиге тыншы қылып улгерди. Айдос бабаның жақын-жууықлары, дос-яранлары тууе, оған бир мәртебе түслик берген, қондырған бийлерди, уруу баслықларын өзгертип, жаңаларын қойып шықты, көп ауылдарға Хийуалан моллалар жиберилди. Бул уақыялар Ерназардың анасы Қумар аналыққа тап жүрек тамырлары үстінде болып атырғандай сезилип, және көтерілис болууы тийислигине қози жететуғын еди.

*(Т.Қайыпбергенов. Түсиниксизлер. Ноқис.1979).*

**Тапсырма 6 ►** Қарақалпақ тіліндегі мәтінді оқып, етістіктерге морфологиялық талдаулар жасаңыз. Етістіктің шақтарын казак тіліндегі



нұсқаларымен салыстырыңыз. Мәтіннің мазмұнын қазақ тілінде айтып беріңіз.

• «Алпамыс» дәстаны

Ертедегі әйгіем заманда,  
Ол заманның кәдимінде,  
Жийделі Байсын халқында,  
Қоңырат деген ел еді,  
Рууы еді ыргақлы,

Байбөри, Байсары деген екі теңлес бай болып, булар дүньяға келді. Мереке сейіл, ат шабысты қыздырып, екеуін қушақласып дос болды. Екеуінің алдына түскендей Байсында адам болмады, дүньяның қызығы менен екеуін бийперзент өтіп баратыр еді. Бір неше жылдан соң Байбөри айтты:

Ашылар таудың пиясы,  
Жайылар байдың гүйеси,  
Бизлер өлсек, жоражан,  
Себил қалған Байсының,  
Кім болады ийеси?  
Ендігі қалған өмірде,  
Құдайдан нийет етейік,

Сенің улың болса, мени қызым болса, екеуіміз құда болайық,- деді. Сол жерде қарғы тағып, мал байлады, ақлай құда болады.

Бір неше күнлерден соң скиуінің қатыны да жүкли болады.

Тоғыз ай он күн толғанда,  
Саатлы уақты болғанда,  
Бай қатынына толғақ пайда болғанда,  
Аршадан бақан көмдирді,  
Тилләдан жүуен кердирді,  
Жети күн жаты толғатып,  
Ат басындай ул тууды,  
Ақ жарқылқап, күн тууды,  
Атын қойды Алпамыс.

Байсарының қызы болды, оның атын Гүлпаршын қойды. Байсары бай той берді, пәтия-тамашасын тарқатты. Байбөриге: -Қудам, той бер, - десе, қатты сықмар киісі еді, жаз келсе, гүз бермен деп, гүз келсе жаз бермен деп, құдасын жеті жыл алдап жүрді. Балалары жеті жасына келді, ойнап есін билді. Байбөри бай ақыры той баслады. Байсарыдай

қудасын тойына шақырды. Байбориннің тойына Байсары қасына қырық жигит алып, қаршығасын көтеріп барды. Қудасын Байбөри аттан түсірді.

Боз ордадан жай берді, Қасында барған беглерге,  
Мал семизін сойдырды, Дарадан табак қойдырды,  
Төрткүлли ошақ ойдырды, Таң атты, сәске болды.

Сол күни мийман қадесін де күтп, байлықтан көңлін хошлады. Сәске уақытта Байбөри тамаша болсын тойым деп, ортаға көкпар таслады, екі жарын болып ылақ ойнады. Байсарының қасындағы қырық жигит бұл ойыннан басылды.

**Тапсырма 7** ► Қарақалпақ тіліндегі мәтінді оқып, есімшелер мен көсемшелерді ажыратыңыз, қазақ тіліндегі нұсқаларымен салыстырыңыз. Мәтіннің мазмұнын қазақ тілінде айтып беріңіз.

#### •«Қырық қыз» дәстаны

Шақырып алды қасына.  
Қасына қызлар келген соң,  
Сәукеле киіпді басына  
Сыландырып қызларды,  
Ертіп алды артына,  
Кешегі берген сауалды,  
Қойды түйіп ядына,  
Сауалға жууап беріуге,  
Бас ийіп келді Сәрбиназ,  
Гүлайымның алдына.  
Жууап берді Гүлайым,  
Сәрбиназ тұрып сөйледи,  
Сөйлей беріп не деди:

-Бәхәр болса бағда гүлдер терейін,  
Өлгенімше мен кейінше ерейін,  
Кешегі айтқан сорауыңа, жан апа,  
Жамап-жақсы бұл жууапты берейін,

Атаңа айтып шебер уста алдырдың,  
Қаттылассаң ерди кейін калдырдың,

Он тоғыз ай Мийуалыдай атауға,  
Қола менен берік қорған салдырдың.

Дәруазаны шойын менен қуйдырдың,  
Алдын сәнлеп, алтын менен ойдырдың,  
Ким тартса да қозғалмастан берік егип,  
Аузына бес гилти қулып урдырдың.

Хабарым бар, бар күшлерди тақладың,  
Алты ай болды, бедеулерди бапладың,  
Жыйнастырып жау-жаракты, жан апа,  
Найзаларды қарағайға сапладың.

Қорған егтің Мийуалының алабын,  
Баслап жүрсен батыр ердің талабын,  
Тат бастырмай, күнде беріп қолларға,  
Майлап қойдың қылышлардың қынабын.

Базыбір жерге түнде барып епледің,  
Найза ұшын гегірдекке кепледің,  
Хабарым бар бәрiнен де, жан апа,  
Саудыраған сауытларды сепледің.

**Тапсырма 8** ► Қарақалпақ тіліндегі мәтінді оқып, шылау сөздерді ажыратыңыз, қазақ тіліндегі нұсқаларымен салыстырыңыз. Мәтіннің мазмұнын қазақ тілінде айтып беріңіз.

### «Едиге» дәстаны

Әйіем өткен заманда, сол заманның қәдим шағында, ойыл менен қыйылда, Қарғалы-Елек бойында, Едил менен Жайықта Шыңғыз дейин хан өткен. Шыңғыз дейин патшадан Тоқтауылдай ул өткен. Тоқтауылдың перзенгі Тоқтамыстай хан өткен. Заманында Тоқтамыс бийперзент болып ол кешкен. Оның карамағында Қубырылы деген қала еді. Едилдің бойын ұслаган, неше мың сан ноғайлы әне сол жерде халық болған. Сан мың үйли ноғайлы, патшалыққа ылайық хызметкері болмай ма? Оң жағында отырған оны «мәхрем» деседі, шеп жағында отырған оны «жәллат» деседі, алтмыш екки хәмелдар, отыз екки мәхирдар, ханның нанын жегенлер, ханның тонын кийгенлер, хан

хәмелин билгенлер, отыз еки мөхирдар, алпыс еки сәрдар, журт ийесі және бар, атып айтып қарасаң, елден шыққан бийлер бар.

Хан хызметін бежерген,	Ағай бий хәм Тағай бий,
Хан атасы жолыңда,	Кенегесте Керім бий,
Жаны-бауырын ол берген,	Өрмеуитте Өрім бий,
Әууелги бий Байназар,	Хожаназар, Қосназар,
Бий баласы еместі,	Дийуанбеги Есназар,
Бирақ хан хызметінде болады,	Ағай менен Тағай бар,
Батыр екен гой енеғар,	Кенегес улы Кенжембай,
Өтирикти айтса да,	Үшеуиннің аузы бир,
Ырас қылып сөйлеген,	Хан кете алмас солардан,
Кенегес улы Кенжембай,	Айтқан сөзі пәтекке.....

Әне, соннан кейін заманыңда бір мәжилис болды. Сол мәжилистің ішінде Кенжембайға сөз берілді.

- Саудагер неге келмейді? Оны хан сорап атыр.

- Заманыңда мүліктің, адамның қадіри болмай атыр, -деп жууап берди.

- Хә, ө неге? –деди хан.

- Оны айтсам, дәруазаның еки қапысын бекит, арка, құбла ашық болсын, -деди.

Сол уақтыңда патшаға инамлы ақыл бермеді. Болмаса атасынан қалған мүлік еді. Дәруаза да төрт еді. Төртеуін де беклеген Ағай, Тағай құл еді. Түп дәрегін Кенжембай деп атайтуғын еді.

**Тапсырма 9** ► Қарақалпақ тіліндегі мәтінді оқып, жай сөйлемдер мен күрмалас сөйлемдерді ажыратыңыз, қазақ тілімен салыстырыңыз. Мәтіннің мазмұнын қазақ тілінде айтып беріңіз.

• **Түсиниксизлер.** Он тоғызыншы ғасырдың қыркышша жылларында исламның шығыстағы белгилі шокқыларының бири Хийуа ханлығына қараслы “Үш жүз алпыс әулийели қала” атаған Гөне Үргеніште өткерілген тойлардың даңқын белгілейтуғын бас жарыс-гүрес пайығында, тамашагойлер күтпеген бір хәдийсе жүз берди: қала әтирапында жауырыны жерге тиймей “Пилпалуан” атаған палуан жығылды. Буган жағасын услап “Әлхаббиз!” демегенлер шамалы. Таңланыуды күшейткен жағдай “Пил палуанды” шалқасына салған жигиттің қарар көзге турпатының әпиуайылығы, жаслығы ямаса

атының дұйым жұртқа еле намәлимлігі ғана емес, қылған аз саялы қарақалпақ халқынан шыққаны болды.

Ол, той сәранжамының алдына барып, маңлай терін қайта-қайта сыпырыу менен бас байраққа қойылған алаяқ жұмытыны жетелеп, ортадан шығып баратыр еді, өзі қатарлы бір түркмен жигиті қапталлап келип сыбырланды:

Жеңісін қутлы болсын, палуан! Оғыры күшлі екенсең! Исмин ким?

-Ерназар

-Яшуллылар сени қаладан тез шығып кетсин, деди.

Ерназар “неге?” деп сорау орнына оған жууан мойнын бұрды.

-Ерназар көп қумырсақ бириксе, хәте арысланды өлтиреді. Сеннен жығылған палуанның тәрешдарлары қумырысқадай. Көринип қанша қуады. Намазлыгер-намазшамда, өте елеспесіз пайтга кет!

(Т.Қайыпбергенов. Түсиниксізлер. Нөкіс.1979).

**Тапсырма 10** ► Қарақалпақ тіліндегі мәтінді оқып, синтаксистік талдаулар жасаңыз, қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерімен салыстырыңыз. Мәтіннің мазмұнын қазақ тілінде айтып беріңіз.

Тарихый сәненің бір мың бес жүз қырық тоғызыншы, тауық жылы, Жауза айында Ноғайлының «алты улы» улысының султаны Ысмайыл ордасында үлкен ылайсаң басланды.

-Уу-хх!...-Алты қанатлы ақ отаудың оң қапталында әллекимнің ыныранған уяң сесті есипілгендей болды.

Екі жақлауы беккем етип қатырылған емен ергенек, қаптығып келген адамның епкиші менен «тарс» етип ашылып кетті де, сырттан жууырыуы менен келген сары сынлы жигит үйдің бергі мүйешіне жыйналған боғжаманың қапталында теңселіп тоқтады да қалды.

Үйдің иші ала қолға. Тас төбедегі түңликтең түскен сәуле, тап бір дөп-дөңгелек болған зинданға жоқарыдан тоғилген нурдай, атаптан әтирапындағы қурттай ғана жерди жақтыландырып жиберген. Қара үйдің басқа жерлерінің бәрі тас түнек.

Тар жерден жол таба алмай қалғандай тыпыршылап қалған Тынахмет басындағы мақпал тақыясын қолына алып езгіледі де ояқ-буяғына алаңлап қарау менен болды.

Әллеким ауыр гүрсиніп, екі ийінінен дем алып атырғандай белгі берді. Тынахмет бұл адамның өз әкесі Ысмайыл екенін де ашық

биледи. Бірақ ол қайсы туста жатырыпты. Қандай халда. Толық аңлай алмай тұрыпты.

**Тапсырма 11 ►** Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салыстырып, этнолингвистикалық талдаулар жасаңыз. Қарақалпақ тіліндегі мақалдарды жаттаңыз.

• **Мақал-мәтелдер**

Ұлға – отыз үйден, қызға – қырық үйден тыйым.

Баланың ұяты – әкеге, қыз ұяты – шешеге.

Жақсының үлгісі – жанып тұрған шамдай.

Шешеннің сөзі – ағып тұрған балдай.

Елдің сәні – әкеге қарап өскен ұл, анаға қарап өскен қыз.

Ұлын өссе – ұлы жақсымен ауылдас,

Қызын өссе – қызы жақсымен қауымдас.

Жігіт адамға жетпіс өнер де аз.

Ата өнері – балаға мұра.

Өз күшіне өзі сенген жерде ғана адам жеңіске жете алады.

Еңбек түбі – зейнет.

Еңбек етсең – емерсің.

Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет.

Өнер – ағып жатқан бұлақ,

Білім – жанып тұрған шырақ.

Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл.

Адам болар бала алысқа қарайды.

• **Нақыл-мақаллар.**

Атажұрттың топырағы да алтын.

Патша алым болса, жұрты озар,

Патша залым болса, жұрты тозар.

Ұатан-күшпен сулыұ, алтыннан қымбат.

Жауға жаныңды берсең де, сырыңды берме.

Жери байдың ели бай.

Бірлік бар жерде тирилік бар.

Байлық-байлық емес,

Бірлік-байлық.

Жалғыз жүріп жол тапқанша,

Көпшилік пенен адас.

Кенесіп пішкен тон ұзын болар.  
Бирін күйрық, бирін канат бол.  
Үйленетуғын жиіт үйде тұрмас.  
Қарындасы бардың қадірі бар.  
Баланы тапқан емес, баққан билер.  
Жырау жөнсіз сөйлемес.  
Уақыт күтіп тұрмас.  
Қыста шабағым, алдымда табағым.  
Уақтың кетті-бақтың кетті.  
Бүгін шынар, уақты жетсе қулар.  
Бүгінгі исти ертеңге қойма.

*(Қарақалпақ фольклоры. 88-100 том. Нөкіс.2016).*

**Тапсырма 12 ►** Қазақ және карақалпақ тіліндегі жұмбақтарды оқып, этнолингвистикалық талдаулар жасаңыз.

• **Жұмбақтар**

Зер-зер кілем, зер кілем,  
Көгерейін десем зор кілем.

*(Жер)*

Бірсудің бір ұлы бар және қызы,  
Біледі ол екеуін дүние жүзі.  
Ұйықтайды ұлы түнде, қызы күндіз,  
Жүргенде білінбейді басқан ізі.

*(Ан, күн)*

Меккеде бір ағаш бар түбі жуан,  
Он екі ұл, алпыс қызы бір күні туған.

*(Адам, 12 мүше, 60 тамыр)*

Қиын-қиын қиялар,  
Қиынға жұмыртқа ұялар.

*(Ми)*

Базардан алып келген қара арғымақ,  
Бітіпті төбесіне екі құлак.  
Белбеуін тоғыз жерден буынып ап,  
Сөйлейді азаматтан бұрынырақ.

*(Домбыра)*

Жағасы қырғи қабақ ойдым-ойдым,  
Жаксының атын естіп көрмей қойдым.

Жаксының атын естіп көрмесем де,  
Ол рас атын естіп қолым қойдым.

*(Тәңірі)*

Әлемге аян екі батыр,  
Жеңе алмай бірін-бірі келе жатыр.

*(Қыс пен жаз)*

Ақ сандығым ашылды,  
Ішінен жібек шашылды.

*(Күн)*

Үш жүз алпыс қызым бар палуан туған,  
Бұлардың қырық сегізі ұлы молда қуған.  
Он екі ұл осылардың қасында бар,  
Қыздары бәрінен бұрын туған.

*(360 күн)*

Дос үйіне түстің бе?  
Түгел соның үстінде,  
Тастамайды ешкім де.

*(Тамақ салған дастарқан)*

Таңертен төрт аяқты,  
Түсте екі аяқты.  
Кешке үш аяқты,  
Қозғалмасқа таяпты.

*(Адамның сәбилік, есейген, қартайған шағы)*

Үлкен үй,  
Үлкен үйдің ішінде кішкене үй,  
Кіші үйдің ішінде балуан би.

*(Ауыз, тіс, тіл)*

Жапанда бір бәйтерек шыққан биік,  
Тұрады жапырағы жерге тиіп.  
Үстінде он қаршыға қанат қағып,  
Тұралы екі сұлу оны бағып.

*(Адам, адам мүшелері)*

Дүниеде күйме көрдім төрт аяқты,  
Дөңгелек екі басы ай сияқты.  
Құс төсек, мамық жастық біреу жатыр,  
Көңілі уайымсыз жай сияқты.

*(Бесік, бала)*



• Жумбақлар

Тийсең тийеди, тиймесең үндемейди. *(Дуулар)*

Узын терек, саясы жок. *(Көше)*

Жаксы айлар, кәдир түнлер. *(Ораза)*

Үсти пүтин, иши түтин. *(Тандыр)*

Өзи бiреу, кулағы төртеу. *(Казан)*

Қайнап турған тас көрдим. *(Күүман)*

Көзиниң жасы өзіне дәри. *(Шал)*

Бес бармағы бар, тырнағы жок. *(Қолқан)*

Ерте турдым, еки айры жолға түстим. *(Шалбар)*

Ханымның белбеуи беліне жетпейди. *(Билезик)*

Өзіне карасам, өзіме карайды. *(Айна)*

Көк аспанда жарты нан. *(Ан)*

Дүньяда тамырсыз зат не? *(Тас)*

Көк көйлекке көз қойдым. *(Жұлдыз)*

Жылт етти, жылғаға түсти. *(Суу)*

Далада тау, үйде суу. *(Кар)*

Ақ таяғым атқан сайын алға кетеди. *(Жел)*

Түтини бар, оғы жок. *(Думан)*

Қырык қозымды бір солқымға байладым. *(Жүзим)*

*(Қарақалпақ фольклоры. 88-100 том. Нөкис.2016).*

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абул-Фазл Бейхакки. История Масуда (1030-1041). –Ташкент. 1962.
2. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: Санат, 1995. –135 б.
3. Аралбаев Ж.А. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. –Алматы: Ғылым, 1988. – 43 б.
4. Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – Москва, 1986. – №2. – С. 6-12.
5. Dawletov M., Abdinazimov Sh. Qaraqalpaq tili imla qagiydalarinin jynagi. – Nokis: 2016.
6. Дмитриев Н.К. Строй тюркских языков. – Москва: Издательство восточной литературы, 1962. –588 с.
7. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым. 1976.
8. Ескеева М.Қ. Қазақ тілі. Оқу құралы. –Астана: Регис-Т, 2000. –305 б.
9. Ескеева М.Қ. Қазақ жазуының тарихи негіздері. –Астана: ЕҰУ, 2002. – 132 б.
10. Ескеева М.Қ. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. –Алматы: Арыс, 2007. –360 б.
11. Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Пресс, 2011. – 420 б.
12. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998. –201 б.
13. Исаев С. Сөз таптары// Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б. 363.
14. Камалов С. К вопросу о формировании каракалпакского народа// Вестник КК ОЛН РУз. 1997. 4. – С. 114-121.
15. Конопов А.И. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века. –Ленинград: Наука, 1986.

- 16.Кубрякова Е.С. О формообразовании, словоизменении, словообразовании и их соотношении // ИАН, Серия литература и язык. Т. 35. - Москва: Известия АН СССР, 1976. – №6. – С. 516-520.
- 17.Кубрякова Е.С. О формообразовании, словоизменении, словообразовании и их соотношении // ИАН, Серия литература и язык. Т. 35. - Москва: Известия АН СССР, 1976. – №6. – С. 516-520.
- 18.Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграф, 2002. – 783 б.
- 19.Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: ІДК-ТІРО,1998. – 612 б.
- 20.Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика. Ұжымдық монография (Авт: Сағындықұлы Б., Досжан Р., Ескеева М., Сабыр М., Сүйеркүл Б.). – Алматы: «Алдонғар» МДК, 2013. ТОМ I. Бірінші кітап. – 236 б. ТОМ I. Екінші кітап. –348 б.
- 21.Маманов Ы.Е. Қазіргі казак тілі (лекциялар жинағы). – Алматы,1973.
- 22.Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жанғырту. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы» ЖШС, 2010. – 260 б.
- 23.Мудрак О.А. Классификация тюркских языков и диалектов: (с помощью методов глоттохронологии на основе вопросов по морфологии и исторической фонетике). –Москва: РГГУ, 2009.
- 24.Рашид-ал-дин. Сборник летописей. –Т.II.V. – Москва, 1960.
- 25.Саурықов Е.Б. Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының қалыптасуы. – Тараз, 2009.
- 26.Серебренников Б.А., Галжиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. –Баку, 1979.
- 27.Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі казак әдеби тілі (Морфология және синтаксис). – Алматы, 1991.
- 28.Толстов С.П. По следам древне хорезмской цивилизаций. – Москва – Ленинград, 1948.
- 29.Тектігүл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. –Алматы: Ғылым, 2002. – 330 б.
- 30.Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002.– 520 б.
- 31.Түймебаев Ж. Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш. – Алматы,1991. –85 б.
- 32.Түймебаев Ж., Ескеева М. Түркітанудың тарихи-лингвистикалық негіздері. –Астана: ЕҰУ, 2015. –405 б.
- 33.Усманова М.Г. Грамматика банкирского языка в таблицах и схемах. –Уфа: Китап, 2007. –112 с.

- 34.Хабичев М. Карачаево-балкарское именное формообразование и словообразование. –Черкесск, 1977.
- 35.Ыскаков А. Қазіргі казак тілі. Морфология. –Алматы, 1991. –389 б.
- 36.Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. –Ленинград, 1977.
- 37.Юлдашев А. Қаракалпак тілі/Түркі тілдері. Энциклопедиялық басылым. –Астана: Фолиант,2002. –Б.266-276.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
--------------	---

### БІРІНШІ БӨЛІМ

#### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ФОНЕТИКАСЫ

§1 Графика және әліпби .....	10
§2 Фонетика-фонологиялық жүйе .....	14
§3 Дауысты дыбыстар жүйесі.....	17
§4 Дауыссыз дыбыстар жүйесі.....	21
§5 Дыбыс сәйкестіктері .....	27
§6 Сингармонизм заңдылығы .....	33
§7 Буын .....	35
§8 Екпін.....	37

### ЕКІНШІ БӨЛІМ

#### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ МОРФОЛОГИЯСЫ

§1 Морфологиялық құрылым.....	42
§2 Түбір морфема .....	44
§3 Қосымша морфема.....	46
§4 Сөз таптары .....	61
§5 Зат есім .....	65
§6 Зат есімдердің көптік категориясы.....	72
§7 Зат есімдердің тәуелдік категориясы .....	74
§8 Септік жалғаулары .....	78
§9 Зат есімдердің жіктік жалғауы .....	91

§10 Есімдік.....	96
§11 Сын есім.....	108
§12 Сан есім.....	118
§13 Етістік .....	128
§14 Етістіктің есімше және косемше тұлғалары.....	139
§15 Етістіктің етіс және рай категориялары .....	142
§16 Шақ категориясы.....	156
Мәхәл категориясы .....	156
§17 Көмекші етістіктер.....	184
§18 Үстеу .....	187
§ 19 Шылау .....	193
§20 Модаль сөздер .....	200
§21 Еліктеуіш .....	205
§22 Одағай .....	207

### ҮШІНШІ БӨЛІМ

#### ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИНТАКСИСІ

§1 Синтаксистік құрылым.....	209
§2 Сөйлем мүшелері .....	210
§3 Сөйлем.....	218

### ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

#### ТӘЖІРИБЕЛІК - ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Зертханалық сабақтарға арналған тапсырмалар.....	228
Пайдаланылған әдебиеттер .....	243

«Қазығұрт» баспасы ЖШС-нің президенті –  
Темірғали Мұратбекұлы Көпбаев

ТҮЙМЕБАЕВ Ж., ЕСКЕЕВА М., АБДИНАЗИМОВ Ш.

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ  
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ  
ГРАММАТИКАСЫ  
(КЕСТЕЛІ-СИПАТТАМАЛЫ)  
Оқу құралы**

Редакторы Сәлима Қалқабаева  
Суретшісі Жәмилә Айдос  
Беттеген Ермек Мейірбеков

Басуға 05.02.2018 ж. қол қойылды.  
Қалыбы 66x96 1/16. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі «Palatino Linotype».  
Көлемі 15,5 б.т. Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс №3259.

«Қазығұрт» баспасының компьютер  
орталығында теріліп, беттелді.  
«Қазығұрт» баспасы, Алматы қаласы,  
Абай даңғылы, 143-үй, 405 кенсе.  
E-mail: kazygurt@list.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.